

Қайрат ҒАБИТХАНҰЛЫ

ҚАЗАҚ МИФОЛОГИЯСЫНЫҢ  
ТІЛДЕГІ КӨРІНІСІ

Л 2006  
4899К





**Қайрат ҒАБИТХАНҰЛЫ**

**ҚАЗАҚ МИФОЛОГИЯСЫНЫҢ  
ТІЛДЕГІ КӨРІНІСІ**



**АРЫС**

Алматы

2006

~~ББК 81. 2 Қаз я 7~~

~~F 42~~

Баспаға А. Байтұрсынұлы атындағы  
Тіл білімі институтының ғылыми кеңесі ұсынған

Жауапты редакторы  
Ұлттық Ғылым академиясының академигі,  
Ә. ҚАЙДАР

Пікір жазғандар:  
филология ғылымдарының докторы, профессор  
Е. ЖАНПЕЙІСОВ  
филология ғылымдарының кандидаты, доцент  
Р. ШОЙБЕКОВ

**F 69** **Ғабитханұлы Қ.** Қазақ мифологиясының тілдік  
өрінісі. – Алматы: “Арыс”, 2006. – 168 бет.

**ISBN 9965-17-310-9**

Кітапта қазақ халқының ежелгі дүниетанымы, мифологиясы, діни нанымдары нақты материалдар, оның ішінде қытай, араб, т.б. тілдердегі тарихи жазбалар негізінде жан-жақты қарастырылып, тотемизм, анимизм, фетишизм, магия, т.б. ежелгі наным-сенімдер және дәстүрлі діндердің түркі халықтарына таралу тарихы мен деңгейі сөз болады. Сонымен бірге осы негізде пайда болған тілдік көріністердің (жеке сөздер, сөз тіркестері, фразеологизмдердің) табиғаты мен уәждері сараланады.

Еңбек студенттер мен аспиранттарға, филологтар мен этнологтарға, мәдениеттанушылар мен дінтанушыларға, сондай-ақ жалпы оқырман қауымға арналады.

ББК 81. 2 Қаз я 7

F 4603020102  
446(05)-06

**ISBN 9965-17-310-9**

© Ғабитханұлы Қ., “Арыс”, 2006

# 1. ЭТНОЛИНГВИСТИКА ЖӘНЕ ДІНИ ЛЕКСИКАНЫҢ ЗЕРТТЕЛУІ

## 1.1. Этнолингвистиканың зерттелуі

Тіл білімі мен оның салаларын тілші қауым бірнеше ғасырдан бері фонетика, лексикология, грамматика, семантика, диалектология, салыстырмалы лингвистика, тарихи лингвистика, сипаттамалық (компаративтік) лингвистика, құрылымдық (структуралық) лингвистика, жалпы теориялық лингвистика, т.б. тармақтарға таратып, таза тілдік тұрғыда қарастырып келді.

Алайда XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басынан бастап зерттеуші ғалымдар тілдік құбылыстарды дәстүрлі бағытта ғана қарастырып қоймай, оны басқа да қоғамдық ғылымдармен (тарих, дін, география, социология, культурология, археология, психология, т.б.) салыстыра отырып, ауқымды зерттеулер жүргізді. Осының нәтижесінде психоллингвистика, социоллингвистика, лингвомәдениеттану, т.б. тәрізді гуманитарлық ғылым салары пайда болса кейін келе, жаратылыстану, техникалық ғылымдар, оның ішінде практикалық, эксперименттік және математикалық тәсілдемелердің тіл ғылымымен байланысынан қолданбалы лингвистиканың салалары болып есептелетін статистикалық лингвистика, компьютерлік лингвистика, инженерлік лингвистика, автоматты лингвистика, есептеу лингвистикасы, т.б. жарыққа шықты. Қазірде тіл ғылымы өзге қоғамдық, жаратылыстану және техникалық ғылымдар арасында орны айқындалып бекемделіп, өмірдің барлық саласында маңыздылығын танытып отыр. Адамдар тіл

ғылымының жетістіктерін пайдалана отырып, өзге ғылымдар саласында көрнекті табыстарға қол жеткізуде. Мұның басты себебі тілдің өзіне тән сәйкестік, жалпылық қасиеттерінен деуге болады. Демек, қазір көпшілік қауым “тіл деген не?” деген сауалына бұрынғыдай “тіл – адамдардың қатынас құралы” деген біржақты ұғымнан гөрі оның нақты, күрделі құбылыс екенін тани бастады. Солардың қатарына қазақ тіл ғылымында енді-енді қалыптасып келе жатқан этнолингвистика саласы да жатады.

Дүниедегі барлық қоғамдық құбылыстар мен табиғи құбылыстар ішінде тіл мен тұқым (нәсілдік белгі, қан) – өр ұлыстың ата-бабаларынан өзінен кейінгі ұрпақтарға жалғасатын, оңайлықпен өзгермейтін негізгі белгілер саналады. Тіл тарихы ұлт тарихынан да ұзақ. Белгілі халық немесе оны құраған ру-тайпалар тарихта ортақ тіл, территория, экономика, психикалық жақтардан бірлікке келіп, ұлт болып қалыптасып, тарих сахнасында өзіндік орнын иеленуде тілдің орны ерекше болды. Ұлттық тіл болмайынша, ұлттық мәдениеттің қалыптасуы, оның ғасырлар көшіне ілесіп, бүгінгі күнге дейін жетуі мүмкін емес дейміз.

Бүгінде “мәдениет” сөзіне мынадай екі түрлі анықтама беріліп жүр: мәдениет – адамзаттың өзіндік даму тарихында жаратқан барлық рухани және заттық байлығының жиынтығы. Әрине, бұл ұғым – бүгінгідей дамыған өркениетті мәдениетті емес, адамзаттың ең ертедегі мифологиялық, аңыздық ертегілерінен бастап, оның қазіргідей озық ғылыми-техникалық жетістіктері мен мәдениеттерін тұтастай қамтиды. Бұл – “мәдениет” сөзінің кең мағынадағы анықтамасы. Мәдениет жөніндегі келесі бір ұғым: мәдениет дегеніміз – қоғам дамуының әрбір басқышы мен кезеңдеріндегі адамдардың идеологиясы және соған сәйкес заңдары, тәртібі мен ұйымдық құрылымы. Бұл – оның тар көлемдегі анықтамасы.

Жоғарыда мәдениетке берілген анықтаманың қай тұрғысынан қарағанда да, мәдениет тілге қатыссыз болмайды. Бір қырынан алғанда, мәдениет пен тілдің байланысы мазмұн мен форманың байланысы тәрізді. Тіл – мәдениеттің өмір сүру формасы болса, мәдениет – оның ішкі мәні. Осы тұрғыдан алғанда тіл мен мәдениетті бір-бірінен бөліп қарауға болмайтын тұтас бір дүние деуге болады.

Тіл – қоғамдық өмірдің сәулесі. Одан қоғамдық өмірдің кез келген өзгерістері айқын көрініс табады. Әсіресе тілдегі лексика бұл жағында өте сезімтал болып, қоғамның саяси, экономика, мәдениет, ағарту, өнер, идеология, мораль, т.б. жақтарындағы өзгерістер сөз жоқ лексикада бейнеленеді. Демек, ұлттық тіл, халықтық лексикаға талдау жасау арқылы халықтың өткені мен бүгіні, қоғам даму тарихынан, жалпы мәдениетінен мағлұмат ала аламыз.

Тіл мен мәдениеттің байланысы, тілдің мәдениетті сақтау, сипаттау, жарыққа шығарудағы ролі туралы белгілі ғалымдар әр кездері өз бағаларын беріп келеді. Германиялық Jakob Grimm өзінің “Гримнің балалар ертегісі” деген танымал еңбегінде: “Біздің тіліміз – біздің тарихымыз” [1], – дейді. Ол практикалық тіл ғылымында тарихи-салыстырмалы зерттеу әдісін қолдана отырып, ұлт тілі – ұлт тарихының жанды суреті, дәлел-айғағы болады, бір ұлттың тілінде сол ұлттың экономикалық құрылымы, заңы, салт-дәстүр, материалдық мәдениеті, тарихта басқа ұлттармен болған түрлі байланыстары көрініп тұратындығын дәлелдейді. Сонымен бірге “Неміс тілінің тарихы” деген еңбегінде де “... қаңқа сүйек, ескерткіш мұра, мола-қабірден де артық, ұлттың тарихын әсерлі де жанды, нақ бейнелейтін, сипаттап беретін нәрсе бар, ол – сол ұлттың тілі. Тіл – адамзат өмірінің айнасы” [2], – деп жазады.

Американдық ғалым Wilfred Funk “Сөздің этимологиясы және олардың аңыздық ертегісі” деген еңбегінде: “Тілдегі лексика құдды айна тәрізді, ол арқылы

бір ұлттың өткен өмірімен танысып білуге болады” [3], – десе, E.Sarıg “Тіл” деген еңбегінде: “Тілдің бір тұғыры бар... ол мәдениеттен тыс өмір сүрмейді. Атап айтқанда, ол дәстүр болып жалғасқан, біздің тыныс-тіршілігімізбен мүлде қабысып кеткен салт-дәстүрлер мен наным-сенімдерден айырыла алмайды”. “Тілдегі лексика өзі қызмет етіп отырған ұлттың мәдениетін сол қалпында көрсетіп береді, осы тұрғыдан алғанда, тіл тарихы мен мәдениет тарихы параллель, қатар дамиды” [4], – дейді.

Л. Р. Палмер болса, “Тіл тарихы мен мәдениет тарихы тығыз байланысты, олар бірі-біріне дәлел-сипат болып, бірін-бірі түсіндіреді” [5], – дегенді айтады.

Академик Ә. Қайдаров: “Кез келген тілдің қоғамда өзара байланысты үш түрлі қызметі бар. Оның басты қызметі – коммуникативтік, яғни қоғам мүшелерінің өзара қарым-қатынас жасап, бір-бірін түсінуі, пікір алысуы үшін қажеттігі. Екінші – көркем шығарма тіліне тән, адам баласына образ арқылы ерекше әсер ететін, ләззат сыйлайтын эстетикалық қызметі. Тілдің бұл қызметі, әрине, қаламгердің шеберлігіне, сөз саптау мәдениетіне тікелей байланысты. Ал тілдің үшінші қызметі, ғылыми терминмен айтқанда – аккумулятивтік деп аталады. Яғни ол – тілдің ғасырлар бойы дүниеге келіп, қалыптасқан барлық сөз байлығын өз бойына жиып, сақтап, оны келешек ұрпаққа асыл мұра ретінде түгел жеткізіп отырған игілікті қасиеті.

“...Тіл фактілері мен деректері – тұла бойы тұнып тұрған тарих. Сондықтан этностың өткендегі тарихы мен этнографиялық байлығын біз ең алдымен содан іздеуіміз керек” [6], – дейді.

Қытай ғалымы Луо Чаңпи: “Тіл-жазу дегеніміз бір ұлттың мәдениетінің өзегі, түп қазығы, ұлттың өткендегі мәдениеті тіл-жазуға сүйеніп тарайды, болашаққа да сонымен жетеді”, – дейді [7]. Демек, қандай тілде болмасын онда сол халықтың бүкіл тыныс-тіршілігі, оның шын мәніндегі болмысы мен дүние танымы сақталған.



Халықтың ертедегі мәдениетін зерттеу, білу әрі бүгінгі күнгі мәдениетті игеру үшін ең алдымен тілдің табиғатын білу, оның күдіретін түсіну керек. Этнолингвистика ғылымының негізгі міндеті — тіл байлығы негізінде халықтың рухани, мәдени өмірінің тарихын, салт-дәстүрі мен ұлттың дүние танымын жан-жақты ашып көрсетіп, оны халыққа түсіндіру.

Сөз байлығын этнолингвистика тұрғысынан зерттеудің жалпы тіл ғылымында екі ғасыр мөлшерінде тарихы бар. XVIII ғасырдың соңы мен XIX ғасырдың басында жасалған И.Г. Гердер, В. Гумбольдт, М. Брэал, Ж. Гримм еңбектерінен этнолингвистикалық зерттеу әдістері мен нәтижелерін көреміз. Жоғарыда аты аталған ғалымдардың идеяларын XX ғасырдың басында Э.Сепир (E. Sapir) бастаған ғалымдар одан әрі дамытты.

Дегенмен де этнолингвистиканың тіл ғылымының ішінде жеке сала ретінде қарастырылып, қалыптаса бастауы XX ғасырдың 20–30-жылдарынан кейінгі кезең. Бұл кездерде англиялық Л.Р. Палмер, швециялық Ф. де Соссюр, польшалық В. Маленовский, американдық Ф. Боас, Б.Уорф, т.б. ғалымдардың үлкен үлес қосуының нәтижесінде этнолингвистика дербес ғылымға айналды.

Қазақ тіл білімінде 70-жылдардан бастап Ә.Қайдаровтың [8] басшылығымен этнолингвистиканы зерттеу қолға алынды. Қазірге дейін біршама жұмыстар қарастырылып, өзіндік нәтижесін берді. Атап айтсақ, академик Ә. Қайдаровтың жасап жатқан “Қазақтар: ана тілі әлемінде” атты 4 томдық этнолингвистикалық сөздігі өз алдына бір төбе, сонымен бірге ғалымның жетекшілігімен жазылып, қорғалған диссертациялар да бір шама. Бұлардың қатарына Ә.Ахметов, Р.Н.Шойбеков, Ж.А.Манкеева, Р.Б.Иманалиева, А.Ж.Мұқатаева, С.К.Сәтенова, А.Ш.Жылқыбаева, Қ.Аронов, Б.Уызбаева, М.Мұсабаева, т.б. еңбектерін атауға болады.

Түркі тілдеріндегі табу мен эвфемизмдердің

этнолингвистикалық және этномәдени жүйесі, негіздері, классификациясы, жасалу жолдары, тіл байлығын дамытудағы орны, тіл мәдениетіне тигізетін әсері баяндалған Ә. Ахметовтің [9] еңбегі; Халық ауыз өдебиеті мен XV–XIX ғасырлардағы ақын-жыраулар тіліндегі деректерге тарихи-лингвистикалық талдау жасау арқылы қазақ халқының материалдық мәдениетін бейнелейтін лексика-семагтикалық топтарға этнолингвистикалық зерттеу жүргізген Ж.Манкееваның [10] еңбегі; Қазақ тіліндегі қос тағанды фразеологизмдерге жан-жақты этнолингвистикалық талдау жүргізген С.Сәтенованың [11] зерттеулері мен басқа да жұмыстар [12] қазақ этнолингвистикасына қосылған олардың өзіндік үлестері деуге болады.

Қазақ этнолингвистикасын зерттеуде ғалым Е.Жанпейісов [13] пен М.М.Копыленконың [14] еңбектерінің орны айрықша екенін атап өту керек. Е.Жанпейісов қазақтың этнокультурологиялық лексикасын алғаш рет зерттеп, монография жазса, М.М.Копыленко этнолингвистикаға қатысты ұғым-түсініктерді жүйелеп, бір ізге түсіруде еңбек етті.

Бүгінде қазақ тіл білімінің осы саласынан еңбектер жазып, ізденушілер қатары да қауырт өсіп келеді. Демек этнолингвистика қазақ тіл білімінде дербес сала ретінде қалыптасып үлгерді деуге болады.

## **1.2. Діни лексиканы этнолингвистикалық тұрғыдан зерттеудің ерекшелігі**

Этнолингвистика сипаттамалы тіл ғылымы мен құрылымдық тіл ғылымы сияқты, таза тілдік фактілердің өзін ғана зерттеуді мақсат етпейді. Ол тілдік фактілерді тіл және халықтық мәдениетпен байланыстыра қарастыруды мақсат етеді.

Қазақ халқының әр дәуірдегі рухани мұраларын әр қырынан зерттеу Ш.Уәлихановтан басталып, Ә.Марғұлан,

Ә.Қоңыратбаев, С.Аманжолов, М.Әуезов, Р.Сыздық, Н.Мыңжани, Су Бихай, К.Байпақов, Т.Жанұзақов, Х.Арғынбаев, Р.Бердібаев, С.Қасқабасов, Ө.Жәнібеков, С.Қасимов, Т.Машанов, С.Ақатаев, т.б. еңбектерінде өз жалғасын тауып, өзіндік мақсатқа қарай (этнографиялық, археологиялық, тарихи, фразеологиялық, өнертану, т.б.) жан-жақты талданады.

Этнолингвистика өзінің бітім-болмысы, табиғаты жөнінен алғанда тарихи категория болып табылады. Себебі, ол халықтың қазіргі қалпын емес, көбінесе өткенін зерттейді. Ал халықтың өткені – оның көне мәдени лексикасынан анық көрінеді. Ол үшін лексиканың бәріне емес, оның ішінде де қазіргі түрлі тіл материалдарының ішінен тарихи, мәдени мәні бар, осы негізде жүйелеуге келетіндеріне баса назар аударады. Қазақ тіліндегі діни наным-сенімге байланысты лексика оның ең шұрайлы саласы. Бұл, негізінен, сол халық және сол халықты құраған ру-тайпалар мекен еткен аймақтағы рухани мәдени лексикасын қамтиды. Мұндай лексиканы этнолингвистикалық зерттеудің ғылыми жолы – тарихи-салыстырмалы өдіс және этимология.

Әрине, бұл үшін тілдік деректерді мифология, фольклористика, этнология, диалектология, этнография, тарих, дін, т. б. салалардағы зерттеу нәтижелеріне, олардың материалдарына сүйеніп, пайдаланып, қарастыру керек. Бұл туралы этнолингвист-ғалым Ербол Жанпейісов: “Этнолингвистика этносқа қатысты культурологиялық, этнологиялық, мифологиялық, лингвистикалық және фольклористикалық зерттеулердің синтезі іспетті. Этнолингвистика бұл зерттеулерді өзара байланыстыра, сабақтастыра қатар алып жүруді, үйлестіре жүргізуді талап етеді” [15], – дейді. Осы тұрғыдан алғанда этнолингвистиканы тіл ғылымының өзге ғылымдармен тоғысатын саласы деуге болады. Ал қазақ тіліндегі діни наным-сенімге байланысты лексиканы этнолингвистикалық тұрғыдан талдауда да жоғарыда аталған зерттеу тәсілдері

қолданылады. Діни лексиканы зерттеу — дінді зерттеу емес, ол тіл арқылы халықтың ертедегі рухани байлығын жан-жақты қарастыру, байымдау болып табылады.

### 1.3. Діни лексиканың этнолингвистикалық аспектілері

Жалпы мәдениет, оның ішінде рухани мәдениет адамдардың өмір сүру тәсілі, дүниеге көзқарасы, дінге сенімі, психикалық ерекшелігі, моральдық өлшемі, танымдық қабілеті, т. б. ұғымдарды қамтиды. Тіл — қарым-қатынас құралы болуымен қатар, қаймағы бұзылмаған мәдени игілік, мәдениеттің бір формасы. Егер бізге жетіп отырған адамзат мәдениетінің ішінде тарихы ең ұзақ, ең жүйелі дамыған мәдениетті атауға тура келсе, расында да алдымен тілдің аталатындығы сөзсіз.

Тіл — мәдениеттің барлық саласының дамуындағы дәнекері. Адамзат қоғамы тілдің осы қасиеті арқылы дамыды. Атап айтқанда, қандай халық болмасын оның ұлттық тілі сонау ру-тайпалық дәуірінен бастау алып, сол тұстардан мәдениетпен бірге өмір сүріп, бірге оны өзара ұштастырып, бүгінге дейін жетуіне негіз болды.

Қазақ тіліндегі діни наным-сенімге байланысты қалыптасқан лексикада үлкен мән-мазмұн — халықтың өмірі мен мәдениеті сақталған. Жалпы діни лексиканы, оның ішінде діни наным-сенімге байланысты тұрақты тіркестерді таза тілдік тұрғыдан зерттеу арқылы олардың сыр-сипатын жан-жақты толық ашу мүмкін емес. Осы себепті тіліміздегі дінге байланысты жеке сөздер мен тұрақты тіркестерді сөз еткенде, оған байланысты тілдік деректермен бірге экстралингвистикалық факторларға да ерекше назар аударуымыз керек.

Тарихта шығыс пен батысты байланыстырған “Жібек жолы” атты сауда-керуен жолының бел ортасын алып жатқан Орта Азия, қазақ даласы тек сауда көпірі рөлін атқарып қана қойған жоқ, түркілерге тән өзіндік мәдениеттің қайнаған ортасы болды. Сонымен бірге,

көшпелілерге тән түркілік мәдениет өзге мәдениеттермен терең араласты.

Тарихта мәдени байланыстардың көбі алдымен діни мәдениеттен бастау алғаны шындық. Алайда діни болсын, өзге болсын барлық араластықтардың тілсіз жүзеге асырылуы мүмкін емес еді. Сондықтан батыстан да, шығыстан да келушілер, алдымен Орта Азия, қазақ даласында жасайтын халықтардың тілі мен мәдениетін үйренді. Әрі өз тілдерін осында әкеліп, мәдениеттерін таратты. Әйгілі “Қыпшақ тілінің сөздігі” соның айғағы. Осындай байланыс, барыс-келістер нәтижесінде Орта Азия, түркілер даласы өзінің төл мәдениетін сақтай отырып, батыс пен шығыс мәдениеттерін тиісінше қабылдады. Бір қазанды қайнатқан ошақтың үш бұты секілді өзінше ерекшеленетін әлемдік мәдениеттің үлкен бір ортасына айналды. Ән-би, музыка, киім-кешек үлгілерінен бастап, әдебиет пен өнердің, түрлі тілдер мен наным-сенім діндердің, т.б. өзара ауыс-түйістерінің ортақ дамуына жағдай туғызды. Осы өңірлерде арғы тарихтан бері жасап келе жатқан бүгінгі түркі тілдес халықтар оның заңды жалғастырушысы, мұрагері болып қалды. Сонау көне түркі заманынан басталған, қазіргі түркі халықтардың тілдерінде бар санскрит, араб, парсы, орыс, латын, қытай, т.б. тілдерінен қабылдаған толып жатқан кірме сөздер мен сөзге байланысты түрлі ұғымдар соның айғағы. Бұдан бұтқа біз білмейтін тарихта қолданылып, қазір тек аты ғана қалған тілдер мен жазулар қаншама. Зерттеушілердің қытуына қарағанда, қазіргі кезде белгілі болып отырған, ал бұрын осы өңірде қолданылған, жазба ескеркіштердегі жазулардың түрі 20-дан асады. Бұл жазулар айрым-айрым Арами (Arami), Брахми (Brahmi), Хуа Шиа (Hua xia), т.б. жазу жүйелеріне жатады. Бұл жүйедегі жазулармен Алтай тілдері жүйесіне кіретін түркі тілдері, семит-хамит тілдері жүйесіне кіретін тілдер, үнді-европа тілдері жүйесіне кіретін тілдер, Қытай-Тибет жүйесіне кіретін тілдер де жазылған. Оларда көне дәуірлік дін, тарих, география,

емшілік, тіл-әдебиет, бал ашу, диханшылық, шаруашылық, бағбаншылық, заң, т. б. мазмұндар қамтылған. Оған дүниежүзілік дін болып саналатын ислам діні, будда, христиан дінімен қатар шаманизм, зороастризм, манихейизм және діндері жатады. Сонымен бірге тау, күн, ай, дәрия сияқты табиғат заттары мен құбылыстарын киелендіріп, оған табынатын ең алғашқы діни наным-сенімдер де кездеседі[16].

Түркі тілдес халықтардың төл ұрпағы саналатын, әрі сол өңірдің тарихи мұрагерінің бірі болып табылатын қазақ халқының тілі мен мәдениетіне жоғарыдағыдай жағдайлар әсер етпей қоймады. Сондықтан қазақ тілі мен тарихын, әдебиеті мен мәдениетін, т.б. наным-сенім, әдет-ғұрыптарын зерттеу үшін бұл жағына баса назар аудару керек.

#### **1.4. Діни наным-сенімнің қоғамдық рөлі және оның ерекшелігі**

Дін – күрделі қоғамдық құбылыс. Жалпы азамат тарихында оның қоғамға тигізген әсері, адамзат мәдениетінің әр саласындағы орны мен ықпалы ерекше. 90-шы жылдарға дейін қазақ елінде коммунистік идеологияның әсерінен шеттетіліп келсе де, қарапайым халық ішінде ашық түрде ұстанылып келген бірден-бір идеология – діни наным-сенімдер болып келді. Мұның өзі діннің өміршендігін, оның қоғамдық құбылыс ретінде тек атеистік үгіт пен әкімшілік шаралар қолдану арқылы халық өмірінен ығыстырып шығару мүмкін еместігін көрсетті. Оның себебі дін халықтың тарихында салт-сана, әдет-ғұрып, дүниетаным, т.б. қоғамдық өмірінің әр қырларымен біте қайнасып, тамырын тереңге жайған. Қазірге дейін оқыту, зерттеу орындарында діннің тарихы, теориясы және оның рухани мәдениеттегі ұстайтын орны рөлінен гөрі ғылыми атеизм мәселелері, атеистік тәрбие

жолдары көбірек қарастырылып, діни наным-сенімдер туралы толық мағлұматтар алуға және оны ғылыми тұрғыдан дұрыс түсінуге, зерттеуге мүмкіндік болмады. Діни наным-сенімдерді тек ескінің қалдығы деп аттонымызды ала қаштық. Сонымен төлім-тәрбие, ғылыми-зерттеу мәселесін тек қана атеистік негізде жүргізіп, ғасырлар бойы жалғасып, жиналып, жалпы халықтың рухани қазынасына айналған, рухани тұрмысымызға тұтастай қабысқан діни сенім-нанымдарды, әсіресе, оның жалпы халыққа тән адамгершілік нормаларымен біте қайнасқан құндылықтарын түгелдей теріске шығарып, адамдар арасындағы мейірбандылық, инабаттылық, жанашырлық, тазалық, имандылық, ар-ұят, т.б. толып жатқан игі қасиеттерден айырылып қала жаздадық. Оны халықтың рухани мәдениетімен байланыстыратын ғылыми зерттеулер мен талдаулар қазірге дейін дұрыс бағытта жүргізілмей келді.

Ұлт дегеніміз — тіл, мекендеген жер, экономикалық өмір бірлігі және психологиялық мінез-құлықтың ортақтығы негізінде қалыптасқан адамдардың тарихи, әлеуметтік, этникалық тұтастығы. Ұлтқа тән төрт үлкен қасиеттің ішінде психологиялық мінез-құлықтың ортақтық негізінде пайда болатын қасиет ол — ру-тайпалық мәдениетті, ұлттық салт-сана, дүниетаным, философия, дәстүрлі рухани мәдениет сияқтыларды өз ішіне алады. Діни наным-сенімдер де оның құрамдас бөлігі. Қазіргі үлкен діндердің түп-төркіні алғашқы діндер, яғни тотемизм, ата-баба аруағына табыну, фетишизм, анемизм, магия, аспан денелері мен отқа табыну сияқты адамзаттың ертедегі дүниетанымы мен түрлі наным-сенімдерінен басталған. Себебі дүлей табиғат ортасында алғашқы қоғамдағы адамдардың өмір сүруінің өзі оңай болған жоқ. “Табиғат дүниесі мен құбылыстарын тылсым санап, одан үрейлену, оған үміт артудан адамдардың табиғатқа, құбылыстарға, жан иесіне табынуы, оған жалбарынуы келіп шыққан. Табиғат заттары мен құбылыстарының

бөрінің жаны, иесі бар, рух мәңгілік, ол адамдарға әсер етеді” деп сену алғашқы діндердің идеялық негізі болып саналады. Жерлеу дәстүрінің діни наным-сенімдік түр алатындығы белгілі, көптеген археологиялық зерттеулердің нәтижесіне қарағанда, алғашқы діндер осыдан он мыңдаған жылдар бұрын пайда болғандығы дәлелденді.

Алайда, қоғамдық құбылыстардың бәрі де өзгереді және оның өзгеруіне түрткі күш болады, діни сенімдер де солай. Ол мәдени құбылыс ретінде адамзат қоғамымен бірге жасасып келгенімен, оның өзгерісі адамзат қоғамымен, адамның таным қуатымен, адамзаттың ғылыми мәдениетімен, рухани мәдениетімен және осылардың өзгерісімен тікелей байланысты. Діндердің даму тарихы осыны айғақтайды.

Қорыта келгенде, қазір де тарих, археология, тіл ғылымдарының ғылыми жетістіктері Орта Азия, Қазақстан жерінде кезінде қазақты құраған, оның этникалық құрамына кірген ертедегі ру-тайпаларда түрлі діндердің әр түрлі шарт-жағдайда, түрлі деңгейде өмір сүргендігін, таралғандығын, өзгеріске түскендігін дәлелдейді. Халқымыздың аң-құсқа табыну (тотемизм), рухқа табыну (анимизм), табиғат құбылыстары – күн, ай, жұлдыз, т.б. табыну (фетешизм), отқа табыну, сиқырлық (магия), ата аруағына, тәңірге, ұмайға табыну, шаманизм, т.б. наным-сенім сияқты дәстүрлі діни мәдениет болуымен бірге ислам, христиан, будда сынды әлемдік үлкен діндердің әр дәуірлерде түрлі деңгейде таралып, жалпы мәдениетімізге, оның ішінде тілімізге, жазуымызға, салт-дәстүрімізге белгілі ықпалын тигізгендігін жоққа шығаруға болмайды. Зерттеп отырған тақырыптың кейбір түйіндері де осыларды түсінгенде өз шешуін табады деп ойлаймыз. Сол үшін де әрбір тарауша, мазмұн басталарда алдымен қазақ халқының этникалық құрамына кірген ертедегі ру-тайпалардың қай дәуірде, қандай діндер мен наным-сенімдердің ықпалында болғандығын дәлелдеп, содан кейін соған байланысты тілімізде қандай сөздер, тұрақты тіркестер қалыптасқандығын қарастырамыз.



## Сілтемелер

1. *Jackob Grimm*. Kleinere Schriften. 1864. 1-т., 290-б.// *Жаң Юнлан*, Лексикологияға кіріспе (қытай тілінде). ҚХР. Хуа жуң өнеркәсіп институты баспасы. 1982. 7-б.
2. *Jackob Grimm*. Geshichte der Deutschen Sprache. 1880. 4-б.//*Соңда*. 8-б.
3. *Wilfred Funk*. Word rigin Their Romantic Strpies. 1950.7-б.
4. *Sapir E*. Language. 1921. (Қытайша аудармасы). Пекин, “Шаң у” баспасы, 1985. 196-б.
5. *Palmer L.R*. An Introdustion to Modern Linguistics. (Қытайша аудармасы). Пекин, “Шаң у” баспасы, 1983, 122-б.
6. *Қайдаров Ә.Т.* Этнолингвистика // “Білім және еңбек”, 1985. №10. 19-б.
7. *Чын Жан Мин*. Тіл, мәдениет және қоғамды жаңаша зерттеу. Қытай тілінде. Шанхай, 1989. 2-б.
8. *Қайдаров Ә.* Тарихи лексикология және этнолингвистика//Қазақ тілі тарихи лексикологиясының мәселелері. Алматы, 1988. 33-38-бб.; *Қайдаров Ә.* Этнолингвистика// “Білім және еңбек”, 1985. №10; *Қайдаров Ә.* Қазақ тілінің өзекті мәселелері. Алматы, 1998.
9. *Ахметов Ә.* Түркі тілдеріндегі табу мен эвфемизмдер. Алматы: “Ғылым”, 1995.
10. *Манкеева Ж.А.* Мәдени лексиканың ұлттық сипаты. Алматы: Ғылым, 1997.
11. *Сәтенова С.* Қазақ тіліндегі қос тағанды фразеологизмдердің тілдік және поэтикалық табиғаты. Алматы: Ғылым, 1977.
12. Академик Ә.Қайдаровтың жетекшілігімен қорғалған этнолингвистикалық зерттеулерге арналған кандидаттық диссертациялар.
13. *Жанпейсов Е.Н.* Этнокультурная лексика казахского языка. Алма-Ата, 1989; *Жанпейсов Е.* Этнолингвистика// “Ана тілі”, №3, 1994. 20 қаңтар.
14. *Копыленко М.М.* Основы этнолингвистики. Алматы, 1995.
15. *Жанпейсов Е.Н.* Этнолингвистика // “Ана тілі”, 1994. №3.
16. *Құрбан Уәли.* Біздің тарихи жазуларымыз. (ұйғыр тілінде). Үрімші, 1986. 107-б.

## 2. ЕРТЕДЕГІ ДІНИ НАНЫМ-СЕНІМДЕР ЖӘНЕ ОНЫҢ ТІЛДЕГІ КӨРІНІСІ

### 2.1. Тотемизм

“Тотем” сөзінің ғылым дүниесіне термин болып енгеніне екі ғасыр болғанымен, тотемдік сана тым ертеден келе жатқан, адамзаттың алғашқы сәби кезінен пайда болған, дүниежүзінің халықтарының көбінде бар мәдени құбылыс.

“Тотем” сөзі – “туыс, туысқан”, “оның тегі” деген ұғымды білдіретін солтүстік Америкадағы үндіс тілінің бір диалектісі. Оджибке тайпасының тілін алғаш рет ғылым дүниесінде жарыққа шығарып, қолданысқа енгізген англиялық саудагер, әрі аудармашы Gohn Lond. Ол өзінің әйгілі “үндістерге саяхат естелігі” деген еңбегінде (еңбек 1791 жылы Лондонда басылған) алғаш рет тотем сөзін қолданып, үндістердің тотемдік наным-сенімі, тотемдік ғұрып-әдеттерімен таныстырған [1]. Осыдан бастап “тотем” сөзі тотемдік сананы білдіретін ғылымдағы ортақ терминге айнала бастады. Мәселен, ағылшындар – *totemism*, француздар – *totemisme*, орыстар – *тотемизм*, т.б. Бұдан бұрын әр халықтың табынатын тотемдік дүниесі бірлікте болмағандықтан, яғни тотемнің негізгі тұлғасы – белгілі жануар не өсімдік, өлі табиғат дүниесі немесе табиғат құбылыстары болып, яғни әр халықта тотем әр түрлі болып, ғылымдар да сол бойынша оны түрлі атаумен атап, әр қырынан зерттеп келген болатын. Қазіргі кезде “тотем” деген ғылыми термин әбден жалпыланып кеткенмен, ол туралы таным, яғни тотемдік сана неге уәкілдік етеді? Қандай символ? деген мәселеге келгенде,

ғалымдардың пікірі бұрыннан бері бір ортаға тоғысқан емес. Мәселен, John Long: “Тотем дегеніміз – жеке адамдардың қорғаушы тәңірі” [2] дейді. Моргон: “Тотем — ру-тайпалық белгі немесе таңба” [3] десе, S.Freud: “Тотем дегеніміз – негізінен алғанда көбінесе ата-баба, кейде қорғаушы” [4] деген пікірді айтады. Американдық ғалым A.Goldenweiser болса: “Тотем дегеніміз – ертедегі адамдардың белгілі бір жануарды, құсты немесе басқалай затты өзіне ата-баба санауы немесе өзін осылармен белгілі бір байланыстамын деп қарауы” [5], – деген. Ал, С.А.Токарев: “белгілі бір қауымның белгілі бір нәрсемен тылсым қандастық әрі туыстық байланысы бар екенін сенуі. Міне, бұл нәрсе – тотем” [6], – дейді. Д.Е.Хайтун болса: “Тотем дегеніміз тайпаның ата-бабасы” [7], – дейді, т.б.

Жоғарыдағы зерттеушілердің тотемдік сана жөніндегі көзқарастары біркелкі болмауының өзіндік себебі де бар. Атап айтқанда, бұл олардың әрқайсысының өзі зерттеп отырған халықтарының табынатын тотемдерінің ұқсамауы, сонымен бірге зерттеушілердің зерттеу тәсілдері мен мақсаттарының бірдей еместігінен еді. Әрине, бұдан басқа да себептер бар. Мәселен, тотемдік сана туралы ең ерте кезде, көп халықтарда ұқсас таным болғанымен, кейін келе олардың кейбіреулерінде тотемнің мәні біртіндеп басқалай өзгеріске ұшырады немесе жартылай сақталды. Ал кейбіреулерінде оның алғашқы мазмұны сақталып қалып, осы күнге дейін жетті. Былайша айтқанда, әр халықтың тотемдік танымының өзінде айырмашылық сақталды, даму, өзгерту процесі болатындығы зерттеу кезінде ескерілмеді. Сөйтіп, зерттеушілердің тотемдік сана жөнінде танымы, зерттеу нәтижелері бірдей шықпады деуге болады. Бірақ тотем жөніндегі жалпы мазмұн мен таным жағынан олардың пікірлері үндесіп, бірін-бірі толықтырып отырды. Зерттеушілердің тотем жөніндегі танымдарын жинақтап, қорытып келсек: тотем – “туысқан”, тотем – “ата-тек”, тотем – “қорғаушы” дегендей тотемнің қазіргідей толық анықтамасы келіп шығады. Расында,

алғашқыда адамдар өздері тотем тұтқан тотем объектілерін өздеріне “туысқан”, “қандас” деген танымда болып, олармен соған сай қарым-қатынас жасаса, кейін келе оларды “ата-баба” өзінің арғы “тегі” деп түсінген. Сонымен бірге оларды өздерінің қорғаушысы деп танып, табына бастаған.

Адамзаттың көру, ойлау қабілетінде парық болмағанымен жаратылыстық орта, тіршілік шарт-жағдайы ұқсамағандықтан дүниені түрліше формасында, ұқсамаған қырынан таниды. Мәселен, дихандардың өмірі жер және егінмен байланысты; балықшылар тіршілігі теңіз, көл, өзен және аумен байланысты; малшылар өмірі малмен, көшпелі сахаралық тұрмыспен байланысты. Осыған орай әр халықта өзіне тән жаратылыстық орта мен тұрмыстық ортаға, кәсіпке байланысты дүниетаным мен салт-дәстүр қалыптасады. Мұндай өзгешеліктер әр халықтың мәдениеті, әдебиеті және тілінен табиғи түрде көрініс табады. Мәселен, көшпелі мал шаруашылығын негіз еткен қазақ халқының ертедегі рухани мәдениеті төрт түлік мал, көшпелі тұрмыс, табиғат дүниесі, аң-құстар, т.с. с. Сахараның дала мәдениетіне тән бай мазмұндармен дараланатындығы сондықтан. Халқымыздың тотемдік дүние-танымды оның ішінде өзіндік мәні бар, көне дүние-танымдық мазмұнға бай, ұлттық ерекшелікке тән мәдени құбылыс болып есептелінеді.

Көк бөрінің жалпы түркі халықтарына, оның ішінде қазақ халқына да ортақ тотем болғаны белгілі. Алайда қазақ халқының этникалық құрамына кіретін ертедегі ру-тайпалар – ғұндар, түріктер, үйсіндер, қаңлылар, т. б. бәріне тек көк бөрі ғана тотем болған жоқ. Сонымен бірге басқа да аң-құстар түрлі дәрежеде киелі саналып, табыну нысанасына айналған. Ә. Қоңыратбаев: “Әрбір ру, қауым, тайпа әр түрлі жерде тұрғандықтан біреуінде бөрі, бірінде құс, айдаһар, кесіртке, құмырсқа, т.б. аңдар көп болған, өз жерінде көбірек кездескен жан-жануарларға сиынған. Бұдан соң ит, өгіз, жылқы тотемдерін тудырды. Түрік-

моңғол тайпаларында аң-құс, құрт-құмырсқа, жылан, мал төтемге айналған” [8], — дейді. Моргон: “Америка құрлығындағы үндістердің өз ішінде әрбір руларының тотемдері әр түрлі жанды, жансыз нәрселер болып келеді. Мәселен, бөрі, аю, жолбарыс, қабылан, бұғы, тасбака, қарға, балық, қар, күн” [9], — дейді. Демек бұдан ертедегі үлкен ру-тайпалардың өз ішінде де әр түрлі тотемдері болатындығын байқаймыз. Халқымыздың арғы тегінің бірі саналатын Ғұн тайпаларының да өз рулары ішінде де түрлі тотемдері болғанға ұқсайды. Қытайдың “Жин патшалығы тарихындағы” ғұндар туралы жазба деректерінде: “Ғұндар тайпалық одағына кіретіндер жиыны 19 ру, олардың ішінде “қара бөрі” (Хый лаң жуң) және “құлан” (ху лаң жуң) атты рулар бар” — деп жазылған [10].

Біздіңше, бұл жердегі “қара бөрі” және “құлан” тек ру атын ғана білдірмесе керек. Сонымен қоса олардың рулық тотем екенін де аңғартады. Себебі тотемдерді ру аты етіп көрсету көп халықтардың тарихында бар. Түркі халықтарында, оның ішінде қазақ ру-тайпаларында бөрі, құлан, бура, бұғы, марал, ит, үкі, бүркіт, аққу, қаз, т.б. Аң-құстар мен төрт түлік мал түрлі дәрежеде киелі саналады. Олар туралы түрлі ырымдар, аңыз-өңгімелер, наным-сенім түсініктері бүгінге дейін жетіп отыр. Әрине, осылардың бәрін бір кездегі тотемдік наным-сенімдерден бөлек қарауға болмайды. Атап айтқанда, көк бөрі түркі халықтарына ортақ тотемге айналғанша жоғарыдағы аң-құс, жәндіктер де түрлі ру-тайпаларда тотемдік рөл атқарған деуге болады.

М.Әуезов: “Хайуанаттар жайындағы көне ертегілерді аңдап отырсаң, кейбіреулерінде өте көне заманды, жанды-жансыз табиғат тұлғасындағы бұлдыр түсініктерді байқаймыз. Ондай ертегілер хайуанаттармен байланысты туған мифтік, діндік түсініктерді, әр хайуанды ғажайып сиқырлы сыры бар деп таныған тотемдік түсінікті аңғартады. Осыған байланысты қазақ ертегілеріндегі кездесетін аң, құс, хайуанат жөніндегі өте ескі замандарда

сол жәндіктерді ғажайып сиқырлы сыры бар деп танып, ескілікті шалағай, бұлдыр ұғым-наным, тотемдік діннің түсінігі бар екенін көреміз” [11], – дейді.

Әрине, тотемдік түсініктер тек аңыз-ертегілерде ғана сақталмаған. Оның кей жақтарын тілдік қорымыздағы лексикадан айқын байқауға болады. Атап айтсақ, төрт түлік мал мен аң-құстарға байланысты қалыптасқан тұрақты теңеулер мен тұрақты тіркестердің басым көпшілігі халқымыздың ертедегі тотемдік дүниетаным, наным-сенімінен туған. Сол негізде жарыққа шығып, сөздік қорымызда сақталған. Мәселен, *жерік болу, ит көйлек, көк бөрі, бөрі тәңірі, қарға тамырлы, қолыма қарға тышар, бақыт құсы, үкі тағу, жалаң төс, жүнді балақ*, т.б.

### 2.1.1. Құс тотемдері

Ертедегі адамдардың дүниетанымында құс – жоғары әлемнің бейнесі, аспан тәңірімен тілдесіп тұратын, көк пен жерді байланыстыратын күш ретінде қаралған. Сондықтан ертедегі адамдар оны өзіне тотем санап табынған. Мәселен, қазақ қыздарының, сал-серілерінің тақиясына тағылатын үкі қауырсыны, көктің, яғни үстіңгі әлемнің көрінісінің белгісі. Жалпы құс қауырсындарын төбеге қадау арқылы ертедегі адамдар аспан әлемін шартты түрде кескіндеген, өзінің көкке, тотем санаған объектісіне деген құрметін білдірген. Ертеректердегі адам аттарының *Қаршыға, Бүркітбай, Лашын, Сұңқар, Үкі, Үкілай, Үкібай*, т.б деп қойылуы да соның белгісі. Қазақтың қол өнерінен туындаған дүниелерде құстың кескінін бейнелеу үлкен орын алады. Ә.Марғұлан: “Түркілердің түсінігінше, құс – аспанның, балық – судың, ағаш – жердің белгісі болған екен. Ал мұндай таңбалардың қазақтың қолтума өнеріне еніп, оның мазмұнын байыта, молайта түскені анық” [12], – дейді.

## Үкі.

Қазақтарда әшекейге тек үкі қауырсынын қолданылуының өзіндік мәні бар. Таңдай өрнекті, сарғылт түсті үкі қауырсыны бір қарағанда жағымды әсер етеді. Сонымен қоса үлпілдеген үкіде үлбіреген кескінге әр беретін, көріктендіре түсетін ерекше жағымды қасиет бар. Үкінің қараңғыда көретін жігілігі, дыбыс шығармай ұшуы, т.б. басқа құстарда жоқ осындай ерекшеліктері де оны қасиетті деп есептеуге себеп болған. Халқымызда “үкі киесі бар құс, одан жын-шайтан қорқады” деген түсінік қалыптасқан. Тіл-көз тиюден сақтануға ырым етіп балаларға оның тұмсығын, тұяғын тұмар орнында тағады. Қауырсынын баланың бас киіміне, бесігіне және жастардың (сал-сері) киімдеріне, түс киіз, шымылдықтарға қадайды. Халқымызда құдалықтың алғашқы кәдесі *үкі тағу* деп аталады. *Үкі тағу* – мынау менің балам деп белгі салу, ол әрі тіл-көзден, пәле-жаладан сақтасын деген болашақ қайын ата мен ененің келінге білдірген тілегі іспетті ырым. “Сары үкі дарыған Саменбет” ұрпағы Сегіз Ес ағасы, Жеті Қазыбек – Қытайдағы Алтай аймағының жеті ауданы мен Барқол және Құмыл сияқты жерлерге тараған көп ел. Айтуларына қарағанда, Саменбет әйелі жүкті болар алдында түс көріп, түсінде сары үкі көрген, яғни қойнынан ұшқан үкі алдымен Саменбеттің иығына қонып, онан ұшып кеткен. Түс жорушылар бұны жақсылыққа жорып, Саменбетке көп ұрпақты боласын, ұрпағыңнан елге данқы жайылған батырлар, байлар, лауазымды адамдар, ұйтқылы билер шығады, – дейді. Расында да, Саменбет ұрпағы түс жорушылардың айтқанындай өрбиді. Содан бастап осы атадан тараған ұрпақтар үкіні қатты қастерлеп келген. Бұл дәстүр қазірдің өзінде Алтайда тұратын оның ұрпақтарында сақталған. Олар үкіні ұстап, үкісін жұлмай берген кісіге рахмет айтып, сыйлап, қайтарып отырады екен [13]. Міне, бұдан үкі туралы тотемдік танымның халық ішінде қазірге дейін сақталып жеткендігін байқаймыз. Жалпы үкі туралы

тотемдік таным түркілерде өте ерте кездердің өзінде болған. Лев Гумилев түркі ру-тайпаларының діни наным-сенімдері туралы айта келіп: “Бірақ VI ғасырдың аяғы мен VII ғасырдың бас кезінде ата-бабаларға тотемдік табыну таза күйінде байқалмайды. Ашиннің оралмандары мен таулы Алтай тұрғындарының арасында тығыз байланыс синкреттік бірлескен діни сенімнің пайда болуына бастайды. Бұған әлі күнге дейін шешілмейтін жұмбақ тәрізді көрінетін түркі хандарының есімдері дәлел бола алады. Бұл есімдер Қытай, Парсы мен Грек жазбаларында сақталып қалған және оларды әр түрлі салыстырып оқу арқылы талдауға болады. Тобо ханның өз аты *Арсилла* грекше ол түрік-монғол сөзімен *Арыслан* деп аударылады. Қытайша *були*, түрікше *бөрі* деген сөз. Тағы бұл аттын *Шени Шоно* түрі де бар. Батыс хандарының аттары да жиі кездеседі: *Иби-Ибрис* Барыс, ал *Июгу – Юкук* – Үкі болып аударылады [14], – дейді. Демек, үкі ертеде белгілі түркі хандарының есімдерінде қолданылған тотемдік есім болған. Қазақ дәстүрінде адам есімдерін *Үкі, Үкілай, Үкібай* деп қою қазірге дейін сақталған. Үкінің киелі құс болғандығын, оның пәле-қазадан қорғайтын қасиеті бар деп саналғандығы халқымыздың кейбір тұрмыс-салттарынан да айқындай түседі. Бұл туралы жоғарыда айтып өттік. Тілімізде бірталай тұрақты тіркестер мен тұрақты теңеулер соған байланысты қалыптасқан. Мәселен:

*Екі иығына екі үкі, басына бір үкі тағып* (асыра мақтау).

М.: *Екі иығына екі үкі тағып, басына бір үкі тағып*, ажарлап таныстырдым (Ә.Нұрпейісов);

*Үкідей ұшу*. М.: Сатан өкпесін аузына тістегендей, олардың артынан *үкідей ұшты* (І. Жансүгіров);

*Үкідей көзі жарқырау*. М.: *Үкідей көзі жарқырап, Айғырдай өзі арқырап* (І. Жансүгіров);

*Үкідей желкілдеу*. М.: *Үкідей желкілдеп, гүлдей құлпырып келе жатқан Ботакөзге Асқардың көз қадамауы Айбалаға тамаша көрінеді* (С. Мұқанов);



*Үкідей бұлғаңдау.* М.: Пісіп қалған ақ селеулер баяу теңселіп, *үкідей бұлғаңдап*, кейде жұмсақ қана тізеден сипайды да, кейде инесін қадап алады (Ғ.Мүсірепов), т.б.

Жалпы үкімен байланысты болып келетін қазақ тіліндегі тіркестердің мазмұнына көз жіберсек, үкі – адамға, адамның бойындағы бір қасиеттерге қарата айтылған, көбісінің өзіндік (ырымдық) мотивтері бар, осының өзі үкінің халық ұғымында адамға жақын киелі құс болғандығын аңғартады.

Халқымызда бөйге аттарына үкі тағып, оны *үкілі тұлпар*, жас талаптарға қарата *үкілі үміт*, шешен домбыраға үкі тағып, *оны үкілі домбыра*, сол сияқты тез хабар-ошар жеткізуді *үкілі почта* деу дәстүрі болған. Бұл да үкінің жоғарыда айтып өткеней қасиеттерінен туған поэтикалық теңеулер.

### **Қарға**

*Менің қолыма да қарға тышар* деген тұрақты тіркесті қазақ болашақта басына байлық пен бақыт келер деген үміт-тілекті білдіру үшін қолданатыны мәлім. Алайда бүгінгі күнде жағымсыз, сүйкімсіз саналатын қара қарғаның қолына бір саңғырғанын жақсылық белгісі, байлық пен бақытқа кенелудің нышаны санаған ата-бабалар танымы көпшілікке түсініксіз. Ол аз болғандай, бірде *қарға тамырлы қазақ* десе, бірде өзінің ең жақсы көретін адамын, *қарғам* деп, өліп-өшіп жатады. Бұл қарғаның бір кездерде тотемдік құс болғанын аңғартса керек.

Қарға образы дүние жүзі халықтарының көбінің мифтері мен аңыз-әңгімелерінде, дүниетанымында қара ниеттіліктің, жағымсыздықтың образы, күлкі-мазақ нысанасы есебінде. Тек Азияның солтүстік шығысы мен Солтүстік Американың солтүстік батыс теңіз жағалауын мекендейтін көшпелі халықтар ортасында ғана қарға, керісінше, тамаша образ саналады. Олардың бір бөлігі қарғаны киелі құс санап табынады, тотем тұтады [15].

Түркі, түңгүс-мәнжүр, монғол тілдері Алтай тілдері жүйесіне жататынын білеміз. Тарихшылар, тілшілер, этнограф ғалымдар бұл тілдерде сөйлейтін халықтардың арасындағы жақындықты әр қырынан дәлелдеп келеді. Расында да, бұл халықтардың тарихта ортақ территорияда тұрып, бір-бірімен ғасырлар бойы тығыз байланыста болғандығы, шаруашылық пен тұрмыс-салтындағы жақындық олардың тілінде ғана емес, дүниетанымында да кейбір ұқсас нәрселерді қалыптастырған. Алтай тілдес халықтардың қарға туралы танымында да сондай ортақтық бар. Олай деуге негіз де жоқ емес. Қарға атауы Эвенкілерде – “кэре”, мәнжуде – “кэру”, бурятша – “хирээ”, дыбыстық құрамындағы тұлғаларда кездеседі [16]. Монғол тілінде қарға – “хэppээ” қара қарға – “хар хэрээ” деп аталады [17]. Түркі тілдеріндегі “қарға”, “қаға”, “қара”, т.б. бәрі бір түбірден тараған төркіндес сөздер, қарғаның дауысына еліктеуден туған. Әрине, тілдегі бұндай жақындық, ұқсастық кездейсоқ құбылыс емес. Оның үстіне осы халықтардың қарға туралы мифтері мен аңыз-әңгімелерінде, тілдік деректерде наным-сенімге қатысты ұқсастық пен үндестік байқалады.

Мәнжүрлерде қарғаның Мәнжүр патшасы Нұрқашты өлімнен құтқарып қалғаны туралы аңыз-әңгіме бар [18]. Ертеде мәнжүрлер ауланың ортасына ұзын дінгек бағана орнатып, оның басына шүберек байлап қоятын да, оған ата-бабалар аруағы келеді деп сенетін. Дінгек бағана түбіне жапырақтап кесіп, шошқа етін тастайтын. Тастаған етті қарғалар келіп таласа-тармаса жесе, олар ата-баба аруағы риза болды, жақсылық болады деп қуанған. Ал егер қарғалар етті жемесе, ата-бабалар аруағы риза емес екен, басымызға пәле-қаза келетін болды деп үрейленетін болған [19]. Сондай-ақ мәнжүр, негирал халықтарында “қарға бұрын адам болған екен”, “қарға – орман ханшасы”, “қарға – орман бүбісі немесе тәңірісі” деген мифтік ұғымдар қазірге дейін сақталған.

Алтай тілдік жүйесіндегі түңгүс тілі тобына жататын эвенкі халқының тәңірі туралы аңызында “қарға – тәңірдің

адамзатты жаратқандағы көмекшісі” деп айтылады [20].  
Моңғолдың “Қүпия шежіресінде”:

Қарға болып қарқылдап (хабарлап).

Алыс пенен жақынды.

Бір арнаға жияйын, – деген өлең жолдары кездеседі.

Моңғолдар қарға қарқылдап өтсе: “Жаман тілінді ары қыл, жақсы тілінді бері қыл”, – деп айғайлайды. Қарға – моңғолдар ұғымында жақсылық пен жамандықты қатар алып жүретін киелі құс. Қарғаның бір түрі – *хон хэрээ* (құзғын) туралы моңғолдар: “Құзғын ат ағашқа келіп қонса, ат жүйрік болады”, – деп ырымдайды. Оның себебі құзғынның ұзақ жасайтыны және биікке, алысқа ұша беретін ерекшелігіне байланысты болса керек. Моңғолдар құзғынды “*хон хэрээ*” (қоңыр қарға) деп атайды, оны қарға тектес деп қараған [21].

Түркі халықтарының бірі саналатын якуттарда (сахалар) қарға тотем болумен қатар, *жаһан құсы* дейтін ұғым орын алған. Олар қарға 300 жыл өмір сүретін, көріпкелдігі бар, адам тағдырын билейтін құс деп сенеді. Якуттардың *Көңғалас* тайпасының ішінде *суор* (қарға) деген ру болған. Бұл сол ру ішінде қарғаның тотем болғандығын дәлелдейді. Хакастар қарғаның ұясына тиме, киесі ұрады деп түсінсе, тувалар қарғаны өлтіруге тыйым салған. Олар қарға барлық туваны қорғайды деп сенген [22]. Бұлардан басқа да халықтардың қарғаны киелі санап, оны тотем тұтқаны жайында көптеген деректер бар. Яғни бірқатар халықтардың қарға туралы дүние-танымын төмендегідей жинақтауға болады: біріншіден, қарға – *рудың тотемі*; екіншіден, қарға – *шаман*, үшіншіден, қарға – *туысқан*. Ру мен қарғаның арасында туысқандық байланыс бар деп сенген. Түркі халықтарында, оның ішінде қазақ ру-тайпаларында бөрі, құлан, марал, өгіз, ит, үкі, бүркіт, аққу, қаз, жылан, қарлығаш, төрт түлік мал, т.б. аң-құстар түрлі дәрежеде киелі саналады. Олар туралы түрлі ырымдар, аңыз-әңгімелер, наным-сенім түсініктері бүгінге дейін жетіп отыр. Біз қарғаны да осылардың қатарында бір

кездерде киелі саналған, тіпті белгісіз рудың тотемі болған құс деп қараймыз. Түркі халықтары ішінде қазақ ру-тайпаларының қарғаны киелі құс санайтындығы туралы арыдан жеткен нақтылы деректер, әрине, қазірше жоқ. Солай бола тұрғанмен, қытайдың “Тарихнамасы” мен “Ханнаманың” “Ферғана” тарауында жазылған төмендегі аңызы назар аударарлық. Онда ертедегі Үйсін елінің Күнбиі жаңа туылған бала кезінде жаугершілік соғыста далада қалып, оның үстінен аузына ет тістеген қарғалар ұшып жүргендігі, ұрғашы бөрі келіп емізетіндігі, мұны көрген ғұндар тәңірқұты қайран қалып, “бұл балаға тәңір жар болған” екен деп, оны бағып ержеткізгендігі... жазылған [23]. Бөрінің түркі халықтарында бір кездерде тотем болғаны мәлім. Ал осы жерде бөрімен бірге аузына ет тістеп әкеліп балаға беріп жүрген қарға тегін емес. Бұл жерде жазбаша дерек пен жоғарыда айтылған тұңғыс, мәнжу және басқа халықтардың аңызында ұқсастық байқалады.

Қарға Алтай, Сібір халықтарының тотемдік ғана емес, Американы қоныстанған үндістердің де табиғатында тәңірі болған. Үндістердің мифологиясында қарға туралы жүздеген мифтік аңыздар сақталған. Олардың дүниенің жаратылуы туралы мифінде: “Алып қарға теңізден аузы тығындалған құмыра тауып алып, аузын шоқып ашып жіберген, жер әлем жарқырап, нұрға бөленіп кеткен. Бір күні қарға іші пысып, көкті шарлап ұшып жүргенде, жер бетінде кішкентай қабыршақты жұмыртқа тәрізді нәрсені көрген. Содан қарға қабыршақтың ішіндегі өрмелеп жүрген ұсақ жан иелерін жарық әлемге шығарып қоя береді. Бұл жан иелері өсе келе су сиырмен жақындасып, содан барып теңіз бен құрлықтың арасындағы қайранда алғашқы адамзат ұрпағы дүниеге келіпті”, – делінеді. Демек, үндістерде бір кездері қарға жаратушы “Тәңір” деген түсінік болған. Зерттеуші ғалымдардың индиандарды ежелгі Орталық Азия мен Сібірдің байырғы тұрғындары деген қорытынды

шығарғаны белгілі. Қытайлық ғалым Субихай:”Көне тас құралдар дәуірінде дүниеде үш түрлі нәсіл қалыптасты. Моңғол типті нәсілдік халықтар 12-15 мың жылдықтың алдында Сібірден қыс кезінде Беринг бұғазы қатқан кезде Америка құрлығына ауды да Америкадағы үндістердің арғы тегін қалыптастырды” [24] дейді. Зерттеуші ғалымдар М.Аріпжанов [25], Ә.Ахметов [26], С.Жанболатовтардың [27] зерттеулері түркі мен үндіс (мысалы: мая) тілдерінде жақындық бар екендігін дәлелдейді. Мифология мен тілдегі осындай ұқсастықтар әсте кездейсоқ емес.

Яғни олардың бәрінде ортақ бір төркін бар. Тілімізде қарғаға байланысты туған мақал-мәтелдер, тұрақты тіркестер біршама. Мәселен: *қарға тамырлы қазақ, қарға баласын “анпағым” дейді, қарға қарғаның көзін шұқымайды, тозған қазды топтанған қарға алады, қарға адым жер, қарға тұмсық, қарға саусақ, қарға бойлы*, т.б. Қазақ жақсы көретін адамын *қарағым* дейді.

Қазақтар тіпті бір-екі баласының барын “бір-екі қарға ұстап отырмыз” деп сездірген. *Қолыма қарға тышар* деген сөзді “басыма бақыт құсы қонар” дегендей мәнде қолданады. Әрине, бұның бәрі тым көне дүниетанымға байланысты қалыптасып, өзгеруіне қарай бүгіндері тек тілде ғана сақталып қалғанын байқаймыз. Тіліміздегі жоғарыдағыдай тұрақты тіркестер мен “қарағым”, “қарғам” деген сөздің жасалуына, міне, осылар негіз болған секілді. Кейбір тұрақты сөз тіркестерінде қарға жағымсыз мәнде де қолданылатынын айта кету керек. М.: *Қарға қаз болам деп шатынан айырылыпты; қарғаның бір көзі оқта, бір көзі бокта*, т.б. Мұндай мақалдар мен тұрақты тіркестер кейінгі заманның еншісіне тиеді. Тіл қоғамдық құбылыс болғандықтан дәстүрдің, наным-сенімнің өзгеруіне қарай тілдегі тұрақты тіркестер де өз ішінде өзгеріске түсіп, жаңарып отырады. Сондықтан мұндай сөздерді талдаған кезде олардың жасалу дәуіріне де мән берген жөн.

*Аққу – қаз.*

Қазақ халқы аққуға да табынып, оны киелі санаған. Балқаш көлін ертеде “Қаз көл” деп, сол көлдің маңындағы көне қаланы “Қазкент” деп қаздың атымен атағандығының белгілі мәні бар. Бақсылар бертінге дейін аққу терісін жамылып, оның қауырсынын тағып келген. Жақсы көрген адамын “аққуым” деуі, аққуды ұстауға шектеу салуы, сонымен бірге халқымыз өзінің “қазақ” деген атының шығуын аққумен байланыстырып (“қаз+ақ”), аңыздарға арқау етуі тегін болмаса керек.

Қытайдың VII ғасырдың басында жазылған “Жоунама (Жоу Шу). Түркілер шежіресінде” түркілердің шығу тегі туралы мынадай аңыз жазылған: “Түркілердің ата-бабалары су [Сақ – Қ.Ф.] мемлекеті деп аталған елден шығыпты. Ғұндардың солтүстігін мекендеген бұл түркі тайпасы ақсақалының аты Апаңбо он жеті ағайынды екен. Солардың бірі Еркишто бөріден туылыпты. Апаңбо қатарлылар есалаң, ынжық болып, елі жойылыпты, Еркишто епті, өжет болып, жел тұрғызып, жанбыр жауғыза алады екен. Оның екі әйелі болыпты: бірі – жаз перісінің қызы, бірі – қыс перісінің қызы екен. Бұлар аяғы ауыр болып, төрт ұл туыпты. Ұлдың бірі аққуға айналып кетіпті. Бірінің елі Абақан өзені мен Кама өзенінің аралығында екен. Бұларды Хакас деп атапты. Бір ұлының елі Кем өзенінің бойына орналасыпты. Бір ұлының елі Чаншаш тауында тұрыпты. Ол төрт ұлдың үлкені екен. Бұл тауда Апаңбонның басқа да ұрпақтары бар екен. Олар мұздап тонып қиналғанда үлкен ұлы от тұтатып, оларды жылытып асырапты. Сонда басқалары оны құрметтеп, өздеріне билеуші етіп оған бағыныпты да өздерін түрік деп атапты” [28], – делінген.

Бұл аңызда да түркілерді бөріден тараған делінген. Сонымен бірге бөріден туған түркілердің атасы Еркишто жаз перісі мен қыс перісінің қызына үйленіп, одан туған төрт баланың үлкені аққуға айналып кетіпті де, қалғандары түркілерді таратыпты делінген. Тотемнің бір белгісі өзін

тотем тұтқан аңмен, не құспен туысқан санау. Олай болса, аққу да түркілерде тотем болған құс деуге болады. Тілімізде аққу құсты символикалық тәсілмен адамға көбірек теңеу, ұқсатудың төркіні және ауыз әдебиетінде де сұлулар сыны аққудың бейнесі арқылы берілуі оның бір кездері халқымызға жақын тотемдік құс болуымен байланысты. Мәселен:

*Айдындағы аққудай.* М.: *Айдындағы аққудай*, Егінжайда бір қыз жүр (Қ.Аманжолов).

*Аққудай тізілу.* М.: *Аққудай тізіліскен* ақша қыздар қарайды, Тамашалап таңды мына (Айтыс).

*Аққу құстай кіршіксіз ақ.* М.: Арғымақ *аққу құстай кіршіксіз ақ.* Бергендей досқа ғана досы қиып (С.Сейфуллин).

*Аққу құстың өуезіндей.* М.: Ақ көңіл, аңқылдаған ақын Пушкин. Лебізі *өуезіндей аққу құстың* (Қ.Аманжолов).

*Аққудың топшысындай, аққудың үніндей, аққудың көгілдіріндей, аққудың мамығындай, аққудың сылануындай,* т.б. Сонымен бірге жақсы көрген адамын аққуға баласа, “аққуым” деп еркелетеді, аққу құсқа теңейді. Міне, осылардың бәрі жоғарыда айтып өткендей аққу тотемдік құс болғанын дәлелдей түседі.

### *Бүркіт.*

Халқымыз бүркітті де киелі деп санаған. Бүркіт жын-шайтанды үркітеді деп түсінген халқымыз екіқабат әйел босана алмай қиналғанда “жын-сайтан, албасты басқандықтан босана алмай қиналып жатыр” деп түсініп, бүркітті сол үйге әкеліп, қондырып қоятын болған. Осындай істегенде жын-сайтан, албастылар бүркіттің айбарлы тегеурінінен қорқып қашады да, әйел тез босанады деп сенген. Қазақтар бүркітті *көк тәңірісі, аспан перісі, құс төресі, көк еркесі, қара құс, сары құс, құс патшасы* деп атайды.

Сондай-ақ, халық арасында басқа да құстарға байланысты аңыз-әңгіме, ұғым-түсініктер қалыптасқан.

Олардың түр-түсіне, ерекшеліген орай наным-сенімдер туған. Көгершін, қарлығаш, т.б. құстар адамға дос, тілеуқор деп те саналған.

Көгершінді қазақтар кейде “кептер” деп те айтады. “Көгершін” болсын, “кептер” болсын – бұл атаудың бәрі аталмыш құстың көбінесе көк немесе сұрғылт болып келетін түр-түсіне қарай қойған [29].

Халқымыздың ұғымындағы көгершін құсының қасиеттілігі өзге халықтар мәдениетінен келген. Інжіл хикаялары бойынша “Қыз Марияға еніп”, сонан ол жүкті болатын қасиетті рух көбінесе көгершін түрінде суреттеледі. Еврейдің және басқа діндердің поптары: “көгершін – қасиетті рухтың пәктігінің, күнәсіздігінің белгісі” дейді. Мысыр мен Греция да, Персия мен Үндістан да бұл құсты қасиетті деп атайды [30]. Қазақтар кейде жақсы көретін баласын “көгершінім” дейді. Бұл да басқа тілден ауысқан сөз. Оның мәні жоғарыда айтылған, “қарғам” деген сөзге бара-бар. Көгершінді – бейбетшілік символы деп те қасгерлейді.

Халық ішінде *Қарлығаштың құйрығы неге айыр* дегендей қарлығаш туралы мифтік аңыз және *қарлығаштың қанатымен су сепкендей* деген тұрақты тіркес бар. Жалпы көгершін, қарлығаш тектес құстардың киелілік қасиетін білдіретін сол негізде туған тіл фактілері көп болмаса да олар туралы аңыз-әңгіме, әр түрлі ырымдар бүгінгі күнге дейін жеткен. Мұның арғы тегі қазақ халқын құрайтын кейбір ру-тайпалардың ертеде христиан дініне сенуімен байланысты.

## 2.1.2. Аң тотемдері

### *Көк бөрі.*

Тотемге табыну ертедегі адамдардың рухани тірегі. Тотемді адамдар ең алғаш “туыс” деп таныған болса, кейін келе адамдар тайпалық дәуірге аяқ басып, тайпалар



арасында соғыстар басталғанда, тотем “қорғаушы” деп танылды. Түркі тілдес тайпалар өзінің күшейіп дәурен сүрген кезінде көкжал бөрі олардың ортақ тотемі – “қорғаушысы”, “демеушісі” болды. Тотемдік танымның сипаты осылайша өзгере келе түркі тілдес тайпалар оны ұранға айналдырған. Оның “Көкбөрі” аталуы қасқыр түсінің көктігінен туған ұғым емес, қайта көктен келген көк аспанның бөрісі – көктәңірдің бөрісі, киелі бөрі деген түсініктен туған. Халық ішінде бөрінің “Тәңірдің серісі” аталуы сондықтан. Қытай жазбаларында “Түркілер өздерінің туына алтынмен зерделеп бөрінің басын салады” [31], – деп жазып кеткен. Тарихи эпикалық дастан “Оғызнамада” және басқада батырлық дастандарда бөрі тотемінің айқын көріністері бар.

*Мен сендерге болдым қаған,  
Алыңдар жақ пен қалған  
таңба бізге болсын белгі,  
Көк бөрі болсын ұран (Оғызнамадан).*

Сүйінбай ақынның:

*Бөрі басым ұраным,  
Бөрілі менің байрағым.  
Бөрілі байрақ көтерсе,  
Қозып кетер қайдағым, –*

деген жыры міне осыны меңзейді.

Көк бөрі Қытай тарихи деректерінде сонау б. э. д IX ғасырдан батап кездеседі. “Ханнама” және басқа да деректерге карағанда, Батыс Жоу дәуіріндегі Жоу-Му уаң деген патшамен болған бір жолғы соғыста бес бектікті, яғни қағандықты бағындырып төрт марал, төрт бөріні қолға түсіріп, содан Чуан рундар қазіргі Гансу жеріне қарай ығысыпты. Бұл б.э.д. IX ғасыр. Чуан рундар ғұндардың бір тегі (Бұл жерде айтылған төрт бөрі, төрт бұғы – төрт бөрі руы мен төрт бұғы руын меңзейді – Қ.Ғ.). Бұдан басқа “Жоунама” мен “Сүйнама”-дың түріктер туралы тарауларында мынадай аңыздар жазылған: “Түріктер Ғұндардың ұрпағы, Ашина – олардың бір атауы.

Бір кездегі көрші елмен болған соғыста жеңіліп, түркілердің нәсілі құрып кетеді. Тек он жасар бір ұл бала ғана аман қалыпты. Жеңген елдің жауынгерлері баланың жастығын ескеріп, өлтірмей оның аяқтарын кесіп, бір көгалға тастап кетіпті. Көп ұзамай ессіз аш жағқан баланың қасына бөрі келеді де, оны етпен азықтандырады. Сонымен бірге баламен бірге жақындасып, буаз болып қалады. Баланың аман қалып, тіршілік етіп жүргенін әлгі елдің ханы естиді де, оған адам жіберіп өлтіргізеді. Баланы өлтіруші адамдар бір бөрінің анандай жерде карап тұрғанын байқап, оны да өлтірмек болғанда, қасқыр Қошу хандығының (қазіргі Турфан) солтүстігіндегі тауға (Боғда тауы) қашып кетеді. Тау арасында тереңде үлкен көк жайсаң аңғарды айналып шығу үшін біраз жол жүруге тура келеді екен. Бөрі осы аңғардың ішіндегі апанға бекініпті де, он ұл тауыпты. Ұлдары есейген соң сырттағылармен байланыс жасап үйреніпті, көп балалы болыпты, әрқайсысы бір рулы елге айналыпты. Соның ішінде біреуінің аты “Ашина” екен. Бұлардың тұқымдары өсіп, бірнеше жүз түтінге жетіпті. Бірнеше ғасыр өтіп, олар аңғардан шыққанда Жу-жан (Ауар) тайпасына бағынышты болып қалыпты. Содан бастап Алтай тауларының оңтүстігін қоныстап, Ауарлар үшін темір ұсталығымен шұғылданыпты” [32], – делінген. Бөрі туралы мұндай аңыздар Қытайдың ертедегі басқа да түркілер туралы жазба материалдарында кездеседі. “Тарихнама”. Ферғана тарауында: Хан патшасы б.э. 119 жылы батыстағы үйсін, ғұн, т.б. елдерге елшілік сапарда болып келген Жаң Цианнан сол елдің жағдайын сұрайды. Сонда ол патшаға: “Пақырыңыз Ғұндарда тұрған кезінде естуінше, үйсіндердің ханы Күнби деп аталады. Күнбидің әкесі Ғұндардың батысындағы шағын елді басқарыпты. Ғұндар оларға шабуыл жасап, Күнбидің әкесін өлтіргенде ол сонда шешесінен жаңа туған бала екен. Соғыс кезінде иен далада жападан жалғыз тірі қалыпты. Аузына ет тістеген қарға оның төбесінен айнала ұшып, көкбөрі барып

оны емізіпті. Бұған таңырқаған ғұн Тәңіркүты оны қасиетті бала екен деп асырап алыпты, ержеткен соң ол қол бастап соғысқа аттанып, бірнеше рет ерлік көрсетіпті. Оған батыс жақтағы қаланы қорғау міндеті жүктеліпті. Өз елінің басын құрап алғаннан кейін Күнби маңындағы елдерге шабуыл жасап, әлде неше он мыңдап әскер ұстап, соғысқа аттанып отырыпты. Ғұн Тәңіркүты өлгеннен кейін Күнби өз елін бастап шалғайға қоныс аударып, дербес ел боп тұрыпты. Ғұндарға аман-сәлем жасай бармапты” [33], – дейді. Бізше бұлардың бәрі кезіндегі Ғұн, Үйсін т.б. түркі тектес ру-тайпа адамдарының өз аузынан айтылып, сол бойынша қытайлар хатқа түсірген. Археологиялық зерттеулер тарихи жазба деректерді растай түседі. 1957 ж. Моңғолияның Архантай аймағындағы Томур деген жерден табылған 572 жылы түркілердің таспер қағанының жарлығымен орнатылған ескі брахма және соғды жазуы жазылған ескерткіштің үстінде бір баланы құшақтап емізіп отырған көкбөрінің бейнесі бейнеленген. Және осы аймақтың Шуэтугун деген жеріндегі С.Кляшторный зерттеген бейіт қорғаннан мола есігінің екі босағасына орнатқан екі бөрінің мүсіні табылған. Бөрінің санына түркілік таңба түсірілген [34]. Жоғарыда хатқа түскен аңыздардан тыс “түркілер туына алтынмен апталған бөрінің бас суреті салынған. Бұл тегін ұмытпаудың белгісі. Олар қарауылдарды да “бөрі” деп атайтын деп те жазылған [35].

Түркі халықтары, оның ішінде қазақ халқының этникалық құрылымында бар ертедегі ру-тайпалар жөніндегі Қытай жылнамаларында кездесетін бөрі туралы жоғарыдағыдай аңыздар мен кейбір жазба әдебиет пен ауыз әдебиетінде кездесетін бөрі туралы деректерден бөрінің тым ертеден-ақ тотемге айналған аң екенін аңғарамыз. Бөрінің адамды құтқаруы, адаммен бөрі қосылып бала тууы, бөрінің адамша сөйлеп жол бастауы – бәрі бөріге деген тотемдік танымдардан келіп шыққан.

Моңғолия қазақтары арасынан алынған бақсылар сарынында:

“Бәрі, бәрі, бәрі ием,  
Кел, жебеуші бәрі ием.  
Ұмай ене, Шашты Әзіз  
Еміп өскен бәрі ием...” —

дейді. Бұл тотемдік танымның бақсылықпен ұштасып кеткендігін аңғартады.

Қазақ халқында бөріні киелі санаудың сарқыншақтары тілде, наным-сенімде де сақталған. Мәселен, берлінге дейін қасқырды “тәңірдің серігі” деп танып, оған тіл тигізбей келген, тіпті, қасқырдың атын тура атамай *ит-құс, тік құлақ, қара құлақ, ұлыма, серек құлақ, көкжал* деп атаған. “Қасқырдың азығы жеті күн жерден, жеті күн елден” екенін түсінген. Әдетте, қасқыр тартқан малдың етін жей берген. Себебі олар мұны “тәңір серісінің” киелілігінен болған іс деп қараған. Қасқыр тартқан малдың етін жүкті әйелге жегізбеген, олар жеп қойса баласы сілекейлі болады деп сенген. Сондай-ақ қазақ халқында жаңадан енші алып отау көтерген кезде қойға қасқыр шапса, оны жақсылыққа жорыған. Себебі бұл әдеттегі қасқыр емес, қасиетті көкбөрі, оның қораға келуі адамның мал-дәулетінің өсуінің нышаны деп қараған. Бұдан басқа ауру-індет жайлаған кезде де қойға қасқыр шапса, одан тез айығады деп сенген. Жолаушы жүргенде алдынан бөрі кезіксе, оны жақсылыққа жорып, оған тимеген. Ал дүниеге келген балалары тоқтамаса, келесі туылған баланың омырауына не иығына қасқырдың тобығын, тісін, асығын тұмар қылып тағатын болған. Осылай істегенде ол балаға тіл-көз тимей, көп жасайды деп түсінген. Сонымен бірге баласы тұрмаған әйел денесіне қасқырдың бауырын жағатын немесе тұмар түрінде тағып қоятын салт та болған. Адамдар төбелесіп немесе өштесіп қалса, олар қарсы жағына басқалар арқылы қасқырдың сіңірін отқа тұтатып, арбау, дуалау әрекетін істеген. Халқымыз қас батырды “нағыз көкжалдың өзі” дейді. Жауына көк бөріше тию немесе жауын көк бөріше тартуды, тақымға басуды меңзейтін “көкбар” (көкбөрі ойыны) осы күнге дейін жалғасқан. “Көкбөрі тарту”

ойынының тым ерте заманнан келе жатқан “Көкбөрі”, “Қыз бөрі” ойыны екенін М.Әуезов атап айтқан болатын. Бұл ойында тартысқа түсіп, тақымға басылатын лақтың “Көкбөрі” аталуы жоғарыда айтылған мифтік түсінікке байланысты болған. Себебі, көкбөрі – жеңістің нышаны. Әр екі жақ тартысқанда, осы жеңістің нышаны болған көк бөрі қай жақтың қолына өтсе, сол жақ жеңіске жеткен болып есептелінеді. Міне, осылардың бәрі бөрінің халқымыз санасында жай ғана киелі аң ғана емес, бір кезде ерекше тотем болғанынан дерек береді.

Түркі-алтай текті халықтардың көбінде бөріні құрмет тұту, киелі санау дәстүрі бар. Мәселен, аң аулау кезінде сойоттар қасқырдың атын тура атамай, оны “ұзын құйрықты”, “ұлыма”, “көк көз” десе, качин татарлары “ұзын құйрық”, ал якуттар – “құйрықты” деп атайтын болған. Алтай түріктері “*пору*” деген тура атауды қолданбай, “*аға*” деген ұғымды білдіретін эвфемистік сөздерді қолданатын болған. Ал чуваштар “*қашыр*” деген тура атаудың орнына “ұзын құйрық”, “*тоқпақ құйрық*” немесе “*тәңір иті*” деген эвфемистік атауларды қолданған [36].

Буряттар да қасқырды құрметтеген, оның атын тіке атауға тыйым салып, оны “*тәңір иті*” деп атаған [37]. Түркілерде де осындай ұғым болуы ғажап емес. Мәселен, тілімізде *Иттің иесі болса, бөрінің тәңірі бар* деген мақал бар. Моңғолдарда өзінің тегін көк бөрі мен ғуа маралдан тарататын аңыз бар. Түркі-моңғолдардың өздерін көк бөріден таратуы өте арыдан келе жатқан құбылыс. Бұл расында біртекті алтайлық тамырдан тарайтын жақындықтың айғағы.

#### ***Тотемдік азулы аңдар мен киелі жануарлар.***

Қазақ халқының тотемдік танымында бөріден кейін түрлі жыртқыш аңдар мен төрт түлік ерекше маңызға ие. Жалпы хайуанаттар туралы тотемдік түсінік пен наным-сенімдер ертеде аңшылық тұрмысы дәуірінде қалыптасып, бақташылық дәуірінде дамыған. Себебі ол кезде кейбір жыртқыш аңдар қолда қаруы жоқ адамдарға қауіп

төндірген болса, жуас хайуандар ертедегі адамдарға дайын азық, киер киім болып табылды. Сонымен бірге адамдар олардың сүйегінен, мүйізінен, тісінен тұрмысқа қажетті түрлі құрал-саймандар жасайтын болды. Бұл жағдай кейін келе оларды хайуанаттарға табынуға мәжбүрледі. Олар осы арқылы, біріншіден, жыртқыш аңдардан жамандық келмеуін, өздерін зақымдамауын тілесе, екіншіден, жуас хайуандардың өздерінің тіршілігіне қажетті көмек, сүйеу бола беруін тіледі. Ауыз әдебиеті мен тілде салт-дәстүр, наным-сенімде халық өмірінде мұның айқын ізі бар. Түркі тектес халықтар да есте жоқ ескі замандардан төрт түлік мал мен азулы аңдарды, жануарларды, құстарды киелі санап, өздерінің ру-шежіресін, ата-тегін солармен сабақтастырған. Белгілі бір киелі аң-құспен қосылуынан өз ата-бабасы тараған деген аңыздар таратқан. Тарихшы ғалым Н.Мыңжан: "Тарихи деректерге қарағанда, түркі тайпаларының тотемі – көкбөрі, тегі тайпаларының тотемі – *ит*, яғма тайпасының тотемі – *арыстан*, шігіл тайпасының тотемі – *бура*, т.б. Әр тотемнің арнаулы мифтік аңыздары болған. Ол заманның қауымы бұл аңыздарды "бұлжымас шындық" деп сенген" [38], – дейді. Профессор С.Аманжолов: "Қазақтың "бура", "қоңырат", "қаратай", т.б. ру-тайпаларының аттары тегінде осы ру-тайпалардың табынатын тотемдерінің себебінен болған" [39], деген пікір айтқан.

*Жерік болу.* Ертедегі адамдар жыртқыш хайуандардан қатты үрейленетін. Сондықтан ендігі дүниеге келетін ұрпақтарының өздеріне тартпай, сол хайуандардай қайратты, жүректі болуын тілеген. Әйелдер аяғы ауыр кезінде азулы жыртқыш аңның етіне, жүрегіне жерік болса, одан туған бала сол аңдай айбатты, жүректі болады, жауынан жеңілмейді деп түсінген. Қазақ халқының батырлық жыр-дастандарында аналары батырлар тумас бұрын жолбарыс, қабылан, аю, т.б. жыртқыш аңдардың етіне жерік болып, батыр ұл табады. Мысалы, "Алпамыс" жырында Алпамыстың шешесі Аналық Алпамыстай батыр

ұл табудың алдында киелі тау, су, орманға түнеп жүріп, айғыр, қошқарды құрбандыққа сойып, құдайдан бала тілеп жүріп, екіқабат кезінде қабыланның еті мен жүрегіне жерік болады.

Халық ауыз әдебиетінде бөрідей азулы, жолбарыстай қайратты, арыстандай айбатты, аюдай ақырған ер жүрек, алған бетінен қайтпайтын батырлар символикасы молынан кездеседі. Соған сай тілімізде “жалаң төс, жүнді балақ” дегендей, батырларды соларға ұқсату жолымен көптеген тұрақты теңеулер де қалыптасқан. Сол сияқты халқымыздың “аю биі” – аюға еліктеу немесе аюдай болу деген идеядан туған. Мәселен, қазақтың аю биінің әрекеттері: аюдың апаннан шығуы, жем іздеуі, сақтануы, аңдарды аңдуы, мазақтауы, шашын тарауы, шапалақ соғуы, бақыруы сияқты қимылдарды камтиды.

Ертеде аю да тотем деп танылғандықтан, халық ішінде қазіргі кезге дейін оның тұяғын, тісін, табанын тұмар етіп жас балаларға тағу, сол арқылы оларды пәле-қазадан, дерттен, көз тиюден қорғау салт-дәстүрлері сақталған.

Қазақ халқында төрт түліктің арасында түйе малын ерекше қадір тұтқан. Ол өте мықты, шөлге төзімді, көші-қонға ыңайлы. Әсіресе бура өте айбарлы, түсі суық әрі күшті жануар. Сондықтан да халықта бура пәле-қазадан қорғайды деген түсінікпен бірге, оның кекілін, шудасын өріп, жас балаларға тағып қою дәстүрі болған. Қазақтар “түйе” деген сөздің өзін көп қолданбаған, оның орнына түйенің мойын терісінің атауын, яғни “мойнақ” деген, бес-алты түйем бар деудің орнына “бес-алты мойнағым бар” деп жеткізген [40].

Тотем болған азулы аңдар мен күшті жануарлар қатарына аю мен бурадан басқа жолбарыс, қабылан, қабан, бұқа-өгіз, т.б. жатады. Тарихта түркі халықтарының батырлары, қағандары және хандарының көбісінің аты жоғарыда аттары аталған аңдар мен жануарлар есімімен аталуы да тотемдік сана негізінде болған. Мәселен, *Бөріқаған*, *Өгізхан (Оғызхан)*, *Жолбарыс батыр*, *Жолбарысхан*, *Қабан батыр*, *Буграхан (Бура хан)*, т.с.с.

болып келеді. Қазақ халқының ат қою дәстүрінде де адам атын Аюбай, Итбай, Жолбарыс, Бурабай, Қабанбай, т.б. деп қою салты бертінге дейін сақталған.

## 2.2. Фетишизм

Фетишизм (французша Fetiche – пұт) – керемет әсер ететін қасиеттері бар деп саналатын табиғаттағы жансыз заттар мен құбылыстарға табыну. Қазақ халқының этникалық құрамына кірген ертедегі ру-тайпалары табиғаттың әрбір құбылысының иесі бар, табиғатта болып отыратын барлық өзгерістерді, адамдардың еркін солар басқарады, тағдырына да әсер етеді деп түсінген. Сондықтан олар – “жер-ана” деп жерге, “су-ана” деп суға, “от-ана” деп отқа, күн көзіне, айға, жұлдызға, т.б. сиынып, оларға арнап ерекше ырымдар жасап табынып келген. Осыған байланысты тілімізде көптеген тұрақты тіркес қалыптасқан.

### 2.2.1. Күнге табышу

Түркі халықтарының, оның ішінде қазақ халқының этникалық құрамына кіретін ертедегі ру-тайпалардың жалпылай табынатын ең үлкен тәңірі – Күн. Бұл тек таза тілдік деректермен ғана белгілі болып қалмай, сонымен қатар бұл атаумен байланысты қалыптасқан осы халықтардағы әр түрлі аңыздардың, мифтердің, наным-сенімдердің, т.б. ұқсастықтарымен де анық көзге түседі. Ертедегі адамдар күн көзінен тарайтын жарық пен жылусыз тіршіліктің болуы, мал мен жанның өсіп-өнуі мүмкін еместігін күнделікті жай бақылаудан-ақ білген. Сөйтіп, әр күні шуақты жылуы мен жарығын сыйлаған аспандағы тылсым дене – Күнге ерекше құрметпен қараған. Кейбіреулері тіпті өзінің шығуын тікелей күнмен бірлестіріп, оған айрықша табынған. Қазақ халқының



этникалық құрамына қатысты ертедегі ғұндар, сақтар, үйсіндер, т.б. ру-тайпалардың күнге табынғандығы туралы тарихи деректер мен фактілер осыны дәлелдейді. Бұл ру-тайпалардың көбі өздерін күннен туған, күннің жарығынан жаралған немесе күнмен туысқанбыз деп түсінген. Страбонның айтуынша “Массагеттердің (сақтардың) бір бөлігі тауда, екінші бөлігі ойпаттарда, үшіншілері өзендерге келіп құятын көлшікті батпақты аймақтарда, төртіншілері – сол көлдердің аралығында тұратын. Бәрінің табынатын тәңірісі бір нәрсе ғана, ол – Күн. Соның құрметіне жылқы сойып ас береді [41], – дейді. Геродот та көшпелі массагеттер жайында: “Олар күллі тәңірлер арасында тек күнге ғана тәу етеді. Күнге атап шалатын құрбандықтары – жылқы жануары. Құрбандыққа шалу себебі бұл пәниде желдей ұшқыр тұлпар аттар ғана күллі тәңірлер ішіндегі күнге ілесе алады деп қарауынан” [42], – дейді.

Тарихтағы ғұндардың түрік және моңғол тектес көшпелі халықтардың тегімен тығыз байланысты екенін, олардың түркі тілінде сөйлегендігін тарихшылар мен тілші ғалымдар дәлелдеп отыр. “Ғұн” немесе “хұн” сөзі “Күн” сөзінен шыққан деген пікірдің негізі бар. Ғұндардың күнге табынатындығы шындық. “Тарихнаманың Ғұндар” тарауында: “Хұндар жаңа шығып келе жатқан күнге табынатын”, “Ғұндардың арғы ата-бабаларының бірі “Күн” рұндары еді дейді. Өздерін күннен туғанбыз деп есептейтін халықтың өз аттарын “Күн” (Ғұн) деп атауы, “Күн” деген сөзге “кісі”, “ел” деген екінші мағынаны беруі әбден мүмкін. Түркі тілімен туысқан алтай тілі системасына кіретін моңғол тілінде “адам”, “кісі” деген сөздің “хұн”, Адам баласын – “Хұн Төрөлхтөн” деп айтылатындығы [43] және ертедегі үйсіндерде ғана емес, қазақтың басқа да ру-тайпаларында өз көсемдерін “Күн би” деп атайтындығы бұған үлкен дәлел.

Қазақтың белгілі ақыны М.Жұмабаевтың “Қазақты күннен туған, күннен туған” деп жырға қосуының астары да осында жатыр.

Ру-тайпалардың таңбасы белгілі мағынаны меңзейді. Қазақтың этникалық құрамына кірген ру-тайпалардың көбінің өз ру-таңбасы сақталған. Олар тарихтың куәсі ретінде әлденеше мыңдаған жылдарды артқа салып, бүгінге жетіп отыр. Осы таңбалардан да олардың Күн, Ай секілді көк тәңірлеріне табынғандығымен бірге рулық, туыстық байланыстарын да байқауға болады. Бұл туралы қытайлық әйгілі ғалым Су Бихай: “Біз жинаған 69 ру-тайпаның таңбасының 19-ы “О” белгісімен байланысты. Оның үшеуі жарты айға ұқсайды. Бұл ертеде Ай мен Күнге табынудан қалған белгі”. “Таңба белгілі бір қандастық жүйеге сай белгіленген. Мысалы, дулаттардың таңбасы “О”, ал одан тараған рулардың таңбасы “О” белгісіне ішінара қосымша сызықтар қосу арқылы белгіленіп отырған”, – дейді. Сол сияқты, мәселен албандар “О”, суандар “О”, ботбай “О”, сиқым “О” таңбаларын қолданады” [44].

Көшпелі түркі халықтардың Күн тәңірімен бірге Бөріге табынып келгені белгілі. IX ғасырда хатқа түскен аңыз-жыр “Оғызнамада”: “Таңертеңгі шақта Оғыз қағанның шатырына Күн сияқты бір жарық түсті, жарықтан көк бөрі шықты” делініп, көк бөрінің Күн жарығы арқылы көктен түскені анық айтылады. Бұлайша көктен түскен көк бөрі көзге көрініп қана қоймай, тілге келіп, жол бастап, өзінің көк тәңірінің нышаны екенін, атап айтқанда, Күн сияқты өзінің бір жарықтан, яғни көктің нұрын кезінде үйсін еліне шашқан жарықтан түскені “Күн би” атаның аруағы екенін айқын дәлелдейді. Оғыз қаған болуы да осы “көк тәңірінен” жаралған көк бөрінің, ата-баба аруағының арқасы. Сол себепті тұңғыш ұлына “Күн” деп ат қояды [45].

Қазақ халқының этникалық құрамына кіретін ертедегі ру-тайпалардың Күнді тәңірі санап, оған жылқы сойып тәу етуі, өздерін Күннен туған “Күнбіз” (хүнбіз) деуі, көсемдеріне “Күн би” деп, ру-тайпалық таңбаларын “О”-Күн пішіні салынған белгімен білдіруінің тарихы өте арыда жатқанымен, оның кейбір көріністері мен белгілері бертінге

дейін, тіпті, қазірдің өзінде сақталған. Ибн Розбехан “Михманнай Бұхара” деген еңбегінде: “Қазақтар көктем келіп, қымыз ашытылғанда оны ыдысқа құйып, әуелі одан дәм татпастан бұрын бетін Күнге бұрады... бәрі бастарын жерге жеткенше иіп, Күнге тағзым етеді. Сірә, мұның өзі жылқы мен қымыз пайда болатын шөп өсіргені үшін Күнге алғыс айтудың көрінісі болса керек” [46], – деп жазады. Әрине, бұл жерде қазақтар жылқы мен шөп өсіргені үшін ғана Күнге тағзым етіп отырған жоқ, ең бастысы, өзін жаратқаны үшін деп Күнге табынатын ата-бабаларының дәстүрін жалғастырып отыр. Кітап авторының бұлай жазуына қазақтардың сол кезде белгілі дәрежеде ислам дінін қабылдағандығы себеп болған деуге болады. Қазақ ішіндегі “Күн тумыш” деген аңыз былай айтылады: “Әулие ата Қараханның бір туысы Ақсыдахан болып тұрыпты. Оның аты Абдолла екен. Абдолланың ханымы Күннен жүкті болып, бір бала туады. Күннен пайда болып туғандықтан баланың атын анасы Күнтумыш деп қояды. Күнтумыш батыр болып өседі. Өзінің батырлығымен бүкіл мұсылман еліне даңқын шығарады...” Қарап отырсаңыз қазақтар өздерін мұсылманбыз деп отырып, Күнтумыш атты батырын Құдай жаратқан деудің орнына Күннен жаралған етіп көрсетеді. Осыған қарап “Күн тәңіріне” табыну дәстүрінің сарқындары ислам діні кіргеннен кейін де сақталған деуге болады.

Қазақ тіліндегі жер-су, ру-тайпа және кеңістікке байланысты қалыптасқан атаулардан ертедегі күнге табынудың ізін байқаймыз. Күнге табынған ата-бабаларымыз Күнге қарап тұрып, Күн шығатын бағытты “күншығыс”, бататын бағытты “күнбатыс” деп, оның “оңтүстік”, солын “солтүстік” деп күндік бағдар тәсілін қолданған әрі рең-түс атаулары арқылы бағыт-бағдарды білдірген. Мұның да түп-төркіні күнге қатысты, яғни күннің көктегі қозғалысы мен аспанның рең-түсіне байланысты қалыптасқан. Мәселен, ауызша шежіреде болсын, жазба деректерде болсын ертедегі ру-тайпалары

атауының алдына көк, қызыл, сары, ақ, қара сынды реңтүс атаулары қосылып келеді. Мысалы: *сары үйсін, ақ үйсін, қара үйсін, қызыл үйсін, ақ найман, сары найман, ақ қаңлы, қара қаңлы, сары қаңлы*. Жер аттары: *Аққұдық, Қарақұдық, Сарықұдық, Көкқұдық, Ақорда, Көкорда*, т.б. Мұнда көк – шығыс, қызыл – оңтүстік, ақ – батыс, қара – солтүстік деген геосимволикалық ұғымдарын береді (Бұл туралы төменде нақтылы материалдар келтіріледі).

Халқымызда *Күнтуған, Күнту, Тәңірберген, Сәуле, Нұржан, Нұрсәуле*, т.б. күнге, жарық пен сәулеге байланысты қойылатын адам аттары ертеден жалғасып келеді. Бұлардың келіп шығуы да күнге табынумен байланысты. *Күндей жүз, күндей түс, күндей көрік, күндей көркем, күндей балқып, күндей сүю, күндей нұрлы, күндей сәулелі, күндей күлу, күндей қуатты*, т.б. тұрақты теңеулерде Күн – жылылықтың, көркемдіктің символикасы түрінде алынғаны, оның арғы жағында да күнге деген шексіз құрмет наным-сенім жатқанын білдіреді.

Күнге табынудың жарқын көріністері тіліміздегі тұрақты тіркестерде анық байқалады. Тіліміздегі күнмен байланысты тұрақты тіркестердің негізі адам тағдырымен байланысты болып келеді. Күннен жаралғанбыз деп, оған табынған ата-бабаларымыз өзінің өмірге келуі, өмір сүруі, өмірден өтуі – осының бәрін күннің тууы, күннің батуы сықылды құбылыстармен байланыстырып қараған. Мәселен, “күнім” деген сөзді қазақтар туған баласына, ең жақсы көретін адамына қаратып айтады. Бұл сөз қазақ тілінде сүйіспеншіліктің ең жоғарғы сатысын білдіреді.

*Күні таяды* – көбінесе аяғы ауыр әйелдерге қаратып, туатын, босанатын мезгіл болды деген ұғымды білдіреді.

*Күні туды* – көксеген мезгілі жетті, дер кезеңі келді деген мәнде.

*Күн көрді* – тіршілік етті, өмір сүрді, күнелтті, яғни өмірге келіп, күн көзін көріп тіршілік етіп жатыр.

*Күн үшін* – өмір сүру үшін, тіршілік қамы үшін.

*Күні көкше жүзсін* – бағы жансын, жасы ұзақ болсын деген мағынада.

*Күн көрсетпеді* — қинады, зорлық жасады, қалыпты тіршілік еткізбеді деген мәнде.

*Күні санаулы* — өмірі өлшеулі, ажал таяп қалды.

*Күні бітті* — ажал жетті, дәм-тұзы таусылды.

*Күнше бат* — қарғыс, ол құрып кет деген мағынада.

Тіліміздегі *нұр жауды, нұр жаусын, нұр үстіне нұр*, т.б. күн нұрына байланысты тіркестер де күнге табынуға байланысты қалыптасқан.

*Күн батты* деудің орнына “күн байыды” немесе “күн орнына отырды” деген. Себебі “күн батты” деген жақсы сөз емес, “күн тәңірісіз өмір болмайды”. М.: Күн байыды, енді қайтайық, қыздар, жүріндер (А.Т).

*Оң жаққа отырғызу*. Киіз үйдің оң жағы қасиетті болып саналады. Себебі шығыстан көтерілген қасиетті күннің сәулесі көбіне киіз үйдің оң жағына түседі. Сонымен бірге қасиетті күн онынан айналады. “Күн” сөзі негізінен түркі тілдерінің басым көпшілігінде “күн”, “гүн” формасында келеді. Одан басқа ұйғырша — “һуяш”, өзбекше — “куәш”, башқұртша — “қояш” түрінде де күнді айтады.

Түркі тілдеріндегі “күн” сөзінің этимологиясы туралы айтылған *пікірлер* ішінде Г.Вамберидің *пікірінің* негізі бар. Ол “күн” сөзіне талдау жасай келіп “күн” сөзі *ки, күй, жан* етістігінен жасалған зат есім дегенді айтады [47].

### 2.2.2. Айға табыну

Аспан денелерінің ішінде Ай да ертедегі халықтардың негізгі табынатын тәңірі болған. Шөлейтте, құрғақ ми қайнаған ыстық өңірлерде адамдар үшін Күннен үлкен қатыгез тәңір болмаса керек. Мәселен, оңтүстік Африкадағы кейбір жергілікті халықтар өсімдік, ағаштардың өсуіне негізгі себепкер Күн емес Ай, тек Айдан тараған жылылық пен нұрдың арқасында аспаннан шық түсіп, одан жердегі адамдар, хайуанаттар

мен өсімдіктер ылғалдық алып өсіп-өнеді деп қараған. Сол үшін олар Күнге емес, тек Айға ғана табынып, оны құрметтеп келген [48].

Аталмыш халықтардың басқалардай Күнді емес Айды құрметтеп, Күннен Айды жоғары қоюына басты себеп, әрине, климатқа, ауа райына байланысты екені рас. Жердегі жалпы тіршілік үшін Айдың ерекше әсері бар екендігін жоққа шығаруға болмайды. Айдың табиғат дүниесі мен жалпы адамзатқа жасайтын ықпалының зор екендігі дәлелденген.

Мәселен, Ай толған кезде өсімдіктердің бойына суды көп сіңіретіндігі және сол кезде отырғызылған өсімдік көшетінің басқа уақытта отырғызылғандарына қарағанда тез өсетіндігі, жеміс ағаштарының бұтақтарының көбірек таралып, мол жеміс беретіндігі анықталып отыр. Тәжірибеде Ай толған кезде өсімдіктердің ішкі клеткаларындағы сұйықтардың реакциясының мүмкіндіктері жоғарылай түскен.

Айдың аспандағы қозғалысы мен жарығының жердегі жануарлар мен құстарға да әсері барлығы белгілі. Кейбір жыртқыш аңдар мен құстар түндегі Ай сәулесін пайдаланып, қорек іздесе, борсық, кірпі, жарғанат, үкі, т.б. тіршілік иелері айлы түнде әрекет етеді.

Айдың жер бетіндегі ең саналы тіршілік — адамзатқа да тигізетін әсері ерекше екен. Ғалымдардың анықтауыша, адамның қанындағы биологиялық белсенді заттар өлара айдан кейінгі үшінші күнде және Ай толғаннан кейінгі екінші түнде жоғарылап, Ай сәулесі көбейген сайын жүрек қан тамыры ауруларының, өлімнің азаятыны, ал Ай өлара кезінде өлім де көбейетіндігі белгілі болды. Сонымен бірге ғалымдар Айдың әйел организмне ететін ықпалы да айрықша екенін анықтаған. Мәселен, әйелдердің бала көтеруі Ай толған мезетте көбірек кездескен. Сондай-ақ сәбидің жынысының ер не әйел болуы да Күн мен Айдың орналасуына, ықпалына байланысты болатындығын анықтаған. Нью-Йоркте 1948—1957 жылдар аралығында

дүниеге келген 50 000 нәрестенің жатырда айдың толған кезінде пайда болғаны дәлелденген. Осыған қарап туатын күні таяған әйелді “айы толды”, “айы-күні таяды” деп, жаңа туған нәрестені *толған айға* теңеген ата-бабалар танымына қалайша таң қалмассың?! Халықтық түсінікте Ай сәулесі басы ауыратын, сақинасы бар адамдарға әсер етеді. Ол адамдарға толған Ай мерзімінде далаға шығуға болмайды. Мұндай тыйым тек ауру адамдарға ғана емес, жай адамдарға да қатысты. Әдетте, Ай толған кезде жалаңбас далаға шығуға, сыртта ұйықтауға, Айға ұзақ қарауға, жас нәрестенің бетіне Ай сәулесін түсіруге, Айға қарап үлкен-кіші дәрет сындыруға болмайды. Ай бетінде кірпік санайтын мыстан кемпір бар деген миф осы тыйымдардан келіп шыққанға ұқсайды. Осыған қарап Ай фазалары өзгерісінің, тіршілік дүниесіне әсер ететінін ата-бабаларымыз толық түсінгенін байқауға болады. Айға табынудың тарихы өте арыда жатқан сияқты. Мәселен, қазақтың этникалық құрамына кіретін ертедегі Ғұндар, және түркі ру-тайпалары туралы қытай жазбаларында осындай деректер бар. “Тарихнаманы” “Ғұндар шежіресінде”: “Наурыз айында тайпа басылары тәңір құтының ғибадатханасына жиналады, маусым айында айдаһар қаласында жалпы жұрт бас қосып, ата-бабаларының аруағына, тәңірге, Жерге, ие-киелерге тасаттық береді. Тәңірқұт таңертең шабуылға аттанғанда Күнге, кеште оралғанда Айға табынады. Шеру тартқанда жұлдыз, Айдың нышанына қарайды, Ай толғанда шабуылға өтеді, Ай туғанда қолын шегіндіреді, ақ боз ат сойып, Күнге тасаттық етіп, жауласқан тайпа басшыларының бас-сүйегін шімдік ыдыс қылады” [49] делінген. Бұндай дерек “Ханнама”. “Оңтүстік ғұндар шежіресінде” де кездеседі, онда: “...хұндар Ай қараңғы күндері соғыс жүргізбейді” [50], — деп жазылған. Ғұндардың Ай толған кезде шабуылға өтіп, Ай қараңғы кезде, Ай туғанда соғыс жүргізбей, қолын шегіндіруі олардың Айға табынуына тікелей байланысты. XIII ғасырда, Шығыстағы моңғолдар

жаулап алған далада саяхатта болған Пано Карпини өз естелігінде татарлардың (бұл жерде көшпелі түркі тектес ру-тайпалар меңзеледі) Күнге, Айға, жұлдызға табынып, оны ерекше құрметтейтіндігін айтады [51]. Көшпелілердің төл тумасы болған қазақ халқының Айға табынуға байланысты наным-сенімдерінің көрнектісі жаңа Ай туғанда айтатын “Ай көрдім, аман көрдім, бұрынғыдай заман көрдім, ескі Ай есірке, жаңа Ай жарылқа!” деп, айға қарап бата тілеуі көнекөз қариялардың арасында әлі де бар. Ш.Уәлиханов қазақтардың Айға табынуына байланысты: “Ай – бір кезде тәңірі болған төрізді. Қазақтар жаңа Ай көргенде иіліп сәлем береді және жаздыкүні сәлем берген жерінің шөбін жұлып, үйге келген соң ол шөпті отқа салады. Қазақтар Айға ұзақ қарамайды, өйткені айдағы кемпір кірпік санайды деп қорқады. Дәретке отырғанда Айға қарап отырмайды. Жалпы алғанда, қазақтар Айды құрметпен сөйлейді” [52]. Батыс Сібір татарлары жаңа Ай кезінде асыр сап би билеген, дауыстап бата айтқан. Осыған қарап қазақ халқының халықтық биі “Айгөлек” те бір кездегі Айға табынған адамдардың оған көрсеткен құрметі негізінде келіп шыққан би болуы керек. Жасы үлкен адамдар: “Жаңа Ай жарылқа, ескі Ай есірке” деп Айға қарап бата оқыса, жастар Айлы түнде толған Ай сияқты дөңгелене қол ұстасып: “Айгөлек-ау, айгөлек, Айдың жүзі дөңгелек, Айдай толған кезімде, би биледім дөңгелеп”, – деп ән шырқап, би билеу арқылы ескі Айды шығарып сап, жаңа Айды қарсы алып отырған. Демек, тіліміздегі Айға байланысты тұрақты тіркестер жоғарыдағыдай табынудан туған түсінік.

Тіліміздегі “Ай” сөзінің жалпы түркілік атау екенін қазіргі түркі тілдерінен байқауға болады. Атап айтқанда, қазақ тіліндегі “Ай” сөзі басқа түрік, әзірбайжан, татар, ұйғыр, қырғыз, қарақалпақ, сары ұйғыр, т.б. көптеген түркі тілдерінде айнымай “Ай” түрінде келеді. Әрине, түркі тілдерінде ішінара дыбыстық айырмашылық бар. Мәселен, якут тілінде “ый” түрінде айтылады. Қазақ



тілінде “ай” сөзінің этимологиясы жөнінде ғалым Т.Жанұзақов мынадай пікір айтады: “Біріншіден, Ай ертеден, көне заманнан-ақ әдемілік пен сұлулық-көркемдік символы болған, оған жұрт табынған, қасиет тұтқан. Ежелгі түркі тайпаларының көк пен аспанды, Ай мен Күнді “қасиетті”, “құдіретті”, “тәңірі” санап, оларға табынғаны тарихтан белгілі. Оған *тіліміздегі аја “әдемі”, “әсем”, осман түркілеріндегі аја “қасиетті” және ајас “таза, ашық аспан”, ајас көк қолданылуы айқын да анық айғақ. Екіншіден, “ай” сөзінің көне тұлғасы, түпнұсқасы ајас-аја сөздері болғаны, олардың заман ағымына сай өзгере келіп, соңғы дыбыстары жоғалып, түсіп қалғаны байқалады. Оның фонетикалық өзгеру схемасы ајас > аја > ај болуы мүмкін деп болжаймыз” [53].*

“Ай” сөзінің шығу төркіні туралы тоқталған Г.Вамбери оның төркінін түркі тілдеріндегі түсті білдіретін “ақ” сын есімімен бірлестіреді және бұған дәлел ретінде түркі тілдерінде үнемі қолданылатын “ай иузлук” тіркесінің мағынасына тоқталады [54]. Г.Вамберидің ай атауын ақ сын есіммен байланысты қарауының негізі бар. Сөздің тіліміздегі қолданысы мен оның беретін мәніне қарасақ, расында да ай атауы о баста заттың сын-сипатын білдіретін сөз болғанға ұқсайды. Қазақ тіліндегі “айдын”, “айқын” сөздері “ай” түбір сөзінің негізінде жасалған [55].

Демек, “ай” сөзі о баста “ақ” деген түсті білдіретін сөз болған, осы сөзден кейін келе қазіргі тіліміздегі сын есім “ақ” туындаған. Бұл өзгерісті ай > ағ > ақ түрінде көрсетуге болады. Түркі тілдерінде й-ғ-қ дыбыстарының сәйкестігі бұрыннан бар қалыпты құбылыс.

Айды киелі санау, оған табыну жалпы түркі халықтарында ертеден келе жатқан көне дүниетанымдардың бірі екенін жоғарыда дәлелдегенбіз. Тіліміздегі айға байланысты тұрақты тіркестердің бір бөлігі сондай дүниетанымдар негізінде қалыптасқан деуге болады.

Ай мерзімі әдетте төрт ширекке бөлінеді: айдың бірінші ширегі — толық ай, одан кейін жарты ай, өлара — соңғы

ширегі, жаңа ай. Бұлардың ішінде де толған ай мен жаңа туған ай ерекше ауызға алынады. Мәселен, тілімізде нәрестені, жастарды, сұлулықты жаңа туған айға немесе толған айға теңеу ең көп ұшырайтын құбылыс. Мысалы. *Туған айдай, туған айдай иілу, туған айдай балқу, туған айдай толқу, он бесте туған айдай десек, бірде толған айдай дидар, толған айдай толықсу*, т.б. Мұның өзінен халқымыздың ертеректе ай фазаларының ішінде жаңа туған ай мен толған айды ерекше құрметтегенін байқауымызға болады.

Халқымыз ай тәңірі тек жанға ғана емес, төрт түлік малға да әсер етеді деп түсінген. Әдетте, өзінің жақсы көретін немесе киелі деген малдарының мүйізі мен тұяғын айға ұқсатып: *Ай тұяқты тұлпарым, ай мүйізді сиырым, ай мүйізді қошқарым, ай мүйізді ақ серкем* деп атайды. Тіршілігінің түп қазығы — төрт түлік малдың тұяғы мен мүйізін табиғатының өзге құбылыстарына емес, тек айға ғана теңеуі, халқымыздың айды ерекше құрмет тұтып, одан мал басының амандығын тілеп, табынуымен сабақтас. Мұндай жағдай олардың тыныс-тіршілігінің әр қырынан байқалады. Мәселен, көшпелілер үшін құрбандықтың ең үлкені *Ай тұяқ, боз қасқа* — жылқы малы есептелінеді. Өзі ақ, тұяғы ай сықылды жануар төрт түлік малдың ішінде тәңірлерге, ата-бабалар аруағына бағышталып союға ең лайықты деп саналған. Және бұл дәстүр сонау сақтар мен хұндар заманынан жалғасып келе жатыр.

Айға байланысты түрлі ырымдар қазірге дейін халық ішінде сақталған. Мәселен, халқымыздың нанымы бойынша күн батқаннан кейін, әсіресе, айлы түнде үйден сыртқа сүт алып шығуға болмайды. Егер бұл тыйымды амалсыз бұзуға тура келсе, онда сүт құйылған ыдыстың бетін ай сәулесі түспейтіндей етіп, бір нәрсемен мықтап жабу керек. Ал бұл шарт орындалмай, сүтке ай сәулесі түссе, малдың желіні ісіп кетеді деп сенеді.

Тілімізде айға байланысты үнемі қолданылатын

фразеологизмдер мен тұрақты тіркестер: *Ай қорғалау, Ай желіну, Ай тұтылу, Ай қараңғысы, Ай арасы, толас болу, туар ай, туар айдың жаңасы, бетін айдай қылу, бетін айдай болғыр, ай қарап отыр ма (жүр ме), айың оңыңнан тусын*, т.б. белгілі наным-сенімге, мифтік аңыздарға негізделіп қалыптасқан.

*Ай қорғалау.* Халқымыз айдың кемігенін немесе кеш туғанын *ай қорғалады* дейді. Халқымызда осы тұрақты тіркесті түсіндіретін аңыз бар. Аңыз бойынша, ерте кезде күн мен ай егіз туған сұлу қыздар екен. Күнге қарағанда Ай сұлуырақ болыпты. Күндердің күнінде Ай сұлулығын айтып, Күннің алдында мақтаныпты. Бұл Күннің қызғанышын туғызады да, ол Айдың бетін тырнап, бетіне дақ түсіреді. Содан бері Күнге жақындап барғанда Ай қорғалап, бетін жасырады. Ал қашықтағанда Ай толып, Күннің қызғанышын қоздыру үшін бетін түгел көрсетіп, мақтанады делінеді.

*Бетін айдай қылу.* Жазықты адамдардың кінәсін жұрт алдында әшкерелеп, сөйтіп ұялтса, мұны тілімізде *бетін айдай қылды* дейді. Бұл сөз тіркесі тіліміздегі *қара бет қылу* фразеологиясымен мәндес болып, соңғысы қазақ арасындағы кінәлі адамды масқаралау салтымен байланысты шыққан. Себебі халқымыз ертеде кінәлі опасыз адамдарды бетіне күйе жағып, атқа немесе есекке теріс мінгізіп, жұрт алдында масқаралап жазалаған. Ал айдың бетінде де дақ бары белгілі. Осы дақты кінәлі адамның бетіне жағылған күйеге ұқсатып, сонымен “бетін айдай қылды” деген тұрақты тіркес қалыптасқан.

*Бетің айдай болғыр.* Бұл қарғыс тіліміздегі *бетің тілінгір, бетің шиедей болғыр* тәрізді қарғыстармен мәндес. Бұл қарғыс әйелдерге қаратылып айтылған. Қазақ әйелдері жоқтау айтқан кезде *басым қаралы, бетім жаралы* дейді. Бұл сонау ғұндар, көне түркілер заманынан жалғасып келе жатқан салт. Мәселен, қытайдың деректерінде ғұндардың өз дәстүрі бойынша тәңірқұттың алдына бетін тіліп кіретіндігі, егер бұл дәстүрге мойын ұсынбаса, басқа

елдің елшілері де тәңірқұтқа жолықтырылмайтындығы, бетін тілу – жақсы көру, құрметтеудің белгісі екендігі айтылады [56]. Сол сияқты түріктер де қайтыс болған адамның туыс-туғандары, жақындары түгелдей мәйіт қойылған үйдің қасына жиналып, оған ас беретіндігі, онан соң мәйіт қойылған киіз үйді жеті рет айналатындығы, әр айналып, есік алдына келгенде пышақпен беттерін тіліп, қанды жастарын ағыза дауыс салып жылайтындығы жайлы деректер қытай деректерінде айтылады” [57], – делінген. Осыған қарап бетін тілу, бетін жырту сонау ғұндар мен көне түркілерден бастау алған өз ішінде жақсы көру, адалдығын білдіру үшін істелетін дәстүр болғанын болжауға болады. Бетін жырту салтының қазақ арасында бар екені бертінгі зерттеушілер (Гродеков, А.И.Левшин, Ы.Алтынсарин, т.б.) еңбектерінде де сипатталады.

*Айпарадай ашық* сөзі көбіне жағымсыз жақтардың көрінеу көзге түсуіне, бір нәрсенің әшкереленіп қалуына қарай айтылады. Бұл жерде *айпарадай ашық* сөзі *бетін айдай қылу* сөзі мен тәркіндес, ұқсас ұғымнан туған болуы керек деп топшылаймыз.

Қазақта *бетің тілінгір, бетің шиедей болғыр, көзіңнен қанды жас аққыр* деген сияқты *бетің айдай болғыр* да “басыңа жаман күн тусын, қаралы бол” деген мағынадағы жаман қарғыс. Өйткені жоғарыда *ай қорғалайды* дегендегі аңыз бойынша айдың беті тырналғандығын айттық. Ендеше Ай бетін қаралы әйелдің жүзіне ұқсату қалыпты құбылыс.

*Ай қарап жүр ме немесе Айға бата қылдың ба?* деген тіркестердің түк бітірмей, бос жүрген адамдарды кінәлау үшін қолданылатындығы белгілі. Бұрынғы кезде жаңа шығатын айды көріп, оған бата қылу үшін ұзақ түндер ештеме істемей оны күтетіндігі, телміріп аспанға қарайтындығы, жаңа ай туғаннан кейін оған бата істейтіндігі шындық. Бұл фразеологиялық тіркестер осы негізде қалыптасқан.

*Айы толды.* Көбінесе аяғы ауыр әйелдерге қаратып, босанатын мезгілі болды деген мәнде қолданылады. Сонымен бірге мерзімі болды, уақыты жетті деген

ұғымдарды да білдіреді. Бұл екі ұғымның қалыптасуына да ай фазасының толуы себепші.

Жаңа ай туғаннан кейінгі екінші күннен бастап Ай шығысқа қарай жылжып көтеріліп, жарығы көбейеді. Ай күннің сол жақ шетіне шыққаннан кейін жердің батыс көкжиегінен көрініп, күн өткен сайын шығысқа қарай биіктеп жарығы молая түседі. Сөйтіп жеті күн өткен соң ай әбден толады. Мұны *айдың толуы* дейді. Тіліміздегі *толған ай, толған айдай* деген сөздер осыдан келіп шыққан. Әйелдің туатын мезгілін *айы толды* деу, жаңа туған нәрестені, жастарды *толған айдай* деуде зор мән бар. Халық арасында әйел бойына бала біткен кезде толған айды көрсе, нәрестенің өмірі онша ұзақ болмайды деген сенімдер де болған.

*Айың оңыңнан тусын. Жолың болсын, өмірлі бол деген* мәнде қолданылады. *Айың оңыңнан тусын* деген тіркес пен *айың тусын, жаңа айың тусын* деген мәндес тіркестер. Ай толып, бірінші ширегі біткен соң айдың жарығы екінші шетінен бастап азаяды. Келе-келе ай екінші жағынан жартыланады, бұл *жарты ай*. Онан кейін жеті күн өткенде ай күннің тұсына барады. Күнмен бірге шығып, бірге батады. Сондықтан біз бұл екі-үш күнде айды көре алмаймыз. Оны халқымыз “өлара” деп дәл айтқан. Өйткені ай күннің оң жағында да, сол жағында да емес, ай күннің сол жағына өткен соң батыс көкжиектен қылдырықтай болып көрінеді, жаңа ай туады. Күннің сол жағынын туған жаңа ай – ата-бабалар үшін оң жағынан туған ай, өйткені күннің сол жағы жердегі адамдар үшін оң жақ екені түсінікті. *Айың оңыңнан тусын* деуі – бір-бірін жаңа туған аймен құттықтауы, яғни *жаңа айың жарылқасын* деген тілектің басқаша түрде айтылуы. Тілімізде *Айың тусын оңыңнан, жұлдызың тусын солыңнан* деген тіркес көп қолданылады. Білмегендер *әдетте айың тусын солыңнан, жұлдызың тусын оңыңнан* деп те айтып қалады. *Жұлдызың оңыңнан тусын деген* тіркес дұрыс болғанымен, *Айың солыңнан тусын* деу мүлде қате. Күннің

оң жағындағы ай жердегі адамдар үшін солдан көрінген ай – *өлара ай*. Туар ай әдетте төңкерілген “)” әрпі, ал өлара ай” (“ таңбасына ұқсайды. Өлер айдың белгісін ертедегі ата-бабалар қайтыс болған адамдардың бейіті басына орнатқан.

Шығыс халықтарында айды аптаға бөлу амалы өте ертеден пайда болғаны аян. Мұның өзі ай фазасының өзгеруіне байланысты шыққан. Себебі олар әрбір 29,5 тәулік, яғни төрт апта сайын қайталанып тұрады. Сондықтан да ай мерзімі төртке бөлінеді: Айдың бірінші ширегі – толық ай, айдың соңғы ширегі – жаңа ай. Айдың әр ширегі шамамен 7 күн саналады. Айдың Үркерді басып өтуі *тоғыс* деп аталған. *Тоғыс* кезінде Үркер мен Ай бір-бірінен алыс болса, халық тәжірибесінде “бұл екеуі бір-бірінен *қырбай* болған екен, қырсығы мал мен жанға тимесе игі еді” деп қауіп ететін болған. Егер олай болмай Үркер мен Ай жақын орналасса, “екеуі жараса қалған екен, мал мен жанның жағдайы жаман бола қоймас” деп жақсылыққа жорыған. Халық тәжірибесінде жаңа Ай шалқалап туса, ол айда ауа райы малға жайсыз болады, ай тік туса, жайлы болады делінеді. Осы сияқты *Ай қораланса аяғынды, Күн қораланса күрегінді сайла* дегендей, халық даналары Күн мен Ай құбылыстарына, олардың басқа жұлдыздармен байланыстарына зер салған, оны бақылап, бір жылдағы, бір айдағы немесе алдағы күннің ауа райына дәл болжамдар жасайтын.

### 2.2.3. Жұлдызға табыну

Жұлдыз туралы наным-сенімдер де жалпы түркі халықтарында негізінен бірдей деуге болады.

Қазақ тіліндегі тілдік деректерге қарағанда, халқымызда жұлдызды киелі санау, Жетігенге (“Жеті қарақшы” жұлдызына) табыну дәстүрі де өте ертеден келе жатқан жалпыхалықтық көне дүниетанымдар қағарына жатады.

Ертедегі қазақтардың сенімі бойынша, аспандағы жұлдыз – жердегі адамдардың жаны. Аспанда жұлдыз қанша болса, жердегі адамның саны сонша болады. Жердегі бір адамға аспандағы бір жұлдыз уәкілдік етеді деп түсінген. Шоқан Уәлиханов бұл туралы: “Қазақтар жұлдыздардың жер бетіндегі бақытқа әсер ететініне сенеді. Халық арасында көк күмбез жайлы әңгімелер де баршылық. Енді біреулердің пікірінше, әрбір жұлдыз жердегі әрбір адамның жанымен байланысты, адам өлгенде оның аспандағы жұлдызы да ағып түседі. Аспаннан ағып түскен жұлдызды көрген қазақтар “менің жұлдызым жоғары” дейді немесе ернін жыбырлатады. Болып-толған бақытты адамды *жұлдызы жанған* деседі” [59], – дейді.

1472 жылы Әз Жәнібек хан тұсында қара үзген шипагер емші Өтебойдақ Тілеуқабылұлы “Шипагерлік баяны” атты энциклопедиялық еңбегінде жұлдыздар туралы айта келіп: “Көктегі жұлдыздар адам санымен тең. Олайы, әрбір жұлдыз – әрбір адам ғұмыры жазылған дәстүр, адамзаттың қолы жетіп, ала алмайтын алтын кітап, ол жылтылдап көрініп, аспаннан өзіне жазылған адамды көріп, бақылап тұрмақ, сол пенде қайғы-қасіретті болса, солғын тартады. Күнге шағылысқан гауһардай жалтылдаса, жанып тұрған бағы болмақ. Дүниеге іңгөлап бір нәресте туылса, бір жұлдыз сол қол туманың жұлдызы ретінде жарық көрген нәрестемен бір мезгілде, ұқсас уақытпен жарқырап көктен туылады, бір адам өлсе, оның жұлдызы жаны шығысымен тең ағып түспек.

Жұлдыздың түнде көрінуі “бағың жанады, демінді ал” деп, пендесіне дем бергендігі.

Жұлдыз бен адамдар арасындағы тіл алысу – пенденің оң-сол иығындағы шижаламағыш періштелер – Кариман, Катиман өзара хабарласып, адамның бақ-сорын, күнәлікүнәсыздығын айтып отырады, ұйықтағанда жұлдызы қарсы немесе жұлдыздас, тағдырлас, жақтаушы адамдарға да хабар тапсырады. Немесе ойлағанда есіне түсіріп, бағы болса, ортақтасып, сүйемелдеп жандырады, соры болса,

итерісіп түсіріседі...” – дейді. Сонымен бірге адамның туылған күні мен жұлдыздарды есептеп, оларды: оңдық жұлдыздар, солдық жұлдыздар, оң маңдай жұлдыз, оң иық жұлдыз, сол иық жұлдыз және маңдай жұлдыз, құбыла жұлдыздар, шүйде жұлдыз, т.б. деп бөліп, жұлдызының орналасуына, тууына сәйкес адам тағдырын айтып береді. Мәселен: “Тумақ айдың тақ жыл, тақ ай, тақ күні он бесіне туғанда туылғандар ең бақытты, дәулетті болып ел билемек, артынша туылғандар ең сорлы болмақ” [60], – дейді. Міне, бұдан XV ғасырда тіпті одан да бұрын халқымызда жұлдызнамалық танымның болғандығы аңғарылады.

Қазақтардың жұлдыз туралы нанымы негізінен арабтарға сай келеді. Мәселен: Арабтарда өрбір планетаны адамның жұлдызы деп есептеген, егер адам дүйсенбі күні туса, оның тағдырына Қамар жұлдызы басшылық етеді, оның жұлдызы оңтүстікте тұрады, көктемде көрінеді деп білген. Соған ұқсас адам қай күні туса, сол күннің жұлдызы адамның келешек өміріне жауап береді деген. Сөйтіп, адам өмірін Шамсы, Қамар, Маррих, Ғұтрат, Мұштари, Зухра, Зухал атты жеті жұлдызға тәуелді деп есептеген. Жалпы жұлдыз туралы жоғарыдағыдай танымдар арабтарға ертедегі грек, вавилондықтардан келген болатын. Ал қазақтарға арабтар арқылы жеткен. Алайда түркі халықтарының өзінде де осындай ұғым қалыптасуы мүмкін. Әсіресе, жеті саны туралы түсінік түркілердің өзіне тән. Қазақ ұғымында күн мен ай басқа жұлдыздардан ерекшеленеді, олар туралы жекелеген дүниетанымдар мол. Тіліміздегі жеті санының киелі сан аталуына “жеті қарақшы” жұлдызына табыну себеп болса керек. Жалпы тілімізде *Жетіген* космонимі қазір көп қолданылмағанмен *“Жеті қарақшы”* атауы әлдеқайда көне, жалпы түркілік сөз. Бұған дәлел ретінде көне жазба ескерткіштерде *“жетіген”* атауының *“жеті қарақшы”* жұлдызы атауының орнына қолданылғанын айтуға болады. Мысалы: көне түркілер жеті шоқжұлдызды “иетиган” [61] деп атаған болса, XI-



XIV ғасырлардағы жазба ескерткіштерде де сол тұлғада “итиган” [62], “иетиген” [63] деген нұсқаларда кездеседі.

Қазіргі түркі тілдерінде аталмыш космоним төмендегідей тұлғаларда сақталған: қазақша – *жетіген*; қырғыз, қарашай, балқарша – *жетиген*; ноғайша – *иетеген*, татарша – *жедигән иолдоз*; башқұртша – *иетигән*; түркіменше – *иедиген, иедигенгер*; анадолы түріктерінше – *иедиген, иедигер; иедикардес, иедишар*; салдар тілінде – *иезиген; иезыген*; алтай, телеуіт – *иәттәгән, чатагән*; тува – *чедихан*; качинок татарларында – *четтәгән*, т.б.

Жетіген атауының шығу төркіні жайлы Г.Н.Потаниннің пікірінің біршама негізі бар. Оның айтуынша, жетіген сөзін алтайлықтар – *ниеттиған*; қарағастар – *шетты хан, чедыхан* [64], ұранхайлықтар – *джитыхан*, алтайдағы телеуіттер – *джитиған*; хашшылықтар – *итыған*, халқа монғолдар мен дүрбіттар – *долон, бұрхан*, жеті құдай деп атаған екен [65]. Демек, “жетігенге” – жеті қаракшы жұлдызына табыну жалпы Алтай текті халықтарда бұрыннан келе жатқан құбылыс екендігін Алтай текті халықтардың ортақ атауынан байқауға болады.

Көктегі жұлдыздарды киелі санау, оны адам тағдырына балаудың көріністері, халық ауыз әдебиетінде айқын көрініс тапқан. Мәселен, “Ұшарханның баласы Жанды батыр” ертегісінде “Дәу досы отырса, дәл маңдайында жарқырап тұратын Жанды батырдың жұлдызы екенін көзі шалып кеткенде, “ой бауырым” дап алтын тақтан құлап түседі” делінеді. Сол сияқты “Кедейдің үш баласы” деген ертегіден де жоғарыдағы айтылған жұлдыз туралы сенім іздерін көруге болады. Ертегіде аспандағы жұлдызды санап, адамның өлі-тірісін білетін ағайынды үш жігіттің үлкені – Ашкен, бір інісінің өлім қаупіне тап болғандығын аспандағы жұлдызға қарап біледі. Мысалы: “Ашкен бір күні уәзірлерімен далаға шығып тұрып, аспандағы бір жұлдыздан қан тамып тұрғанын көре салып: Ох! Менің інілерімнің бірі өлген екен”, – дейді.

Тіліміздегі *жұлдызы биік, жұлдызы жоғары, жұлдызы*

*жанған, жұлдызы жарқын, жұлдызы оңынан туған* деген сөздер, *жолы болған, өмірі ұзақ* дегендей мән-мағыналарды білдіреді. Ал *жұлдызы сөнү, жұлдызы жанбау, жұлдызы өту* дегендер өлімді, қырсықты, сәтсіздікті білдіреді. Жалпы тіліміздегі жұлдызға қатысты тұрақты тіркестер жоғарыдағыдай наным-сенім негізінде қалыптасқан. Бұл жағдай оның тілдік қолданысы мен мазмұнынан айқын байқалады.

*Жұлдызы жанды немесе жұлдызы жарқырады* – жолы болды, бақытқа бөленді деген мағынада айтылады. Мәселен, Біз бірімізге біріміз күлмей-ақ қоялық. Екеуміз де сәтсіз сорлымыз, біріміз әдебиетте, екіншіміз махаббатта *жұлдызымыз жанбай-ақ* келеді (М.И.) Омбы қаласында тірі бір жан білмейтін, мұжық тақілеттес, шала сауатты кісінің де *жұлдызы жарқырап* шыға келді (Ә.Нұрпейісов).

*Жұлдызы жарқын* – 1) өмірі кіршіксіз, 2) беті ашық деген мәнде қолданылады. Мысалы, Ол қашаннан *жұлдызы жарқын* адам. Өзінің биографиясы тамаша (Т.Ахтанов).

*Жұлдызы жоғары* – мерейі үстем, дұшпанын мұқатып, иығы өсіп тұр деген мағынада. Көбінесе бал ашқанда айтады.

*Жұлдызы биік* – бақытты, мерейі үстем.

*Жұлдызы оңынан туды!* – бағы ашылды, жолы болды. М.: *Жұлдызың туып оңыңнан, қаруың түспей қолыңнан, Алатау ассын атағың, Қарағым, жалғыз тілегім* (Қ.Жұмалиев). Бұл тіркес кейде ұйқас үшін *жұлдызың тусын солыңнан* деп те қолданыла береді. Мысалы: Айың тусын оңыңнан, *жұлдызың тусын солыңнан*. Хабарсыз кеткен Төлеген, Сансызбай атты ініңіз, іздеп бір шығар соңыңнан (Ғ.Мүсірепов). Алайда халықтық ұғым бойынша, тек *оң жұлдызды* адамдар бақытты болады, барлық ісі оңға басып тұрады делінеді.

*Жұлдызы сөнді* немесе *жұлдызы ұшты* – 1) өлді, дүниеден қайтты, 2) бақытты тайды. Мысалы, Басы ауырса,

“жарық жұлдызым сөнді” дер, бар кінәні дәрігерге төндірер (Ш. Смаханұлы).

*Жұлдызы түзелді* – тағдыр таразысы теңеледі: ісі, беті оңғарылды. Мысалы, *Жұлдызы түзеліп*, жолдарын оңғарып, жарық дүниеге екеуі қайта шығар заман туса, өздеріне табыс етем (М. Әуезов).

*Жұлдызы ыстық* – жаны жақын, сүйкімді кісіні өзіне баурайтын қасиетке ие. “Келіннің бетін кім ашса, сол ыстық” деп, сенің анау келінге *жұлдызың ыстық-ау*, бала (А. Т.).

*Жұлдызы келіспейді* – бұл сөз кейде “жұлдызымыз келіспейді” деп те айтылады. Шығыса айтамыз, басымыз қосылмайды деген мәнде қолданылады. Бұл сөздің шығу тегі де халқымыздың жұлдызнамалық дүниетанымынан келген. Мәселен, “Шипагерлік баянында”: “Маңдай жұлдыздылар мен оң маңдай жұлдыздылар сыйластық, сырластық жарасым соншалық жарасқандықтан, бірі үшін бірі өлуге пейіл, тіпті, бірінің жолында бірі өледі”. Ал “Маңдай жұлдыздылар мен шүйде жұлдыздылардың еркегі болсын, ұрғашысы болсын, еркегі мен еркегі, ұрғашысы мен ұрғашысы болсын, үлкені мен кішісі болсын сырласып, сыйласымдылық әдеп-ибаны қойып, жарасым таппай, бір-біріне өле-өлгенше өш, бір-біріне өзара қастас болмақ, Жарастыру үміті селге кетпек, зор өліспей беріспеу болмақ ... “шүйде жұлдыздылар мен сол иық жұлдыздылардың отамысы және отасымдылығы жақсы деуге ауыз бармайды” [66], – делінген. Демек, тіліміздегі *жұлдызымыз келіспейді* деген сөздер халқымыздың осындай жұлдыз туралы наным-сенімдерінен келген. Тіліміздегі *жұлдызы қарсы* – өш, жаны қас деген тұрақты тіркес те жоғарыда айтылған Маңдай жұлдыздылар мен шүйде жұлдыздыларға қатысты айтылған танымнан шықты деуге болады.

*Жұлдыз көру* – бұл қазақ, қырғыз, т.б. түркі халықтарында бұрыннан келе жатқан жұлдызға табынуға байланысты шыққан наным-сенімдік салт-дәстүр. Бұл сенім бойынша аспандағы жұлдыздарда от тәрізді пәле-

қазадан аластау қасиеті бар деп саналады. Мәселен, қазақтарда өлген адамды ораған кілемді, оның киімдерін *жұлдыз көрсін* деп іліп қояды да, қараңғылық түсіп, жұлдыздар жамыраған кезде жинап алатын болған.

*Темірқазық жастану* — қауіп-қатерге басын тігіп, мақсатына жеткенше күресу деген мағынада. Қазақ арасында өлген адамды жерлегенде, басын Темірқазыққа қаратып қою дәстүрі болған. *Темірқазық жастану* деген тіркес міне осындай дәстүр мен наным-сенімдер негізінде туған.

*Сәрсенбі күн сәтті* — күн немесе *сәрсенбінің сәтінде* — бұл сөздің тегін қусақ өте арыда жатыр. Яғни жұлдыз құдайына табынуға байланысты қалыптасқан болып араб-парсылар арқылы бізге ауысқан. Сәрсенбі Вавилонда — “набу”, гректе — “Гермес”, Римде — “Меркурий” құдайдың күні болған. Сол себепті сәрсенбі күнді француз, латын, испан, итальян, румын тілдерінде Меркурий планетасымен, яғни Рим құдайының атымен атаған [67]. Сәрсенбі күн — грекше Гермес құдайының күні, олай болса “Гермес — жолаушылар құдайы” [68]. Парсы тілінен енген “сәрсенбі” сөзі жоғарыдағы діни-сенімге қатысы жоқ болғанымен, оның арғы тегі, яғни қазіргі халық жадында бар “сәрсенбі — сәтті күн” деген сөздің мәні, түп негізі біздің жыл санауымыздан екі-үш мың жыл бұрынғы Вавилон құдайларымен, Гомер дәуіріндегі грек мифологиясымен, одан бергі Рим понтеондарымен ұштасады. Атап айтсақ, Меркурий құдайдың күні (сәрсенбі) жол жүрген, сапарға шыққан адам оның қорғауына, қолдауына ие болады деген көне *дүниетанымнан сәрсенбі күн сәтті күн, сәрсенбінің сәтінде* дегендей тіркестер қалыптасып халық санасына әбден сіңген. Қазірге дейін халық ішінде алыс сапарға шығар күн мен той-томалақ, т.б. үлкен жұмыстарын сәрсенбі күнге туралайды.

*Жұлдыз* — түркі тілдерінде дыбыстық, тұлғалық жағынан өзгешеліктері болмаса, бәріне дерлік ортақ атау.

Мәселен, қазақ, қарақыпшақ — *жұлдыз*, қырғыз — *жылдыз*, ұйғыр — *юлдуз*, әзірбайжан — *улдыз*, түркімен, түрік, тоғалар — *сылдыз*, хакас — *чылтыс*, якут — *сулус*, т.б.

*Жұлдыз* атауының этимологиясы туралы зерттеушілердің пікірлері екі арнаға саяды. Г.Вамбери, Б.Аталай, Т.Текин қатарлы ғалымдар бір топ. Олар аталмыш сөздің алғашқы компонентін етістік сөз десе, екінші топтағы ғалымдар Э.В.Севортян, Ә.Т.Қайдаров, Т.Жанұзақов, т.б. алғашқы компоненті еліктеуіш сөз дейді. Атап айтқанда, Г.Вамбери: *йолдуз*, *йалдуз* тұлғаларын *йал*, *йыл*, *йол*, *йул* сынды *жарқыра*, *жалтыра* мәніндегі түбір етістіктен жасалған туынды сөздер деп есептейді. Ал Б.Аталай *йылдыз* тұлғасын *йыл* мен *дыз* түрінде екі компонентке бөліп, мұндағы *йыл* компонентін түрік тіліндегі *йлдырыл* “*жай*, *найзағай*” сөзіндегі түбірмен бір негіздес, ал *дыз* компонентін жұрнақ деп таныды. Т.Текин *йултүз* зат есімі мен *йулдыра* — “*жалтыра*” етістігінің түбірі бір деп санайды [69].

Бұлардан өзгеше пікірдегі Э.В.Севортян болса, *йултүз* тұлғасын *йулт* — *у* — *я* деп бөліп, мұндағы алғашқы компонент *йулт*” -ты еліктеуіш, ал -*у*, -*з* -дарды жұрнақтар дейді. Академик Ә.Қайдаров тіліміздегі *жұлдыз* сөзінің түбірі *жұл* дейді. Ал оған *жыл* > *жылт* еліктеуіш сөздері негіз болғанын айта келіп, *жұлдыз* сөзін мынадай компоненттерге бөледі: *жұлдыз* > *жұл* + *т* + *ыз* [70]. Ғалым Т.Жанұзақов *жұлдыз* сөзінің шығу төркіні жайлы: “Біздің байқауымызша, *жұлдыз* екі компоненттен тұрады. Оның бірінші компоненті *жұлд*- болса, екінші компоненті -*ыз* морфемасы. Ал *жұлд* сөзі бастапқы тұлғасынан өзгерген о бастағы *жылт* (жылтылдаған) мағынасындағы лексема екенін бағдарлаймыз. Оның реконструкциясын былайша түсінеміз: *жұлд* > *йылд* > *йылт* > *жылд* > *жылт*. Ал екінші компоненттегі *ыз* көне көптік жалғау көрсеткіші екеніне ешбір күмән болмаса керек. Демек, *жұлдыз* “*жылтыраған*, *жылтылдаған денелер*” деген мағыналы сөз деп ұғамыз. Мұндағы дыбыстардың алмасуы, яғни *ж* —

й, д – т, ы – у түркі тілдеріндегі заңды құбылыс [71].

Жоғарыдағы екі пікірді салыстырып көргенде, екеуінде жалпы мағыналық ұқсастық бар. Атап айтсақ, екі топтағы ғалымдарда *жұлдыз* сөзі “*жарқыраған*”, “*жылтыраған*” болсын, “*жылт-жылт*” болсын өз табиғатына сай жарық деген мәннен алыс кетпейді.

#### 2.2.4. Отқа табыну

Табиғат құбылыстарының ішінде ертедегі адамдардың жалпылама түрде сиынып, табынатын объектілерінің бірі – от. Оның өзіндік себебі бар. Ертедегі адамдар табиғат апаттарынан үнемі үлкен зардап шегіп отырған. Отты көргенде құдды қазіргі жан-жануарлардың оттан өлердей қорқатыны секілді қатты үрейленетін. Алайда араға ұзақ уақыт салып ертедегі адамдар оттың сырын ұғып, оның пайдалы жақтарын да көре бастаған. Олар баста табиғи оттарды пайдаланса, кейін келе өздері от шығарып, тұрмысқа жарататын болған. Сол кезде адамдар бір жағынан оттың қандай зат болмасын құртып, күлге айналдырып жіберетін қорқынышты күшін көріп үрейленсе, екінші жағынан оттың шикі азықтарды пісіретін, суықтан сақтап жылу беретін, жабайы жыртқыш аңдардан қорғайтын, қорқынышты қараңғы түнде жарық түсіретін пайдалы қасиеттерін байқап, оған деген шексіз құрмет көрсетті. Кейін оттың қуатымен металл қорытып, түрлі қару-жарактың жасалуы адамдардың отқа деген құрметін тіпті күшейтті. Міне, осындай сенімдер мен сезімдер негізінде алғашқы адамдар отты құдіретті күш, киелі құбылыс санады; пәле-қазадан сақтап, аластайтын қасиеті бар деп оған табынды.

Жалпы дүниеде отты киелі санамайтын, оған табынбайтын халықтар кемде-кем. Олардың көбінде әр дәуірде отқа табынуға байланысты түрлі наным-сенімдер, салт-дәстүрлер қалыптасқан. Мәселен, қытайдың Шия

патшалығы (б.э.д. 21–16 ғасырлар шамасы), Шаң патшалығы (б.э.д. 16–11 ғасырлар шамасы) дәуірлерінде отқа табыну болғандығы тарихи жазба деректерге түскен. Атап айтқанда, бұл кезде патшалықта оттың құрметіне арнаулы алау қызметкері белгіленіп, жылдың көктем, жаз аяғы, күз, қыс мезгіліне қарай әр түрлі ағаштарды тұтатып от жағатын болған. Бұл дәстүр Жоу патшалығы (б.э.д. 11–8 ғасырлар) дәуірінде де жалғасып “от құдіретімен мемлекетті дұрыс басқару, жылдың төрт мезгілінде ел алауын жағып, індеттен құтқару” мақсатын орындайтын арнаулы мансаптылар болған [72]. Демек, парсылардың ықпалынсыз-ақ, қытайлар ертеден отты киелі нәрсе деп түсініп, оған табынған. Оттың ауруды емдейтін, індеттен құтқаратын қасиеті бар деп түсінген.

Тарихта қазіргі қытайдың батыс өңірінде ғұндармен көршілес жасаған көшпелі Чиан тайпасында (қазіргі Тібет, И, Нашы, Лагу Хани, Жинши халықтарының арғы тегімен қатысты тайпалар одағы) Чун Чу дәуірлерінде (б.э.д. 722–481 жылдар аралығы) *сүйек күлін өртейтін* жерлеу дәстүрі болғандығы туралы қытайдың көне жазбасы “Тәй пин иу ланда” жазылған. Бұл дәстүр Чиан тайпасының төл ұрпағы саналатын халықтарда бертінге дейін сақталған. Олар отты киелі зат, аластау қасиеті бар деп санаған. Кейбіреулерінде өлікпен бірге оның тірі кезінде пайдаланған заттарын да өртеп, бірге көмген [73]. Міне, осындай отқа табыну дәстүрлерінің ертедегі грек-үнді елдерінде болғандығын тарихи деректер дәлелдеп отыр. Америка құрлығындағы үндістерде отқа табыну дәстүрі болған. Тілдік деректер бойынша отқа табынуға байланысты қалыптасқан тұрақты сөз тіркестері түркі-алтай халықтарының тілінен басқа тілдерде де кездеседі. Мысалы, француз тілінде *“en mettre sa main auten”* (қолымды отқа тосайын, от ұстайын) деген фразеологиялық тіркес бар. Бұл “айтқаным шын, күнәм жоқ, қасам берейін” деген мәнде қолданылады. Сөздің тегі француздың отқа табынуға байланысты қалыптасқан ертедегі салт-дәстүріне қатысты. Атап айтқанда,

француздар ол кезде бір адамның күнәлі не күнәсіз екенін от ұстату, отқа қолын күйдіру арқылы анықтаған. Олардың сенімі бойынша, от қасиетті нәрсе, күнәсі жоқ адамдарды күйдірмейді, күйген жағдайда күнәсі жоқ адамның жарасын Құдай үш күнде-ақ жазады деп қараған [74]. Дәл осы сияқты фразеологиялық сөз тіркесі үнділерде де кездеседі. Мәселен, *Ақиқат оттан қорықпайды*. Бұл сөздің тегі де үнділердің отқа табынуына байланысты. Үнділерде бір адам өзінің күнәлі не күнәсіздігін басқалар алдында жанып тұрған шоқтың үстінен жалаң аяқ өту немесе қолын ыстық майға не қайнаған суға батыру, не болмаса қып-қызыл темір таяқшаны қолымен ұстау арқылы білдіретін болған. Олардың сенімі бойынша, от тек күнәсі бар адамдарды ғана күйдіріп қинайды, ал күнәсі жоқтарды күйдірмейді деп санаған [75]. Міне, осыдан келе жоғарыдағыдай тұрақты сөз тіркесі қалыптасқан. Соған қарап біз тарих пен тілдегі фактілерге сүйене отырып, ғалымдардың бір бөлігі айтқандай “отқа табыну дәстүрі тек парсылардан тараған” дейтін пікірді жоққа шығаруымызға болады. Уақыт мөлшері жағынан болсын, бізге жеткен деректерден оттың көптеген халықтарда көне парсылардағы сияқты “Құдай” дәрежесіне көтерілген діни сенімге айналмағанымен, олардан да ертедегі “көп тәңірлердің” бірі ретінде белгілі дәрежеде табыну объектісі болып саналғандығын көреміз.

Қазақ халқының қазірге дейін сақталып келген отқа табыну, отты қасиетті санау дәстүрінде де жоғарыдағыдай пікірдің болуы орынды сияқты. Қазақ халқына этникалық құрамына кірген көптеген ру-тайпаларда зороастризм культі ықпал етпей тұрып, отқа табыну дәстүрі болғандығын археологиялық деректер мен жазба ескерткіштер, тіл фактілері мен салт-дәстүрлер айқын дәлелдейді. Тіпті, парсылардікі деп жүрген зороастризмнің өзі де қазақ халқының этникалық бір тегі болып саналатын ертедегі сақтар жұртында пайда болғандығын кейбір ғалымдар дәлелдейді.



Қазақ жерінен табылған археологиялық деректерге қарағанда, “қола дәуіріндегі тайпаларда отқа табыну болды, мұны сол заманда кең тараған өлікті өртеу ғұрпы көрсетеді. Қола дәуірінің әр түрлі кезеңдеріндегі қабірлерде өртелген сүйектің қалдықтары кездеседі. Ежелгі адамдардың ұғымынша, от денені жамандықтан тазартады және өлген адамды зұлым ұрықтардан қорғайды.

Кейде өлік қойылған қабірлерде күл мен көмірдің қалдықтары кездеседі, мұны да отқа табынушылықпен байланыстыруға болады. Қола дәуірінде өлікке қызыл жоса себілетін немесе молаға бір түйір қызыл жоса салынатын жерлеу дәстүрі кеңінен қолданылған. Адамдардың санасында қызыл түс отты білдіреді және күнмен қатар оттың құдіретті күші зұлым рухтардан қорғайтын қасиеті бар деп есептелінген” [76]. Әйгілі ғалым Ә.Қоңыратбаев: “Аналық дәуірдің аяғында, б.э.д. VII ғасырда Хорезм жерінде зороастризм культі туады. Зороастризм Кавказ, Таяу Шығысқа тез тарайды. Әсілі, зороастризм орталығы Бұхар болса керек. Өйткені онда жер астынан шығатын газдар көбірек болған. Осыдан сақ елдерінде отқа табыну, оны қасиеттеу салты туады. Толстовтың археологиялық зерттеулеріне қарағанда, Хорезм жерінде, Сагдианда “Әтешханалар” Сияуыш, Маздақ, Мухана кезінен бастап туған. Топырақ қала, жамбас қаладан оты қысы-жазы, күні-түні үзілмей жағылатын “алауханалар” тарихын Толстов келтірген. Онда тек еркектер ғана бас қосқан. Бұл салттың қалдықтары қазақта келін түскенде отқа май кую шілдеханаларда сақталған. Қырғыздардың ертеде май жағатын тас шамдары болған. Шам өзі өшпей, оны сөндірмеген. Зороастризм дінінің тарихы тұсында Сияуыш аңызы айрықша мәнді, өйткені оны төжіктер бірде жыл басы Наурыз, бірде өсімдіктің өліп-тірілуі түрінде, бірде от тәңірі түрінде түсінеді. Сияуыш Хорезмде өскен. Иран патшасынан қашып, Афрасиябтың қызын алады. Ол — Шығыс аңыздарында зороастризмнің атасы“, — дейді. Ғалым одан әрі: “Сияуыштың жұртын Хорезм сақтары

деп табу “Шахнаманың” өзінде бар, Қажомұрас Хорезмге Сасраука дейтін өгізге мініп келіп, Ходжейліде өледі. Өзбектер оның моласын Мазлумхан, Шамунәби деп атайды. Күшан – ақиқат сақ. Оның немересі Жамшид шығыста бірінші рет қала салған адам. Хорезм жеріндегі Има тауына келіп орналасады. Сол ретпен Хорезмде жаңа Иран Ариянем-веджу пайда болыпты”, – дейді “Шахнама”. Сөйте тұрып жыр Сияуыштың өскен жерін Түс, Гьюю, Гю, Гутраз, Даугай деп көрсетеді. Сияуыштың өзі жұмбақ әйелден туады. Түс, Гю, Гутраз дейтін жерге Түс, Гиф дейтін тәжік батырлары аңға барса, тоғайдан бір қыз көреді. Ол Фарсиваздың өзіне жақындығын айтып, арғы атам Феридун дейді. Екі батыр қызды тәжік патшасы Кейхуасқа алып барады. Оған Кабус үйленеді. Содан Сияуыш туған екен дейді жыр. Бұдан ары Сияуышты Рүстем тәрбиелейді. Сегіз жасар Сияуышқа Кабус Хукстанды береді. Кабус патшаның әйелі Судаба өгей бала Сияуышқа ғашық болады. Бірақ Сияуыш оған шықпайды. Ренжіген Судаба “Сияуыш күндермен жүрді, одан бала туды” деп айыптайды. Сияуыш өзінің адалдығын білдіру үшін қара қасқа ат мініп от дариясынан өтеді. Зороастризм культі осылай туады дейді [77]. Қазақ халқында бертінге дейін сақталып келген, жанып тұрған екі оттың ортасынан өткізіп аластау, тазарту және “от атайын” деп қасам беру дәстүрлері осы айтылған Сияуыш аңызымен ұштасып жатқандай. Қытайлық ғалым Су Бихай: “Бүгінгі қазақ халқының этникалық құрамында байырғы сақтардан қалған нәсілдік тек бар”, “Сақтар да парсылар секілді мәңгілік от пен қасиетті суға табынған. Хорезмдегі байырғы жұрттан “от күмбезінің орны – алауханалар табылған”. Ертедегі адамдар сол “от күмбезінің ішінде қасиетті отқа тәу еткен” [78], – дейді. Сондай-ақ үйсіндер мен қаңлылар да отқа табынғандығын айтады [79]. Бәрінен тазартатын киелі күш деп біліп, отқа табыну, күнге табынудан келіп шыққан (ертеде сақтар да күнге табынатын – Қ.Ғ.). Ол Еуразияның мал өсіретін көптеген

тайпаларында кеңінен тараған. Батыс Қазақстандағы ағаштан жасалған мола үстіндегі құрылыстарды өртеу ғұрыптары зұлым рухтарды жоғалтатын оттың тазартқыш күшіне сенумен байланысты. Арал маңы сақтары сияқты Елек пен Жайық Савроматтарының кейбіреулерінде де қызыл бояу – от күннің символы жиі ұшырасады [80].

Сақтардың арғы ата-бабаларынан басталған отқа табыну, отпен аластау, киелі санау дәстүрі кейінгі кезде көне түркі ру-тайпаларында да жалғасқан. Мұны тарихи деректер айғақтайды. Мәселен: “Жоунамада”: “Түріктер жерлеу күнін белгілеп алғаннан кейін, қайтыс болған адамның мінген атын және тірі кезінде пайдаланған басқа да бұйымдарын өлікпен бірге өртеп, оның күлін жинап қоса көмеді”, – делінген. Бұндай дерек “Сүйнамада” да кездеседі [81]. Бұдан басқа ертедегі Рим империясының патшасы II Emperor Justin 568 жылы Шығыс түрік қағанатының қағаны Істемиге Zemarchus Басқан елшілерін жіберген кезде, түріктер оларды екі оттың ортасынан өткізіп, содан кейін барып қабылдаған [82].

Біздің жыл санауымыздан кейін VII ғасырда Батыс түрік қағанының ордасы тұрған Суяап қаласына келген Қытайдың будда дінін уағыздаушы монахы Шуан Заңның жазуынша, түріктер отқа табынады екен. Ағаш құрамында от бар деп санағандықтан, олар ағаштан орындық істетпеген. Шуан Заңды қарсы алған Батыс түрік қағаны оған отыруға темірден жасалған орындық әкелуін бұйырған. Жоғарыдағы деректер көне түркілерде отқа табыну, отты киелі санау дәстүрінің болғандығын дәлелдейді.

Сақтар заманында тіпті одан да бұрын пайда болып, көне түркі ру-тайпаларында жалғасын тапқан отпен аластау, отты киелі санау дәстүрі қазіргі түркі-моңғол тектес халықтарға дейін жеткен. Мәселен, қазақтар бертінге дейін отты барлық пәле-қазадан құтқаратын киелі күш, тазартатын қасиеті бар деп қараған. Сол себепті малға ауру-індет келгенде және қыстаудан көшкен кезде малды отпен аластаған. Халқымыздың ертедегі түсінігі бойынша:

ала қыстай отырған қыстау лас болады, онда адамға, малға зиянды кесірлер ұялайды. Жаңа қоныс-жайлауға шыққанда оны тазалап шығу керек. Ол үшін жайлауға шыға беріс көш жолына екі жерден үлкен от жағып, жетектеген түйелі көшті, айдаған қой-ешкіні, сиырды осы екі оттың арасынан өткізіп аластаған. Әдетте, от басында “алас-алас, бар пөледен қалас” деп зікір айтып, ауылдың жасы үлкен әйелдері тұратын болған. Халқымыздың ұғымында төрт түлік мал ішінде жылқы “таза жануар”, “киелі мал” саналады, сондықтан алас отының арасынан жылқы өткізілмейді. Оттың құдіретті күш, аластағыш қасиеті бар деп есептегендіктен, халқымыз ауырған адамды, жолаушыны, жаңадан көшіп кірген үйді, жас баланың бесігін (бесіктің арқалық ағашын жеті жерінен отпен қарып қою салты бар), тіпті, кейде ауырған малды да “алас-алас, бар бөледен қалас” деп, зікір айтып аластайтын болған.

Тілімізде отқа табынуға байланысты қалыптасқан тұрақты тіркестер біршама: *от аттайын, от соққан, отпен ойнау, от жаққан жер, отқа құяр, отқа қарау, оты өшті, түтінін түтету, ошақтың үш бұтынан сұраймын*, т.б.

*Отпен ойнау* — қатерлі іске соқтығу: *от соққан* — жынданған, есі дұрыс емес; *от аттайын* — ант берейін, қасам берейін, т.б. тұрақты тіркестер тікелей отқа табынуға байланысты қалыптасқан. Ш. Уәлиханов: “Қазақтар *жан беру* уәде, серт беру үшін екі жерден от жағып, кінәсі бар адам сол екі оттың арасынан өтеді... Сонымен бірге олар отқа табынып, оттың қаһарынан қорыққан, сол оттың қаһарымен анттасқан” [83], — дейді.

Халқымыз отты киелі күш деп қарағандықтан, кейбір ауруларды отпен емдеген. Бұл туралы Шоқан Уәлиханов: “Қазақтар көптеген аурулар оттың киесінен болады” деп түсініп, отпен емдейтін болған. “Отпен емдеудің бір түрі: малдың жеті мүшесінен жеті жапырақ ет кесіп алып, отқа қақтап, ауырған жерді қыздырады, әсіресе сары ауруда. Аурудан тазарту үшін отқа жез шөмішті қып-

қызыл етіп қыздырады, сонан соң қызған шөмішке май құйып, көк шүберек салады, шүберекпен май тұтанып жанғанда, шөмішті аурудың бетіне жақындатып, шөмішке суық су құяды, осы кезде шөміштен қатты бу шығады, емдеудің бұл түрін жел-ұшық – желмен ұшықтау, ырым-жоралғы емдеудің бір түрі дейді” [84], – деп жазады .

*Отқа құяр.* Халқымыздың түсінігі бойынша, қасиетті от жанұяның да символы есептелген. Отты үйдің, қазандағы ырыстың қамқоршысы санаған, оттың орнын басуға, отқа түкіруге, әсіресе отты сабауға, отты аттауға қатты тыйым салған. Қалыңдық түскен үйінің табалдырығын аттағанда отқа май құю арқылы істелетін ырым “от ана, май ана, жарылқа!” дейтін тілек те отқа табынумен тікелей байланысты. Келін жаңа түскенде, жоғарыдағыдай ырым істеліп, “от ана, май ана, жарылқа!” деген тілек орнына “от әулие, май әулие, жарылқа!” деп айту дәстүрі де халқымыздың өмірінде болған. Бұл дәстүр бойынша келіншек табалдырықтан аттаған бойда, ошаққа жеткенше тізесін бүгіп, үш рет сәлем етеді. Содан кейін үй ортасында жанып тұрған отқа бір бақыраш май құяды.

Бұл майды әйелдердің бірі дайындап тұрып, сол жерде келіншекке береді. Лапылдап жанған майдың жанына кемпірлер қолдарын тосып: “от әулие”, “май әулие” деп беттерін сипайды.

*Отқа май құю* дәстүрі тек келіндер жағында ғана емес, күйеулер жағынан да атқарылатын салт болған. Бұл кәде күйеу жігіт алғаш рет қайын жұртына қайыншылап барып, қайын атасының табалдырығын аттағанда істелген. Халқымызда бұл дәстүр *отқа құяр* деп аталған. Бұл дәстүр бойынша “күйеу келіп табалдырықтан аттай бергенде оған үш рет тәжім еткізеді де, үй ортасында жанып тұрған отқа әкеліп, қолына сұйық май құйылған темір бақыр береді” [85]. Бұл кәдені орындаумен қатар күйеу жақ қалыңмалды да өткерген.

Келіннің *отқа май құю* дәстүрі қазақтармен қатар қырғыздарда, ал күйеудің қайын атасының отына май

күю кәдесі алтайлықтарда бар. Алтайлықтардың салты бойынша күйеу қайын атасының ошағына ет тастап, май күйған. Түркі халықтары ғана емес, алтай текті халық моңғолдар да отты қасиетті деп санайды. Олар үйдің иесі болып қалатын кенже ұлына “отчигін” деген сөзді қосып береді. Бұл қазақтың “от иесі” дегенімен қарайлас сөз. Моңғолдар отқа жаман, лас нәрселерді тастамайды, пышақпен түрткілеп шұқыламайды, үстінен аттамайды. Отқа тамақтың алдында арнап сиынады. Сырттан келген тағамның алдын отқа арнау, жаңа қайнатқан шайынан отқа тамызу дәстүрі бар [86]. Демек, отты қасиетті деп ұғу, семьяның символы деп есептеу, үйдің, қазандағы ырыстың қамқоршысы санау алтай текті түркі-моңғол халықтарына ортақ ұғым, ұқсас дәстүр болған.

Отты тіршіліктің арқауы, жанұяның қамқоршысы, ырысы деп санайтын халқымыз “менің үйім” деудің орнына *от жаққан жерім*, бір үй деудің орнына *бір түтін* деген тұрақты тіркестер қолданған. *Оты өшті, түтін түтетері қалмады* деген сөздер бір жанұяның құрып бітуін, ер-азамат ұрпағының қалмауын білдіреді. Осы сияқты отпен байланысты қалыптасқан қазақ тіліндегі жеке сөздер мен тұрақты тіркестер біршама: *отаға* бұл сөз бастапқыда *от ана* деген сияқты қалыптасып, кейін келе *от пен аға* сөзі бірігіп, *отағасы* болып үйдің иесі, семья басы, ақсақал мағынасын беретін сөзге айналған. Сол сияқты *от басы, отау*, т.б. сөздер де жоғарыдағыдай негізде жасалса керек.

*Отыма* – *оттық* – жарымжан, сал балалар туғанда, шешек шыққанда айтылатын ырым.

*Оты өре жанбау* – жолы болмау, бағы ашылмау. Мәселен, “Араз болса ағайын, оты өре жанбайды” (Мақал).

*Отпен ойнау* – қатерлі іске соқтығу.

*Отқа құяр* – жаңа түскен келін мен алғаш босаға аттаған күйеудің жасайтын кәдесі.

*Отқа күймеді* – жамандыққа ұшырамады.

*От соққан* – жынданған, есі дұрыс емес.

*Отқа қарады* (отқа қарап отыр) – жоқшылыққа ұшырады, құдайдан тіледі.

*Оты жанбаған* – 1) үйленбеген, 2) жолы болмаған.

*Отын өшірді* – семьясын ойрандады, семьясында адам қалмады.

*Отқа оралып, суға сүрінбе* – бір пөлеге ұшырама, жолың болсын, т. б.

Халқымыз отпен қатысы бар ошақты, оттың күлі мен түтінін қадірлеп, оттың баламасы ретінде қараған. Оны төмендегі тіл фактілері дәлелдейді:

*Ошақтың үш бұтынан сұраймын!* – үй ішімнің, балашағамның амандығын тілеймін.

*Ошақтың үш бұтына берсін!* – үй ішінің тілеуіне, несібесіне бұйырсын.

*Отының қасынан, ошағының қасынан бер* – алысқа тілендірме, біреуге жалындырма.

*Күл шашты* – артынан табалап, “шоқ-шоқ” деді, қарғады.

*Түтін басы* – әрбір үй, семья басы.

*Түтін түтетті* – шаңырақ көтерді, өз алдына үй болды, т. б.

### 2.3. Анимизм

Анимизм (латынша anima – рух, жан) – рухани (материалдық емес) мәндер мен тіршілік иелерінің бар екендігі және олармен адамның қарым-қатынас жасау мүмкіндігі туралы түсінік. Яғни жанға сеніп, рухтарды қадірлеу.

Уақыттың өтуімен ертедегі қазақ тайпаларының діни түсініктері де жаңаланып, барған сайын күрделене түскен. Мәселен, жанға сеніп, рақымды және рақымсыз рухтардың болатындығына нану, өлім (қайтыс болу) – өмірдің о дүниедегі жалғасы деп ұғу, сонау сақтар, ғұндар, үйсіндер заманында да болған. Мәселен, олардың жерлеу салтында қайтыс болған адам о дүниеге барғанда істетеді деп қару-жарақ, киім-кешек т.б. қоса көму дәстүрі болған.

“Тарихнаманың” “Ғұндар шежіресінде”: “Наурыз айында тайпа басылары тәңірқұтының ғибадатханасына жиналады, маусым айында айдаһар қаласына жалпы жұрт бас қосып, ата-бабалар аруағына, тәңірге, жерге, ие-киелерге тасаттық береді” [87], – дейді. Бақыт береді, молшылық әкеледі, кесірден сақтайды, мал басының аман болуына тілектес еді деп ата-баба аруағына сиыну, одан шапағат тілеу қазақ халқында қазірге дейін сақталған.

Анимизмнің басты ерекшелігі “жан” немес “рухқа” сену. “Жан” – көне санскриттік атау. Оның ислам дінімен қатысы жоқ. Мүмкін ең баста буддамен байланысты шыққан болар. “Жан” – туылған, жасалған деген мағынаны білдіреді. Будда адам жаны қайта туады, қайта өмірге келіп жасайды деп уағыздайды. Ал түркі халықтары оны өмір сүру, рух, тіршілік мағынасында қолданған. Тілімізде “жан” сөзінің “рух” деген (діни тұрғыдан) мәнімен қатар, адам, кісі деген мағынасы да бар. Түркі тілдерінде ертеде *“тын”*, *“құт”*, *“сор”* деген атаулар “жанның” баламасы ретінде қолданылған. “Құт” сөзі бақыт, ырыс деген мәнмен қоса жан, рух деген мәнді де білдіреді [88]. Мысалы: *“тынысы үзілді”* (жаны шықты), *“тыныс тапты”* (жаны жайланды), т.б. “Тын” қазірше тек сөз құрамында ғана сақталып қалған. “Сор”, “құт” сөздері тілімізде қазір де қолданылады. Мысалы, “сор айдады”, “сорым қайнады”, “құтым қашты”, “құт қонды”. “Жан”, “сор”, “құт” – бәрі бір сөз болғанымен, олардың қолданысында, мәнінде белгілі айырмашылық бар екені байқалады. “Жан” жай мағына береді де, “құт” пен “сор” біреуі жақсы мағынада, бірі жаман мағынада қолданылады. Шаманизмдегі рақымды және рақымсыз рухтар туралы ұғымдардың түп-төркіні де осында. Атап айтқанда, қасиетті адамдардың “жаны” кейін келе жеке тіршілік ететін қасиетті “аруаққа” айналған. Оны қадірлесе, ұрпаққа шапағат әкеледі де, ренжітсе, “киесі ұрады”. Халық ұғымында “аруақ” қысылған жерде дем беріп, қолдау жасайтын ата-бабалар “рухы”. Араб тіліндегі (дух, дума) сөзі қазақ тілінде “рух” түрінде қалыптасқан. Ал аруақ осы “рухтың” көпше түрі аруаахүн деген сөз [89]. Ал “жанның” бір түрі рақымсыз рухтарға айналады



да адамдарға қастандық ойлайды. Олардың тілімізде “кесір”, “пәле”, “үрей” және өзге тілдерден кірген “жын”, “сайтан” сықылды атаулары бар. Қазақтар “пәле жабысса”, “жын соқса”, “сайтан азғырса” бақсы шақырып “дем салып”, зікір оқиды. Сол арқылы оларды денеден қуады. Олар өкелген дертті аластайды. Бұл барыста “шамандар” рақымды рухтарды көмекке шақырады. Ал қарапайым халық бойын “үрей билесе”, жын, сайтаннан қорықса, “аруақ шақырады”, “аруақ жар бол” деп оған сиынады. Осындай негіздерде *аруақ атсын, аруақ қысты, аруақ қолдады, аруаққа шет болды* т.б. сөздер қалыптасқан. “Шаман” тұңғыс тіліндегі “саман” деген сөзден шыққан, “елірмесі бар” деген мағынаны білдіреді. Бұл атау ғылымда ортақ термин болғанға дейін әркім әр түрлі атап келген. Түркі халықтары оның ішінде халқымыз бұрын “қам” десе, қазір “бақсы” дейді.

Ислам діні қазақтарға тарағанға дейінгі дәуірде аруақ — құдай, тәңірі іспетті болған. Ал одан кейін де, Алламен қатар орын алып отырады, тіпті оны Алладан да күдіретті деп санаған. Діндар адамдар Аллаға мұсылман жолымен сиынып отырса, аруаққа басына іс түскенде ғана жалбарынған. Жайшылықта қазақ аруақ шақырмайды, тыйым салады. Қазірге дейін “тәңір-аруақ”, “құдай-аруақ” деп екеуінің атын қатар атайды. Сонымен бірге рулық ұранға (ру атына да) айналып отыр. Аруақты қадірлеп, “ас беру” және “шек” мейрамы ислам дінінде жоқ. Құранда өлген адамның тіріге көмегі болады делінбеген.

### 2.3.1. Манихизм және Шамандық

Қазақ халқының (оның этникалық құрамына кірген ру-тайпалардың) дәстүрлі анимизмдік дүниетанымы кейін келе манихизм мен зороастризмнің ықпалына ұшырап, бәріне бір мезет бірдей сенді. Соңында біз айтып жүрген шаманизм қалыптасты. Төменде осы туралы қысқаша тоқталып өтеміз.

Орта Азия мен Қазақстан даласына тараған және ұзақ өмір сүрген манихей (рух пен материяны шендестіруге

ұмтылыс) діні III ғасырда Персияда пайда болып, Италиядан Қытайға дейінгі көптеген елдерге тараған. Негізін салушы жартылай мифтік уағыздаушы Мани (216-276) деп есептеледі. Манихей діні зороастризм және христиандықтың екеуінен де көп нәрсе қабылдаған, атап айтсақ, манихей діні христиан дінінен messiандық идеясын алған: мани аспан әлемінің өкілі болып есептеледі. Ал мани дінінің негізі зороастрлік дуализм, болмыстық субстанциялық екі бастамасы – бір-біріне қарама-қарсы жарық пен қараңғы, ізгілік пен жауыздық, рух дүниесі мен материя дүниесін мойындау болып табылады. Біріншісінде – Құдай, екіншісінде – сайтан үстемдік етеді. Екі жақтың күресі апатпен аяқталады. Соның нәтижесінде материя құрып, рух еркін өмір сүреді. Адам екі жақтылы тіршілік иесі бола отырып, жан – жарықтан, дене – тамұқтан жаратылған, тамұқ күшіне қарсы күресте жарық күшіне көмектесе алады, – дейді (Қазақ энциклопедиясы, Іт.,45-б.). Ғалым Нығымет Мыңжан: “Ерте замандағы қазақ қауымының ұғымында: Жер жүзіндегі барлық жаратылыстың түп-тегі төрт нәрседен – топырақ, су, от және желден, ауадан жаратылған. Барлық болмыстың өмір сүру тетігі: жарық пен қараңғыға байланысты деп білген” [90], – дейді.

Ғалымдардың пікірінше, қазақ халқының арғы тегінің бірі болып саналатын сақтардың сол бөлігі түркі тілдес, оң бөлігі иран тілдес болған (Қазақ энциклопедиясы, I т.,45 б.). Сонымен бірге сақтар да парсылар сияқты зороастризм мен манихей дініне қатар сенген. Мәселен, сақтарда алғашқы кездегі басқа халықтар секілді аурудың келу себебін адамның өз бойынан емес, сыртқы күштен деп қараған. Сондықтан біреу сырқаттанса, бақсы-балгерлерге дұға оқытқан. Әсіресе, патша ауырса, тәңірлердің қитығына тиіп, жерге келіп, пәле-қаза таратып жүрген әлдеқандай біреулердің сілесіне қалды деп есептеп, бақсы-тәуіптерді шақырып, ол адамның заты кім екені жөнінде кімді нұсқаса сол адамның басы алынып, дүние-мүлкі талауға түскен [91].

Манихей діні Жетісу мен Қазақстанның оңтүстігінде, ең алдымен, отырықшы жұртшылық арасында өзінің

жолын қуушылар тапты. Турфан алқабынан табылған “Қасиетті екі негіз кітабы” атты Манихей шығармасының ежелгі ұйғырша қолжазбасында бұл кітаптың “он елінің діни сенімін ояту үшін” Аргу-Талас (Алтын-Аргу талас ұлысы) қаласында жазылғаны жөнінде айтылады. Бұл жерде әйгілі Талас қаласы сөз болып отыр. Сондай-ақ Манихей тұрғындары Жетісудің басқа да бірқатар қалаларында — Баласағұнда, Шігіл-балықта тұрғаны мәлім [92].

Манихей дінінің шығысқа қарай таралуында соғдылар басты рөл атқарған. Манихей дінінің мұриттері саналатын соғдылық саудагерлер Орта Азия мен Қазақстан жерінен бастап, Моңғол үстірті, одан ары Қытайға дейінгі аралықтағы ұлан-байтақ өңірде Жібек жолын бойлай мани дінін үгіттеді. Монғол жерінен табылған түркі тіліндегі руникалық жазбалардан және Сібір-Енисей өзені аңғарынан табылған жартастағы суреттерде мұның айқын белгілері сақталған. Тарихи деректерде айтқандай, ұйғыр қағанатының қағаны Идиган 762 жылы қаған ордасы болған Дояң қаласында манихей діндарларын қабылдап, олардың уағыздары ұнаған соң мани дінін орда діні етіп жариялаған [93]. Ұйғырлардың осы дінге берілуін Жувейни де жазу мәтінінде толық суреттейді. Ол ұйғырларда “сиқырлық ілімінің” бар болғандығын көрсетіп, бұл саладағы мамандардың “камамдар” деп аталатындығын келтірді. Жувейни желіге әуестенушілерді (манихейлікті) “тұйындар”, яғни заң кітаптарды — “номды” ажырата алатын адамдар деп атайды. “Ном” парсы сөзі және моңғол тілінде қасиетті кітаптардың аты ретінде осы уақытқа дейін сақталып қалған. Біле-білсек, желіге әуестенушілік манихей дінін уағыздаушы Хатайдан келген екен, ал Жувейни уақытында Хатай деп Жетісу аталыпты [94]. Жетісу тұрғындарының ертеде манихей дініне сенгендігі туралы жоғарыда айтылған археологиялық материалдар бұл фактіні анықтай түседі. М.Қашғари: “Ном — дін, шарифат, Тәңір номы — тәңірдің діні және шарифаты деген сөз. Барлық діндерде ном делінеді”, — дейді. Ал “кам” деген сөзді “кахин, шаман” деп түсіндіреді [95]. Кахин — манихей дініне сенушілердің ғайыптан хабар беріп, қолдау

жасайтын иелерінің бірі. Шаманизмнің бір жағы манихейлікпен ұштасып жататынын ескерсек, Махмұт Қашғари шаманизмдегі түрлі рухтармен тілдесіп, жауыз рухтардың бетін қайтаратын шамандарды, яғни қамдарды “кахин” деп аударған.

Шаманизм туралы біз жабайы, өте ертедегі ырымшылдықтың түрі деп ойлаймыз. Шын мәнінде “шаманизм” терминінің өзі терістік халықтардың өмірін бақылаудан алынған (“шаман” тұңғұс тілінде “саман” – еліру деген мәнде), ал қазақтар арасында еш уақытта айтылмаған. Бақсы-емдеушілер болған. Егер бағытты анықтау керек болса, онда қазақтардың ертедегі аталарының дүниетанымын ең жоғары Құдай-Тәңірдің атымен “тәңірлік” деп атау қарапайым да дұрыс болар еді. Шын мәнінде қазақтардың ертедегі дүниетанымы зороастралық болған және оның іздері отқа табынудан, емдеу мен тазарту әдет-ғұрыптарында сумен, желмен байланысты өте анық байқалады [96].

“Шамандық” біреуден үйрену жолымен емес, қайта атадан балаға мирас болып жалғасатын өздігінен даритын қасиетті көсіп иелері деп түсіндіреді. Шамандар ата-бабаларынан жалғасып келе жатқан “күш-қуатпен” зікір салып, арбау арқылы ата-бабаларынан киелі күштерді – аруақтарды қалай шақыруды үйренеді. Және сол күштер арқылы ізгі рухтармен тілдесіп, жауыз рухтардың жамандықтарын қайтару, қайтыс болған адамдардың рухтарын, жанын о дүниеге аттандыру, адамдарды аш-жалаңаштықтан құтқару үшін көмек тілеу, ауру-сырқауларды емдеу, т.б. жұмыстармен айналысқан. Түркі халықтарының түсінігі бойынша ауру әдетте жауыз қасқөй рухтардың (жын-сайтандардың) жабысып алуынан пайда болады. Ал шамандардың міндеті осы жабысып алған қасқөй рухтарды тауып, иесіне қайтару. Бұл бағытта шаман, жоғарыда айтқандай, жәрдемші ізгі рухтарды көмекке шақырады. Қазақтар арасында бұл дәстүр “Аруақ шақыру” – аруақтардың көмегіне сүйену салтымен ұштасқан.

Ру басын қадірлеуге негізделген, ата-бабалар аруағына сиыну қазақ арасында бертінге дейін сақталып келгендігін, ислам діні шарифатында жоқ “ас беру” және “шек”

дәстүрлерінен айқын көруге болады. Қазақ халқы ішінде қазірге дейін бір нәрседен үрейленіп қорыққанда немесе жолаушы жүруге дайындалғанда, сапарда аман-есен болуына медет тілегенде алдымен айтатыны, жәрдемге шақыратыны, өзінің ата-бабасының аруағы. Тілімізде “жын соқты”, “сайтан айналдырды”, “қырсық шалды”, т.б. қаскөй рухтардан болатын осы сықылды жамандықтарға қарсы ұғымда “аруақ қолдады”, “аруағы басты”, “аруақ демеді”, т.б. сөздер мен ұғымдар бар. Демек, қазақтар ұғымында қасиетті рухтар – ата-бабаларының аруағы түрінде көрініс тапқан деуге болады.

Шамандықтың ислам тарапынан қуғындауға қарамастан “тұтастай сақталған” белгілері мен ғұрыптары, аңыздары ішінен Шоқан Уәлиханов отқа табыну, Күнді, Айды, аспанды ең жоғары құдай деп санау, аруақтарға, өлген аталарының рухына, көшпенділер өмірінің әр түрлі жақтарын қорғаушы рухтарға сену сияқтыларды атап өтеді. Сонымен бірге Шоқан: “...шамандық салт-сана жағынан, бақсы-балгерлік жағынан қазақтар анағұрлым мол мұраға иелік етіп отыр. Қазақтарда шамандық салт-сана мұсылмандық наныммен мидай араласып, ортақ мұсылман атты дінді құрайды. Қазақтар әуелде Мұхаммедті білмей тұрғанда да Алла мен тәңірге бірдей табынып, мұсылман әулиелерінің басына құрбандық шалып, бақыстардың құдіретіне сенді. Пайғамбар ұрпағы – қажыларды да құрмет тұтты. Халық отқа табынып, ал бақыстар болса жын-перілермен қоса мұсылмандардың періштелерін де шақырып, Алланы да мақтады. Осылай екі дінді араластыра табыну ешқандай қайшылыққа жатпаған, қазақтар екеуін де қосып ұстанған” [97], – дейді.

Шоқан шамандықтың мұсылман дінімен мидай араласып кеткенін нақты дәлел-фактілермен нанымды етіп көрсетіп берген. Алайда “Ертеден келе жатқан өдет-ғұрып, салт-сананың қайнар көзі, қазір біз шамандық – ескі наным деп атап жүрген кезінде бүкіл халық табынған діннің” қазақ халқының дәстүрлі наным-сенімдерімен қоса манихей, зороастризм, магия, будда, христиан, т.б. діндермен наным-сенімдерінің түрлі дәрежедегі ықпалына ұшыраған дін болғандығын ерекше ескеру керек.

Жоғарыдағы діндерді игермейінше қазақи “шаманизмнің” қыр-сырын білу қиынға түседі және бір сөзбен айтсақ, қазіргі кезде ғалымдардың ислам дінінен басқа діни наным-сенімдердің бәрін шаманизм деп бір таяқпен айдауы ғылымилыққа жат нәрсе. Бұлай істеу арқылы мәселені түбегейлі шешуге болмайды.

Тілімізде анимизмге байланысты қалыптасқан тұрақты тіркестер: *аруағы аспандады, аруақ атасу, аруағы басты, аруағы қозды, аруағы ұстады, бақ қонды, бағы байланды, дем берді, дем салды, дем ұрды, жан берді, жанды ұрлады, жан таласты, жаны ұшып кетті, желігі ұстады, жынын бұған бақсыдай, жын соқты, жыны қозды, жынын қағып алды, жыны ұстады, қырсық шалды, о дүниеге кетті, пәлеге жолықты, пәледен сақтады, салқыны тиді, үрейі ұшты, құты қашты, түлен түртті (сайтан түртті), т.б. жатқызуға болады.*

### 2.3.2. Магия

Ертедегі көптеген елдерде мифология өз алдына жеке “ғылым” болып, кейін (орта ғасырда) магия өнеріне айналған. Сондықтан мифология мен магия сөздерінің мағыналары жалқы, төркіні бір сөздер деуге болады.

Магия “өнері” ертедегі Вавилон шумерлерінде пайда болып, көне дәуірдегі халықтардың бірқатарына, оның ішінде гректерге де ықпал еткен. Кейін Вавилон дәуірінде ғылымның әр саласы, әсіресе, астрология, магия “өнері” күшті өріс алып, Вавилон қаласы “Құдайлардың қақпасы”, деген атқа ие болады. Сол себепті тарихшылар Вавилонды мифологияның отаны, астрологияның атамекені деп атайды.

Гректер Вавилонда пайда болған әр сала ғылымдарына мұрагерлік етіп, оны онан ары терең зерттеп, ғылыми жүйеге келтірді. Астрология мен магия және астрономия ғылымы гректерден арабтарға Рим, Византия арқылы ауысады.

Арабтардың Орта Азия халықтарына, оның ішінде қазақ еліне, өнер-білім, мәдениет, дін жақтарына қатты

ықпал еткені анық. Бұл бағытта олар қазақ халқына өз мәдениетімен қоса басқалардың да мәдениетін алып келді.

Орта Азия халықтарының ХХ ғасырдың басына дейінгі көптеген философтары, әйгілі ақындары, ғалымдары мен ірі дін иелері көне дәуірдің ғылымдарымен, әсіресе грек философтарының еңбектерімен араб тілі арқылы танысты. Оның басты себебі, жоғарыда айтып өткендей, арабтар көне дәуірдегі грек ғалымдары мен философтарының еңбектерімен өте ертеден танысып, бұл саладағы ғылымға қолы ерте жеткен. Олар көне дәуірдегі гректің асыл мұраларын, яғни ғылым табыстарын өз тіліне аударып, оларды жаңа заманға жеткізді. Бұлар кейін келе араб мәдениетінің Орта Азия, Қазақстанға таралуымен бірге ондағы жергілікті халықтар, оның ішінде қазақ халқына, оның өнер-білімі мен дін, мәдениетіне, тіліне ерекше ықпал етті. Осының айшықты бір көрінісі — қазақ халқындағы магия “өнері” деуге болады.

Ертедегі халықтар арасында гректер, одан қалса, орта ғасырдағы иран халықтары өзге халықтарға қарағанда магия “өнерімен” көбірек шұғылданған. Әдетте адамдардың барлығының қолы бұл “өнерге” жете бермеген. Өйткені магия о баста пайда болғаннан бастап құпия жолмен үйретіліп, көбінесе отбасылық мұра ретінде атадан балаға жалғасып отырған. Егер оны басқалар үйренуге тура келсе, үйретушіге көп ақы төлеген. Сонымен бірге магия “өнері” адам өміріне өте қауіпті деп сенгендіктен, көп адамның оны үйренуге батылы бармаған немесе шартын орындай алмаған.

Магияны үйренуге батылы барып, оған ден қойғандар алдымен кемелдену, жетілу кезеңінен, яғни магиялық қырық күндік курстан өтетін болған. Ол курстың негізгі шарттары: елсіз иен жерде отырып, етсіз, тұзсыз тамақ ішіп, тырнақ, шашын алдырмай, әр күні магиялық сөздерді, яғни құдайларға арналған арнау алғыстарды оқыған. Сөздерді оқыған кезде арыстан, айдаһар сияқты магиялық елестер адамға шабуыл жасап, неше түрлі “өлім қауіпін төндіреді”, егер адам сондай қауіптен сәл сескенсе, табанда есалаң болады, ондай адамға ем қонбайды деп сенген, т.б. осындай магиялық түсініктің әсерінен қазақ

арасында “жын соққан”, “пері ұрған”, “көк соққан” деген сөз тіркестері пайда болып, ол сөздер алғаш магиямен шұғылданып, есінен айырылған адамдарға ғана қолданған сияқты. Магиялық сенім қазақ санасынан ығыстырылған кезде ақылынан (магиясыз) ауысқан адамдардың көпшілігін “жын соққан”, “пері ұрған” деп айтатын болған. Демек, шаманизммен ұштасып кеткен.

Халқымыздағы кейбір салт-дәстүрлер мен тіліміздегі “адам тіліне аспандағы бұлт үйірілді”, “тырнағын жалау”, “шашын жаю” сияқты сөздер сондай магиялық әрекетке байланысты қалыптасқан. Әсіресе, сөз құдіретіне (сөз магиясына) сену қазақ халқының тарихында болған. Тіліміздегі табу сөздердің үлкен бір тобы сол сөз магиясына сенуден келіп шыққан. Атап айтқанда: “жақсы сөз жарым ырыс”, “батамен ер көгереді” деген аталы сөздер және сол сөздің сиқырлы құдіретіне сеніп, сөз арқылы пәлені, қырсықты айдауға, сөз арқылы жақсылықты шақыруға болады дейтін сенімнен туған. Ауыз әдебиетінің ескі үлгілеріне жататын бөдік жырлар, күн жайлату, бұлт шақыру өлеңдері, жылан, бүйі, қарақұрт шаққанда айтылатын арбау, байлау өлеңдері мұның айқын фактісі. Себебі халықтық түсінік бойынша, адамда, малда кездесетін түрлі ауру-сырқау, індеттер белгілі қасқой күштердің кесірінен болады. Олардың қырсығын белгілі әрекет істеу және сөз құдіретімен қайтаруға болады.

Сөз магиясына сену, әсіресе қазақ тіліндегі алғыс және қарғыс мәндегі сөздерде айқын көрініс тапқан. Қарғыс пен алғыстың – тым ертеден пайда болғанын айта келіп, Ә.Болғанбаев былай дейді: “Бұлардың негізгі идеялары көбіне діни ұғымдармен тығыз байланысты. Кісінің аузынан шыққан алғысы мен қарғысы арқылы адам баласының, жан-жануарлардың өмір тіршілігін оңайлатуға немесе қиындатуға, ұзартуға болады деген теріс ұғымнан келіп туған” [98]. Алғыс негізінен адамға қаратылып айтылса, қарғыс адамға да, малға да айтыла береді. Ал қарғыстың енді бір түрі адам өзінің ақ-адал немесе бейкүнә екендігін білдіру, айтқан сөзіне иландыру негізінде айтылады: “нан жейін”, “нан асатайын”, “нан



үрсын”, “көк есегің болайын”, “дәм-түз атсын”, “оңбайын”, т.б. Өтірік сөз айту, ант беру бір пәлеге соқтырады, айтқан сөзі басына келеді деп сенгендіктен мұндай сөзді тектен-тек ауыздан шығара бермеген.

Халық арасында сөздің сиқырлы құдіретіне қатты сенгендіктен “тіл тиеді”, “көз тиеді” деген ұғымдар қалыптасқан. “Тіл-аузың тасқа”, “тіліңе шоқ түссін”, т.б. тіркестер — соған қарсы сақтану тұрғысынан айтылатын сөздер. Бұдан басқа тілімізде сиқырлау, жадылау, дуалау, арбау деген магиялық ұғымдағы сөздермен жасалынған тұрақты тіркестер бар. Мысалы: “арбап қойды”, “басын айналдырды”, “жадылап тастады”, “сиқырлап кетті”, т.б. Магияның басқа да мазмұндарына байланысты “жүрек жұтқан”, “жолын кесу”, “ауыз жаласты”, “аузына түкіріп қойғандай”, т.б. тұрақты тіркестер де қалыптасқан.

“Маг” сөзі (әулие) зороастра дінінің тарауына қарсылық көрсеткен мидиялық Магу тайпасының атына байланысты шығып, ғылымда термин болып қалыптасқан. Ал оның мазмұны — магиялық “өнер” негізінен жалпы табиғатқа, табиғат құбылыстарына, адамдарға түрлі сөз, қимыл, әрекеттер арқылы әсер етуге болады деген нанымнан келіп шыққан. Оны қолдану орнына, істелу мазмұнына қарай: зиянды (қара немесе жауыз) магия, яғни белгілі бір адамға немесе бірнеше адамға зиян келтіру үшін істелетін магия; емдеу магиясы — арбау, дуа жасау, дұға оқу, дәрі-дәрмек беру; шаруашылық магиясы — аң түсетін арандарды, қару-жарақтарды сиқырлау және сол сияқты метеорологиялық магия — жаңбыр шақырып, жел тұрғызу дегендей т.с.с. магиялық топтарға бөлуге болады.

Магиялық әрекеттерді беретін мәні, айтылатын сөзі мен істелетін қимылына қарай отырып, Дж.Фрезер оларды оң (положительный) және теріс (отрицательный) магия деп екі топқа бөлген. Оң принциптерден тұратын іс-әрекеттерді жадылау, арбау (колдовство и чары), ал теріс принциптерден тұратын магиялық іс-әрекеттерді табу (тыйым) деп атаған [99].

Қазақ халқының тұрмыс-салты мен дүниетанымында, әсіресе, оның тілдегі көріністерінде жоғарыдағылардың бәрі

сақталған. Бұл көбінесе белгілі сөздің айтылу-айтылмауы, белгілі қимылдың істелу-істелмеуі (мысалы: *аттау-аттамау, кесу-кеспеу, ату-атпау, айналу-айналмау* т.б.) және оның қалай істелуіне байланысты болып келеді.

Магияның тілге болған әсері үлкен және оның тарихы өте ары да жатыр. Мәселен: 11 ғасырда жазылған М.Қашғаридың “Түркі тілдер сөздігінде” берілген атаулардан, олардың мағынасынан магияны айқын көруге болады.

Арвады—арбалды, арбау оқы. “Арбат арвалды” — арбау дұғасы оқылды. “Қам арват арвады” — бақсы арбау дұғасын оқыды [100].

Қоуұч—жын тигендіктің өсері, мұндай адамды емдеуде жүзіне, бетіне суық су құйып “қоуұч-қоуұч” дейді. Адыраспан және ет қанымен зікір салады. Бұл сөз “қач-қач, ей, жын! қач-қач” (қач-қаш) сөзінен алынған болу керек [101].

Иат—жады, жаңбыр жаудыру және жел тұрғызу үшін жады тасымен істелетін ырым [102].

Есрек—балаларды жын, албастылардан және көз тиюден сақтау үшін эфсүн (дұға) оқығанда айтылатын сөз; Есрек иесі баланың жүзіне тигізіп “есрек-есрек” — “ей, жын, көш-көш” делінеді [103]. Тілімізде тентектік істеген балаларға қаратып айтылатын “есірме”, “есіріп кетпе” деген сөздер осыдан шыққан.

Иәл—жын, жын самалы, жын салқыны “әр иәлпінді” — адамға салқын тиді, жын жабысты [104]. Тілімізде “мынаған бірдеменің салқыны тиген”, “*желі тиген*” сөздер қазір де айтылады.

Иәлві—сиқыр. Иәлвічі — сиқыршы, сиқыргер [105].

Тілімізде “жел беру” мен “жел беруші” деген сөздер “құтырту”, “есіртуші” деген мәнде қазір де қолданылады. Демек, қазіргі тіліміздегі көптеген тұрақты тіркестер магиялық сөздер мен іс-әрекеттерге, ұғымдарға байланысты ертеден қалыптасқан.

*Күн жайлату*. Ертеректе көк тәңірден жауын-шашын сұрап, құрбандық шалып, тасаттық жасағаны белгілі. Табиғатты арбау арқылы да жауын-шашын жаудыруға болады деп түсінген, халқымыз оны “күн жайлату” деп атаған. Бұл дәстүрдің түп негізі магиямен байланысты шыққан.

Халық арасында жүргізілетін күн жайлатудың өзіндік дәстүрі бар. С.Сейфуллин: “Күн жайлату шарты: қылан ақ боз жылқының, яки маралдың ішінен шығатын қызыл тасты бір ыдысқа салып, үстіне су құйып, арбау шақыруды оқиды. Егер де дем алып оқыса, күн жайламайды-мыс, қызыл тастың зорлығы асықтай болады-мыс. Атын “жай тас” дейді... “Күн жайлату” тасы мал ішінен шығады деп, басқа түрік жұрттары да ескілікке сенеді екен” [106], – дейді.

Күн жайлату үшін қолданылатын тасты ақ түсті малдың ішінен алудың себебі екі түрлі болса керек. Көк тәңірден ақ тілекпен тілеген тілеу соның көрінісі. Енді біреуі халық ішіндегі жайды ақ түс тартады дейтін сенім бар, мүмкін содан келген болуы ғажап емес.

Жоғарыдағыдай күн жайлату салты түркі халықтарында тым арыдан келе жатқан салт деуге болады. Мәселен, М.Қашғари “Түркі тілдер сөздігінде”: “Иат—жады, бұл бір түрлі сиқыргерлік болып жаңбыр, жел және басқаларды тілеу үшін арнайы тастар – жады тастар көмегімен сиқыр істейді. Бұл әдет олардың арасында кең тараған. Мен мұны яғмаларда өз көзіммен көрдім, ол жерде янғын өрт болғанда янғынды (өртті) өшіру үшін сондай істеген еді. Құдайдың әмірімен жазда қар жауды, көз алдында янғын өшірілді” [107], – дейді.

Тіліміздегі “күн жайлату” дегендегі “жайлату” сөзінің сол кездегі “жадылату” (ятлатты, ятлату) делінген сөздің түп-төркіні парсы тілінен келген. Парсы тілінде джаду (дед, прадед) – ата, баба деген мағынаны білдіреді [108]. Тілімізде “жад етті” деген сөздің аруаққа жалынды, жалбарынды, сиынды деген мәнде де қолданылады. Мысалы: *жад қыламын, естеке, жеті көміл бабаны* (Қобыланды батыр).

Тіліміздегі “*жадылап тастау*” – басын айналдырып қою, дегенінен шығармау, “*жады бас кісі*” – басы айналған, есі ауысқан адам, т.б. сөздер де жоғарыдағыдай танымдар негізінде қалыптасқан.

*Жолымды кеспе* – бағымды байлап, жолымды тоспа деген мәнде қолданылады. Қазірге дейін ауылдық жерлерде әйел адам ер адамның жолын кесуіне тыйым салынған. Халқымыздың ұғымында әйел адам жол жүріп келе жатқан

ер адамның жолын кессе, ол адамның жолы болмайды деп сенген. А.Диваевтың айтуына қарағанда, жолаушы ер адам, әсіресе, айлығы келіп жүрген әйелдердің жолды кесуінен қатты қорыққан. Сондықтан да әйелдер ер адам келе жатқанын көрсе, мейлі ол алыста, мейлі жақында болсын, өтіп кеткенше тосып тұратын болған [109]. Демек, “жолымды кеспе” деген тұрақты тіркестің қалыптасып, қазіргідей мәнде қолданылуына жоғарыдағыдай наным-сенімдер негіз болған.

*Шашын жаю және тырнағын жалау* — бұл сөздер тілімізде қарғау мағынасында жұмсалатын сөздер, тегін қусак, магиялық сенімнен шыққан. Деректерге қарағанда, магия “өнерімен” шұғылданушылар көбінесе шашын, тырнағын өсіріп, алмаған. Шашын жаю, тырнағын жалау арқылы тілеген қарғысын сол адамның басына келтіруге болады деп сенген. Ал “шашын жаю”, “тырнағын жалау” халық ұғымында қарсы жаққа өлім тілеу деген сөз.

*Ақ сүтін көкке сауу да* магиялық қарғыстан келіп шыққан. Ананың ақ сүтін ең киелі деп санайтын халқымыз, ананы қадірлеуді, оның ақ сүтін ақтауды баласының ең үлкен борышы деп түсінген. “Ақ сүтін көкке сауу” ең жаман қарғыс, яғни көк тәңірден “ақ сүтімнің киесі атсын” деп қарғаған адамның басына өлім тілеу.

*Мойнына бұршақ салу.* Бұл көшпелі түркі-моңғол халықтарында ертеден бар тәңірден тілек тілеуде жиі қолданылатын салттық дәстүр. “Бұршақ” — көгеннің бұршағы. Қазақта бата бергенде “балаларың он шақты, көгенің бұршақты болсын” деген тілек айтылады. Мал — көшпелі халықтың өмір сүруінің арқауы, онсыз тіршілік жоқ, “мойнына бұршақ салып”, тәңірден мал басын көбейтіп, аман сақтауын тілеуі де сондықтан. Кейін келе бұл дәстүр тәңірден әр түрлі тілектерді тілеудің салтына айналды. Мойынға бұршақ салудың орнына мойнына шылбыр, белбеу салу арқылы да орындала берген. Сол себепті тілімізде “мойнына бұршақ салумен” қатар “мойнына шылбыр салу”, “мойнына белбеу салу” сөздері де қолданысқа енген.

*Жан беру* – уәде беру, серт беру, ант беру деген мәнде көшпенділер арасында өте ертеден келе жатқан алтай тектес түркі моңғол халықтарына ортақ ұғым. Атап айтқанда, адамның өз ар-иманына, діни-сеніміне сенім артқан ерекше бір көшпелілерге тән заңдылық. Бұл жосын “қара құманнан өткізу” деп те аталған. Бұл бойынша айыпкер деп күдіктенген адам өзін ақтау үшін, әрине куәсіз жағдайда басқалай айғақ болмаса “қара құман” жосынын істеп ақталған. Бұл көбінесе кісі өлімі, үлкен ұрлық, т.б. ауыр қылмыс істегендер үстінен жасалған. Қазақтардың заңы бойынша “қара құманнан” өтіп, жанын беретін адам үстіне кебін киіп, қазулы тұрған көрден аттауы керек. Және соның алдында Құран ұстап тұрып: “Егер менің осы қылмысқа титтей араласым болса, Құдайдың құлы, пайғамбардың үмбеті болмай кетейін, екі дүниеде де имансыз, кәпір қауымына өтейін” деп, қасам ішуі керек. Діни түсінік бойынша осылай істеп көрден секіріп өткенде пәк адам аман-есен болады да, күнәлі адам қазылған орға құлап, мерт болады, Құдайдың, тәңірдің киесі атады. Ал моңғолдарда бұл кәде бойынша, айыпкер, будда бейнесі алдына жағып қойған “Бурхан шырағына” дәрет сындырып отыру керек. Демек, бір кездегі көшпенділерге ортақ дәстүр кейінгі өздері сенген дініне қарай өзгертілген.

Ш.Уәлиханов: “Қазақтар “жан беру” – уәде, серт беру немесе ант беру үшін екі жерден от жағып, кінәсі бар адам сол екі оттың арасынан өтеді... олар отқа табынып оттың қаһарынан қорыққан, сол оттың қаһарымен анттасқан” [110], – дейді. Осыған қарағанда “жан беру” – уәде беру, серт беру, ант беру қазақ халқында отқа табыну, тәңірге табыну, Аллаға табынуға байланысты әр дәуірде, әр жерде, әр түрлі жосындармен орындалған деуге болады. Бәрінде бір мағына – егер айтқаным өтірік болса, шын күнәлі болсам жанымнан кетейін, жанымды ал деу. Ескерте кететін жайт – жоғарыдағы сөздердің басым көпшілігі магиялық сенімнен туғанымен, олардың құрамында басқа да дәстүрлі наным-сенімдер қабысып, ұштасып отырған.

*Абжыландай арбады.* Абжылан – сүрқия, у, залым, жексұрын, арбаушы, сиқыршы. Якут тілінде *абыла* (абла)

алдау, арбау, сиқырлау, бас айналдыру. Бұл сөздің түбірі “ап” сиқыр, тілсім, көз байлағыштық, магиялық күш, еліктірушілік. Халқымыздың түсінігі бойынша, жыланның арбағыштық ерекшелігі бар. Ол, әдетте, адамды, аң-құсты арбап, алдап шағады. “Жыланша арбау” деген сөз осыдан шыққан. “Абжылан” екі түбірден құралған біріккен сөз, бірінші компоненті “ап” – у, сиқыр, арбаушы, екінші сыңары жағымсыз кейіпті бейнелеуге қолданылатын жылан.

### 2.3.3. Бақсы-балгерлік

*Құмалақ тарту* – адам өмірін болжау үшін қолданылатын наным-сенімдік мән алған балгерлік әрекеттің бір түрі. Ертеде хан сарайларында жұлдызшылармен қатар құмалақшылар, жауырыншылар болған. Олар арқылы халқымыз көктен түсер не жерден шығар жамандық пен жақсылық жайында ел тағдыры, жер тағдыры жайында, ұрланған мал-мүлік, жолға шыққан жолаушы турасында, жекелеген адамдардың өмірі жайында алдын ала мәлімет алуға болады деп қараған. Құмалақшы дегеніміз – құмалақ тарту арқылы жоғарыдағыдай мәселелер жөнінде алдын ала айтып беретін адам. Сол үшін қазақта кез келген адам құмалақшы болған емес. Белгілі көріпкел қасиеті бар адамдар мен аруақ қонған адамдар ғана құмалақшы, жауырыншы бола алады деп сенген. Құмалақшылардың ішінде “жындарын шақырып алып” сөйлесетін бақсы құмалақшылар да болған.

Құмалақшылар құмалаққа көбінесе тек сақа қойлардың ірі құмалағын іріктеп қолданатын. Қойдың құмалағы болмаған жағдайда құмалақ орнына жұмыр тас, кесек тұз, бұршақ, жүгері, бидай дөндерін қолдана берген. Әдетте, құмалақ ашқызушылар құмалақшыға өз мүмкіндігіне қарай ақы төлеген. Бұл ақы “бал басы” деп аталған.

Қазақ халқында құмалақпен бал ашудың бірнеше түрі бар. Мәселен, ырым құмалақ, бір тартар құмалақ, шашпа құмалақ, қырық бір құмалақ. Бұлардың ішінде біршама жалпы түрге енген әрі белгілі бір “негізге” сүйеніп сөйлейтіні – қырық бір құмалақ.

Жалпы құмалақ ашу дәстүрі дүниедегі көптеген халықтарда бар. Атап айтсақ, Мысыр, Сирия, Ирак, Түркия, Иран, Пәкістан, Үндістан, Индонезия елдерінде. Бұл елдерде құмалақ ашу өзінше болып, өзінше аталған. Қазақтарда бал ашудың бұл түрінде көбінде қойдың құмалағы пайдаланатындықтан “құмалақ ашу” деп, ал мұнымен айналысатын адамды “құмалақшы” деп атаған. Қазақ тілінде құмалақ ашуға байланысты құмалақ мүшелерін адам не малдың дене мүшелеріне сәйкестендіріп өзіндік атаулар қалыптастырған. Олардың көп сандысы жеке сөздермен фразеологиялық тіркес ретінде тілдік қорымызда қазірге дейін қолданылып келеді.

**Құмалақ қабағы.** Құмалақ басының оң және сол қол жағындағы бірінші және үшінші мүшелері. Құмалақ басының оң жағындасы “оң қабақ”, “оң шеке”, сол жақтағысы – “сол қабақ”, “жау шеке”, “дұшпан басы” делінген. Құмалақшылар әдетте құмалақ қабағы мүшелерінің тақ не жұп болып түсуіне қарай құмалақ салдырған адамның дәл сол сәтте қандай көңіл күйде екенін білуге болады дейді. Мәселен: оң қабағын тарту. Құмалақтың оң қабаққа үш тал болып мүшеленуі. Бұл бойынша құмалақшы құмалақ аштырушыға “қайғың жоқ, қарын тоқ, дұшпаннан мерейің үстем болады” дейді. Халқымыздың қарапайым наным-сенімдік ұғымында адамның оң қабағы немесе оң көзі тартса, жақсылық болады, бірер қуанышты іске жолығады делінеді. Сыртқы дене мүшелерінің ішінде адамның көзі мен қабағы оның көңіл-күйін, қуанышы мен ренішін дереу білдіретін айна тәріздес. Жай көзбен қарағанда адам көңіл-күйін осылар арқылы ғана байқауға болатындығы белгілі. Көздің, қабақтың тартуы да кейде адамдарда болатын физиологиялық құбылыстар. Ертедегі адамдар жоғарыдағыларды өзара ұштастыра келе әлгіндей наным-сенімдер қалыптастырғандығы, содан оны құмалақ ойынына бірлестіріп жалғастырғандығы сөзсіз.

**Құмалақ маңдайы.** Құмалақ басындағы ортаңғы топ атауы. “Құмалақ маңдайы” – “болашақ, алдағы тағдыр” деген ұғымды білдіреді. Мәселен, “маңдайы ашық”.

Қумалақ маңдайына үш тал қумалақтың мүшеленуі, бұл жағдайды қумалақшы: “маңдайы үш, көңілді, ойлағаны болады” деп сөйлейді. “Маңдайы ашық”, кейде “маңдайы жарық” деп айтылады, екеуі де бір сөз.

*Маңдайы жабық.* Қумалақ маңдайына төрт тал қумалақтың мүшеленуі. Мұндай қумалақ “бақытсыз, болашағы жоқ адамдарға түседі”, – дейді.

Діни ұғымда Құдай тағала адам тағдырының қалай болатынын, оның болашағын маңдайларына жазып қойған делінеді. Халқымыз бір іске жолыққанда “маңдайға жазғанды көреміз”, “пешенемізге Құдай не жазса, соны көреміз” дегенді жиі айтатыны осы себептен.

Тілімізде *маңдайы ашылды* немесе *маңдайы жарылды* деген фразеологиялық тіркестер “бағы жанды, бақытты болды” деген ұғымда қолданылады. Мысалы:

– *Әйгерім, Көкітай, Ербол, Баймағамбет! ...Мына қонақтарың болса, Семейдің қалың қала, мол жиындарында бөйгеге түсіп, төселіп келгендер. Маңдайы ашылғандар көрінеді, – деді Абай (М.Ә.). Асанов: – Шын ба, ой, жігіттер?! Еркек өзіміз деңдерші. Жә, бұл қайсысың, сондай маңдайы жарылып, алдан кеп тұрған қайсысың (М.Ә.).*

*Қумалақ бүйрегі* – қумалақ жүрегінің оң қол және сол қол жағындағы мүшелері. Жүректің оң қол жағындағысы “оң бүйрек”, сол жағындағысы “сол бүйрек” деп аталады. Қумалақты оң, сол бүйректерді салыстыру арқылы қумалақ аштырушының және оның қарсыласының бір-бірімен қатынасы, туған-туысқан, жақын адамдарымен байланысы, ауру-сырқауын айтып береді. Мәселен: “оң бүйірі тоқ” – оң бүйрекке үш немесе төрт қумалақтың мүшеленуі. Қумалақшы бұған қарап, “бүйірі тоқ, қайғысы жоқ, дұшпаннан мерейі үстем, туған-туысқандары бір ауызда, туысқандары мен жақындары ішінде сыйлы адам” деп сөйлейді. Тіліміздегі бүйрекпен қатысты қалыптасқан бір бөлім фразеологиялық тіркестер балшының осындай сөзі негізінде қалыптасқан деуге болады. Мәселен, бүйрегі бұрды немесе бүйрек бұрды жасады – жаны ашыды, жақын тартты, болысты, іш тартты. Мысалы: *Не Дәмешке бүйрегі бұрып, соның жыртысын жыртыты ма? (З.Ш.). – Әне,*



мал десе, бүйрегі бұрады да тұрады, — деді Дмитрий Андреевич (Ж.Т.). Тіліміздегі “бүйрегі бүлк ете түсу” бір нәрсені сезу, т.б.

*Жеті өліп* — құмалақ тізбегінің өзегінен маңдайына және оң қанатына бірегей, тақ құмалақтың мүшеленуі. Мұндай құбылыс құмалақ ашуда өте сирек ұшырайды. Атап айтқанда, бұл құмалақ бақ пен мансап, дәреже, байлық қонатын адамға неше мыңдаған адам ішінен бір-ақ рет түседі. Мысалы, сондықтан да халық ішінде “жеті өліп — жерге түспейді, жерге түссе де, ерге түспейді” деген мақал қалыптасқан.

*Ашпас өліп* — құмалақ тартқанда құмалақ басының әр мүшесіне үш-үштен тоғыз құмалақтың бөлінуі. “Құмалақ аштырғанда құмалақ басына әлгіндей “ашпас өліп” түссе, құмалақшы әрі қарай ашпас өліптің артын ашам десе, онда құмалақшы ашпас өліп болған жолды “тіл-көзден аулақ!” деп, бір сызықпен тек ишарат түрінде сызу, не оны басқа жолдан ши, жіп немесе шөп салып бөліп, тастап, құмалақ мүшелеуді содан кейін ғана жалғастырған. Тіліміздегі *өліптің артын күтейік* немесе *бағайық* деген фразеологиялық тіркес осыған байланысты қалыптасқан деуге болады.

*Үш бөрі* — құмалақтың оң қанатынан бір-бірден үш не үш-үштен тоғыз құмалақтың мүшеленуі. “Үш бөрі” түскен адамды жай кісі емес, “аруақты кісі” есептеген. Құмалақшылар үш бөрі түскенде, “ақ дегенің алғыс, қара дегенің қарғыс”, тілегенің болады, дүниенің төрт бұрышына сапар шексең де жолың болады” деп жориды (Бөрі, тоғыз дегендер қазақ ұғымындағы киелі аң, киелі сан).

*Құйысқан* — құмалақ өкшесіндегі ортаңғы мүше. “Құйысқан — қонақ хабаршысы” делінеді. Мәселен: құйысқаны берік — құмалақтың екі босағаға бөлінуі. Бұл бойынша құмалақты аштырушыға “жолаушы жүрмейсің, үйіңе қонақ түспейді. Мал-жаның аман болады” деп жориды. Тілімізде *құйысқанға қыстырылған* деген тіркес көп қолданылады. Бұл *қосанжарлау*, *екі ортаға килігу* деген ұғымдарда қолданылады. Бұл сөз әу баста қонақ үстіне келген адамдарды жақтырмау негізінде келіп шықса керек.

*Асықпен бал ашу.* Тілімізде *асығы алшысынан түсті* (*түсіп отыр, тұрды, келді*) – жолы болды, қолы шығып тұр, тасы өрге домалады деген мәнде қолданылатын тұрақты тіркес бар. Бұл сөздің тегі де ертеде асықпен бал ашу дәстүрінен келсе керек.

Асық сойылған қойдың, арқардың, ешкінің, киіктің асықты жілігінен алынатын сүйек мүшесі. Оны шикідей де, піскен күйде де сіңірінен тазалап, пайдалана береді. Шикі асық салмақты, берік келеді.

Асықты жерге тастай салсаң, үйірсең де тұрып тұрады, не жатады. Тұрса – не тәйті, не алшы, не омпы, не шоңқы тұрады да, жатса – не бүк, не шік жатады. Жолында омпы тұрған асықты көрген қазақ “жолым болады екен” деп, ырымдап сүйіп алып, сақтап жүрген. Өйткені асық омпысынан өте сирек тұрады. Асық жалпы балалар ойынының бір түрі болғанымен, ересектер үшін де жол жору, бал ашу үшін істелген болу керек. Асықтың алшы немесе омпы түсуі жоғарыдағыдай жақсылық нышаны ретінде тілде, дәстүрде сақталуы соның айғағы. Сол сияқты тіліміздегі *не бұге, не шіге болу* сөзінің келіп шығуы да соған байланысты болуы керек.

### Сілтемелер

1. *John Long. Voyages and Travels of an Indian Interpreter and Trader.* London, 1791//Антропологиялық сөздік (қытай тілінде). Тайуан, “Шану” баспасы, 1971, 270-б.

2. Сонда. 270-б.

3. *Моргон.* Ертедегі қоғам (қытай тілінде). 1-т., 1981. 162-б.

4. *Freu.* Тотем және тыйым(қытай тілінде). Тайуан, 1980. 14-15-бб.

5. *Goldenweiser F.* Тотемизм //”Жер шежіресі”, ҚХР, 1933.

6. *Токарев С.* 1964. 45-б.

7. *Хайтун Д.Е.* Пережитки тотемизма у народов Средней Азии и Казахстана. Пережитки тотемизма у народов Сибири и Дальнего Востока//Ученые записки Таджикского государственного университета. Сталинабад, 1958. Т.2.

8. *Қоныратбаев Ә.* Қазақ эпосы және түркология. Алматы: Ғылым, 1987. 26-б.
9. *Моргон.* Ертедегі қоғам, 1 т., 1981. 162-б.
10. *Хы шиң лиан.* Кейбір хун сөздеріне түсіндірме// “Аз ұлттар филологиясы”. Пекин, 1982. №3.
11. *Әуезов М.* Әр жылдар ойлары. Алматы, 1959. 227-б.
12. *Марғұлан Ә.* Байырғы сақ, ғұн, үйсін өнері//ҚСЭ, 2-т., 98-101-бб.
13. “Мұра” журналы. 1993. №3, 3-8-бб.
14. *Гумилев Л.* Көне түріктер. Алматы: Балауса, 1992. 80-б.
15. *Лю Шиаумиң.* Манжурлердің шаман дініндегі мәдени қатпарлары//Алтай тілі семьясындағы халықтардың ауыз әдебиеті мен шаман мәдениеті (қытай тілінде). ҚХР, Көкхот, 1990. 287-б.
16. Сравнит. сл. тунг.-маньчжур. языков. Т. I, 1975.
17. *Базылхан.* Қазақша-монғолша сөздік. Улан-Бтыр, 1977. 312-б.
18. *Лю Шиаумиң.* Манжурлердің шаман дініндегі мәдени қатпарлары//Алтай тілі семьясындағы халықтардың ауыз әдебиеті мен шаман мәдениеті (қытай тілінде). ҚХР, Көкхот, 1990, 286-б.
19. Ауыз әдебиеті және шаман діні (қытай тілінде). ҚХР, Көкхот. 1990. 286-б.
20. Аталған еңбек. 288-б.
21. Моңғол Халық Республикасының этнографиясы (моңғол тілінде). 1987, 1-т. 390-б.
22. *Алексеев Н.Л.* Ранние формы религии тюркоязычных народов Сибири. Новосибирск, 1980, 90-111-бб.
23. “Тарихнама” 110 бөлім “Хұндар шежіресі”.
24. *Су Бихай.* Қазақ мәдениетінің тарихы (қытай тілінде). Үрімші, 1989. 40-б.
25. *Арибжанов М.* Некоторые лексические параллели в языке древних индейцев майя и тюркских языках// Вопросы тюркского языкознания. Казань, 1976, С. 129-134.
26. *Ахметов Ә.* Азия-Беренгия-Америка немесе американдық “үндістердің” азиялық тегі. Алматы, Шартапар, 2003.

27. *Жанболатов С.* Солтүстік Америка тілдерінің жіктелуі және оның түркі тілдерімен болған генетикалық бауырластығы. (Рефераттар, мақалалар), ҚХР, “Іле” халық баспасы, 1993. 467-477-бб.

28. “Жоунама”. 42-тарау. “Түркілер шежіресі”.

29. *Нұрмағамбетов С.* Сөз сырына саяхат. Алматы: Жалын, 1990. 46-б.

30. *Ярославский Е.М.* Құдайдың өмірі мен өлімі. Алматы: Қазақ мемлекеттік баспасы, 1962. 61-б.

31. “Тарихнама”, 50-бөлім, “Түркілер шежіресі”.

32. “Тарихнама”. “Ферғана тарауы”.

34. “Білім және еңбек”, 1984. № 2, 19-21-бб.

35. “Тарихнама”, “Түркілер” тарауы.

36. *Зеленин Д.К.* Табу—слов у народов Восточной Европы и Северной Азии. ч.2. Л., 1929. С. 41.

37. Сонда, 26-б.

38. *Мыңжан Н.* Қазақтың мифтік аңыздары. Үрімші, 1996, 6-7-бб.

39. *Аманжолов С.* Вопросы диалектологии и истории казахского языка. Алма-Ата, 1959.

40. *Уәлиев Н.* Сөз мәдениеті. Алматы, Мектеп, 1984. 54-55-бб.

41. *Қоңыратбаев Ә.* Қазақ эпосы және түркология. Алматы: Ғылым, 1987. 19-б.

42. *Су Бихай.* Қазақ мәдениетінің тарихы. Үрімші, 1989. 121-б.

43. *Базылхан Б.* Қазақша-моңғолша сөздік. Улан-Батыр, 1977. 15-б.

44. *Су Бихай.* Қазақ мәдениетінің тарихы. Үрімші, 1989. 142-б.

45. Оғызнама//Ежелгі дәуір әдебиеті. Алматы, 1991. 70-б.

46. Орта Азияны зерттеу материалдары (қытай тілінде). Қосымша саны. ҚХР, Үрімші, 1985.

47. *Севортян Э.В.* Этимологический словарь тюркских языков. М.: Наука, 1974. С. 101.

48. *Жу Тяньшун.* Ертедегі діндер (қытай тілінде). Шанхай, 1964. 33-б.

49. “Тарихнама”. “Ғұндар шежіресі”.

50. “Ханнама”. “Оңтүстік ғұндар шежіресі”.

51. Плано Карпини мен Рубруктың шығыс елдеріне саяхат естелігі (қытай тілінде). Пекин, 1985. 33-б.
52. Уәлиханов Ш. Тандамалы шығармалары. 1949. 28-б.
53. Жанұзақов Т. Космонимдердің лексика-семантикалық ерекшеліктері //Қаз ССР ҒА Хабаршысы, 1978. 57-б.
54. Севортян Э.В. Этимологический словарь тюркских языков. 1974. С. 99.
55. Қайдаров Ә.Т. Структура односложных корней и основ в казахском языке. 1986. 185-б.
56. “Ханнама”. “Ғұндар шежіресі”.
57. Сүйнама. “Түркілер” тарауы, 84-бөлім.
59. Уәлиханов Ш. Шығармалары. Алматы, 1985. 179-б.
60. Тілеуқабылұлы Ө. Шипагерлік баяны. Алматы, 1994. 85-86-бб.
61. ДТС, 259.
62. Жүсіп Баласағұн. “Құдат білік”, III, 372
63. Қашғари М. Түркі тілдері сөздігі. 3-том, 47-б.
64. Потанин Г.Н. 1893. с. 318.
65. Потанин Г.Н. Казахский фольклор//В собрании Г.Н. Потанина: Архивный материал и публикации. Алма-Ата: Наука, 1972. 382. С. 59.
66. Тілеуқабылұлы Ө. Шипагерлік баяны. Үрімші, 1994. 87-б.
67. Искаков М. Ғылым және соқыр сенімдер. Алматы: Қазақстан, 1963. 61-б.
68. Кун. Легенды и мифы древней Греции. М., 1964. С. 47.
69. ЭСТЯ, 1989. 280-б.
70. Кайдаров А.Т. Структура односложных корней и основ в казахском языке. 1986. 216-б.
71. Жанұзақов Т. Космонимдердің лексика-семантикалық ерекшеліктері //Қаз ССР ҒА Хабаршысы, № 6, 1978, 64-б.
72. Жу Тяньшүн. Ертедегі діндер (қытай тілінде).. Шанхай, 1964. 39-б.
73. Қытай энциклопедиясы. Ұлттар томы (қытай тілінде). Пекин, “Энциклопедия” баспасы, 1986. 188-б.

74. Әлем халықтарының идиомдар сөздігі (қытай тілінде). ҚХР, Уын Хуй, 1989. 30-б.
75. Сонда. 544-б.
76. Қазақ ССР тарихы. Алматы, 1980. 136-137-бб.
77. *Қоңыратбаев Ә.* Қазақ эпосы және түркология. Алматы: Ғылым, 1987. 24-26-бб.
78. *Су Бихай.* Қазақ мәдениетінің тарихы (қытай тілінде). Үрімші, 1984. 121-122-б.
79. Сонда. 187-б.
80. Қазақ ССР тарихы. Алматы, 1-т, 1980. 234-б.
81. *Ғабитханұлы Қ.* Өлгеннің тәні қастерлі, тірінің беті қанды жас немесе ертедегі ата-бабалар жерлеу дәстүрі қандай болған? // "Ана тілі", 1994. № 29.
82. Қытай мен Батыс елдері жолқатынасы тарихынан материалдар топтамасы (қытай тілінде) 1977. 4-т. 285-286-бб.
83. *Уәлиханов Ш.* Таңдамалы. Алматы: "Жазушы", 1985. 154-177-бб.
84. Сонда.
85. *Алтынсарин И.* Очерк обычаев при похоронах и поминках киргизов Оренбургского ведомства. Алма-Ата, 1976. С. 26-32.
86. *Шалұлы Ж.* Моңғолдар // "Парасат", 1994, № 4
87. Тарихнама. 1980, 204-б.
88. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі, 1969, 471-б.
89. АПС. 1958. 401-б.
90. *Мыңжани Н.* Қазақтың қысқаша тарихы. 1987, 593 б.
91. *Субихай.* Қазақ мәдениетінің тарихы (қытай тілінде). 1989, 121-б.
92. *Байпақов К., Нұржанов А.* Ұлы жібек жолы және Орталық Қазақстан. Алматы, 1992, 37-38-бб.
93. *Клиткейт.* Жібек жолындағы ежелгі мәдениет (қытайша аудармасы). 1994, 87 б.
94. *Гумилев Л.* Көне түркілер. Алматы, білім. 1994, 383 б.
95. *Қашғари М.* Түркі тілдер сөздігі. 1984, 3 т., 215-б.
96. *Қасымжанов.* Рухани тамырлар. Алматы, Білім. 1994, 91-б.

97. Уәлиханов Ш. Таңдамалы шығармалары. 1985, 170 б.
98. Болғанбаев Ә. Қазақ тіліндегі алғыс және қарғыс мәнді тұрақты тіркестер// Қазақ тілі тарихы мен диалектологиясы мәселелері 1960, 117-121-бб.
99. Ахметов Ә. Қазақ тіліндегі табу мен эфемизмдер. 1973.
100. Қашғари М. Түркі тілдер сөздігі. I т. 373-б, Үрімші, 1983.
101. Қашғари М. Түркі тілдер сөздігі. 3 т. 223-б. Үрімші, 1984.
102. Қашғари М. Түркі тілдер сөздігі. 3 т. 218-б. Үрімші, 1984.
103. Қашғари М. Түркі тілдер сөздігі. I т. 134 б. Үрімші, 1984.
104. Қашғари М. Түркі тілдер сөздігі. 3 т. 197 б. Үрімші, 1984.
105. Қашғари М. Түркі тілдер сөздігі. 3 т. 42-б. Үрімші, 1984.
106. Сейфуллин С. Шығармалары. 1964, 172-б.
107. Қашғари М. Түркі тілдер сөздігі. 1984, 3 т. 1-2 бб.
108. ПРС, 1959, 210-б.
109. Диваев Ә. 1909, 484-485-бб.
110. Уәлиханов Ш. Таңдамалы шығармалары. 1985, 154, 177-б.

### 3. ХАЛЫҚТЫҚ ДӘСТҮРЛІ ДІНДЕР ЖӘНЕ ОНЫҢ ТІЛДЕГІ КӨРІНІСІ

#### 3.1. Будда діні

“Будда” (санскритше – bodhi sattva, сөзбе-сөз – ақиқаттың көзі, көпті көрген) – буддизмде барынша жетілген және басқаларға діни жолмен күнәдан арылуды көрсете алатын адам. Ал будданың атымен аталатын адам – оның негізін салушы б.э.д. 623–544 жылдары Ганга-Үндістан өңірінің орталық бөлігінде өмір сүрген Сиддхарте Гаутама (Шакья-Муни). Будда діні Үндістанда пайда болғанымен, кейін келе Орталық, Шығыс және Оңтүстік Шығыс Азия елдеріне, сондай-ақ Қиыр Шығыс елдеріне тараған әлемдегі үлкен діндердің бірі.

Будда дінінің идеялық негізі – ертедегі үнді елінде болған діни-философиялық, идеалистік ілім. Бұл философия біздің көріп отырған дүниеміз мистикалық бөлшектердің (таныймайтын дхармның) жиынтық көрінісі деп түсінеді (дхарм – рухани бөлшектер). Будда дінінде жанның көшіп жүретіні және күнә үшін жаза тарту сынды карма туралы ілім үлкен рөл атқарды. Бұл ілім бойынша, адам өлгеннен кейін алдымен жанның дхармдары ыдырайды, кейіннен қайта жинақталып қосылады. Дхармның жаңадан жинақталуы кармамен анықталады. Өйткені ол өлген мен жаңа туғанның жаны арасындағы себеп-салдарды үйлестіреді, алдыңғы жинақталған дхармның өмірі қаншалықты дұрыс өткен болса, жаңа дхармның жинақталуы және адам денесіне енуі соғұрлым жағдайлы болады. Адам бұл жалған өмірдің барлық ауыртпалығын төзімділікпен басынан кешіріп, будда ілімінің ережесі бойынша өмір сүрсе, оның жаны өлгеннен кейін, патша, паджи болып қайта тууы ықтимал. Ал ол ауыртпалыққа, зорлық-зомбылыққа көнбей, наразылық



білдіріп, өз қожасына қарсы шықса, оның жаны болашақ өмірде өсімдікке, құрт-құмырсқаға, жылан-шаянға көшуі мүмкін. Сондықтан адам өткінші, жалған өмір сүретін масыл денесін ойламай, мәңгі өмір сүретін жанын және оны құтқарудың қамын ойлауы керек. Қатардағы дінге сенушілер жақсырақ болып қайта туу үшін монахтарға қайырымдылық көрсетудің сыртында және жамандық істемеу, өтірік айтпау, ұрлық істемеу, сезімге берілмеу және ішімдікке салынбау сияқты бес моральдық талапты орындау арқылы қолы жетеді, — дейді. Кейінгі кезде осы негізде будда дінге сенушілер үшін 253 түрлі қылықтарға тыйым салған. Біздің заманымыздың I ғасырында Үнді елінің солтүстік батыс бөлігінде адамдарды азап шегуден құтқаруды мақсат еткен будда дінінің жаңа түрі — “махаяна” (құтқарудың кең жолы) пайда болды. Махаяна уағыздары мен табыну ғұрыптарында құтқаруға жәрдем көрсетуші бодистваларға (нирваннаға өтуге жәрдемдесуші құдайларға) үлкен орын берілді. Бодиствалар мезгіл-мезгіл аспаннан түсіп, адам бейнесіне енеді де, азап шегуден құтылуға адамдарға жәрдем көрсетеді. Махаяна “нирвана” (адамның ерекше күйін білдіретін жағдай, бүтін тыныштыққа бөленіп, айналаны қоршаған дүниенің бәріне енжар қараушылық) ілімімен қатар басқа діндерде орын алған жұмақ пен тамұқ туралы уағыздармен толықтырылған. Жұмақ молшылық пен шаттық елі ретінде суреттеледі. Кейіннен махаянизм Қытай, Жапония, Моңғолияда орын тепті, бурят, қалмақ, тува халықтары арасына да тарады [1].

Қазақ халқының этникалық құрамында бар бір топ ру-тайпалар тым ертеден-ақ будданың ықпалына ұшырап, сол ықпал басқа діндермен қатар өмір сүріп, бертінге дейін (15-16 ғасырға) жалғасқандығы тарих материалдарынан белгілі болып отыр. Мәселен, ислам діні енуден бұрын қазақ қауымы ата-бабаларының бейнесін жасап алып, мұны “бұт тәңірі” деп атаған. Бұл бұттар тастан, ағаштан, жібектен, киізден жасалған. Кейбір деректердің айтуынша, “бұтқа олар жақсы киім кидіріп, үстіне сауыт, басына дулыға кигізетін болған” [2]. Егер құрметті адамы өлген болса, — деп жазады Әбілғазы, — оның ұлы немесе қызы

не болмаса аға-інілері соған ұқсатып қуыршақ жасайды. Сөйтеді де: “Міне, біздің қадір тұтатын адамымыздың бейнесі осы”, – дейді де, бетін бұтқа тигізіп, оны сүйеді, алдымен ауыз тигізем деп, асын оған ұсынады, оның алдына қояды [3]. Бұл туралы орта азиялық тарихшы Ибн Рузбехан былай деп жазып кеткен: “Қазақ арасында кейбір дінсіздік дәстүрлері тараған: оларда бір бұт бейнесі бар, оны олар қадірлеп, соған сиынып отырады... Олар басын жерге жеткенше иіп тағзым етеді. Басын жерге жеткенше иіп бұтқа табынудың өзі дін мен Құдай заңын келеке еткендік екендігіне күмән жоқ” [4].

Әйгілі тарихшы, ғалым Н.Мыңжани да: “15-16 ғасырлардағы қазақ шаруалары арасында киізден, жібек бұлдан істелген бұттар болған, қазақтар ислам дінін қабылдаумен қатар осы қолдан жасап алған бұттарына жасырын табынып жүрген, оларды “бұт тәңірі” деп атаған” [5], – дейді. Қазақты құраған тайпалардың бірі наймандардың Күшлік хан тұсында (Күшліктің қара қытай мемлекет құрған, Жетісу өңірін билеген кезінде) будда дінінің ықпалына ұшырағаны туралы В.В.Бартольд еңбектерінде айтылған [6].

Тарихи деректердің көрсетуінше, түркі халықтарына будда дінінің таралуы өте ертеден басталған. Атап айтсақ, тарихта будда дінінің түркі халықтарына, тіпті, қытайларға таралуына қаңлы, иүз тайпалары үлкен ықпал еткен. Бұл туралы қытай жазбасында айтылған. Хан патшалығы тұсында (б.э.д. 206 жылдан б.э.к. 220 жыл аралығы) қаңлы базан қытайға будда дінін таратып, “Бас пайғамбар – ұлыс ұстазы” атанған. Бұдан басқа сүйегі қаңлы, отырарлық саудагер отбасында дүниеге келген Қаңлы Самғақұй деген адам он неше жасында керуенмен ілесіп, Үндістанға барғанда ата-анасынан айрылып, “Самгха” (будда монахы) болып кетеді де сол жерде будда классиктеріне жетіліп, алты кәрімді игеріп, Қытайға келіп, будданы үгіттейді. Оның ақылымен Жиание қаласында тұңғыш будхана салынады. Осы будханада ол, Сакиямони буд болуға дейінгі бастан кешкендерінің мифологиялық баянын түсірген “Фан патшалығының кешірмесі” сияқты көп кітап аударған. Қаңлы Самғақұй 280 жылы қайтыс

болған. 277–304 жылға дейін өмір сүрген, руы Ұлы жүз Жуфак деген адам 8 жасында шетелдік будда монахтарын ұстаз тұтып еріп шығып, батыс өңірдегі 36 мемлекетті кезіп, көп тіл үйреніп, будда біліміне жетілген де, қайта айналып Қытайға келіп, дұңғаннан Чаңанға дейінгі сапарында көп еңбектерді аударып қалдырған. Чаң-анда, Ло-йанның Ақбозат будханасында жүріп “Шүйжін шахзада көшірмесі” ~~сияқты~~ 165 кітапты қытай тіліне аударған [7].

Будда діні Таспар қаған тұсында да (572–581) түркілердің біраз бөлігіне таралып, өз ықпалын тигізе бастаған болатын. Жапонияның әйгілі ғалымы Хуяфу 1956 жылы Моңғолия жерінде табылған Бұғыты ескерткішінде түркілердің будда дініне сенгендігін дәлелдейтін тілдік деректер бар екенін айтады. Мәселен, ескерткіштен “будда монахтары” деген мәнді білдіретін “Самгха” (Samgha) сөзін келтіреді (Хуяфу “Археологиялық материалдар”, №5,90). “Би чи шудың” 20 -томындағы (Би чи патшалығы 550 ж. –577 жылға дейін) “Ие ли чаң жүйдің өмірбаяны” деген тарауда: “Дай жерінде туған (Дай – қазіргі Қытайдың Шан ши өлкесіндегі жер аты) Ли Шы чің төрт тіл білетін танымал адам болған... Патша Ли Шы чіңға будда дінінің уағыздарын түрік тіліне аудартып, түрік қағанына жібергізеді және жоңшусылаң (орда хат шек бастығы) Ли ды лиңға алғысөз жаздырады”, – делінген. Ал “Сүй намада” (Сүй патшалығы 581 жылдан 618 жылға дейін) мынадай делінген: “Чи патшалығында Хүй лиң деген монах түріктерге тұтқын болып түріктердің Таспар қағанының алдына апарылғанда “Чи патшалығының күшті болуы буддизмнің игі әсерінен” деген, сонымен бірге будданың негізгі уағыздарын оған айтып берген. Бұған сенген Таспар қаған будхана салдырыпты және Чи патшалығына елші жіберіп, будданың уағыздарын алдырыпты [8]. Бұл жоғарыдағы Таспар қағанның ескерткіші болған бұғыты ескерткішіндегі деректі анықтай түседі. Бұдан басқа “Ши гай шың жуан” (“Мәртебелі монахтардың өмірбаянының жалғасы”) деген жазба деректе 575 жылы Үндіге барып, будда дінін үйреніп қайтқан солтүстік Чи патшалығының монахтары Бау Шиэн, Дау

Сүй, Сын Тан сияқты он адам санскрит тілінде жазылған 260 том будда діні кітаптарын әкеле жатып түрік жеріне келгенде Чи патшалығы күйреп, олар Түрік қағанның қарамағында қалып қояды [9]. Бұл деректерге сенсек, түріктерге будда дінін алғаш уағыздағандар солтүстік Чи патшалығының адамдары болған деп есептелінеді. Ал “Да таң ни дуан” (“Ұлы Таң патшалығының орда салт ескерткіштері”) деген жазбада: Шығыс Үндідегі Анархара елінің адамы будда монахы Жына-жүедо дін таратып, түркі жеріне келгенде, түріктің Таспар қағанына жолыққан. Таспар қаған оны шын пейілімен өз қасына қалдырған...ол түркі жерінде бірнеше жыл тұрған делінген [10]. Бұл дерекке сенсек, түркілер будда дінін тікелей үнді монахтарынан да қабылдаған болып шығады.

Жалпы жоғарыдағы деректерге қарап, түркі халықтарына будда дінінің тым ертеден-ақ ықпалын тигізіп келгендігін байқауға болады. Бұл жағдай ислам діні қазақ даласына жаппай тараған 16-17 ғасырларға дейін жалғасқан. Мәселен, ерте замандағы қазақ қауымының ұғымында: жер жүзіндегі барлық жаратылыстың түп-тегі төрт нәрседен — топырақ, су, от және желден (ауадан) жаратылған [11]. Бұл идея будда дінінің уағызымен ұштасып, үндесіп жатыр. Будда дінінде де әлем жоғарыдағыдай төрт нәрседен жаралған делінеді.

Қорытып келгенде айтарымыз, халқымыз бір мезетте болса да бұтқа табыну дінін қабылдаған, ол тілімізге ықпал еткен. “Бұт”, “бұт тәгірі”, “бұтқа табыну”, “шыбын жан”, “дүние жалған”, т.б. сөздерінің тілімізде болуы осыны дәлелдейді.

Буд — “бодиства” сөзі орта парсы, ұйғыр, қытай тілдеріне соғды тілінен енген. Шығыс Түркістанның будда дініндегі түркі сөз тіркестеріндегі терминдерге талдау жасап көргенде, олардың соғдылар арасындағы байланыс арқылы алыс-берістен туған сөз екені көрінеді [12]. Тілімізде көзге анық болмаса да кейбір тұрақты тіркестердің қалыптасуына будда уағыздары негіз болған деуге болады. Ендігі міндет, міне, осындай сөздерді анықтау, мәнін ашу.

Тілімізде *дүние жалған* немесе *жалған өмір, шыбын жан, шыбыны шырқырау* деген тұрақты тіркестер бар. Бұл

будда дінінің уағыздарына байланысты қалыптасқан. “Буддада адамның бірінші рет дүниеге келуі жалған өмір, адам қайта туады. Егер адам бұл жалған өмірдің барлық ауыртпалығын басынан кешіріп, төзімділік көрсетсе, әрі будда ілімінің уағыздары бойынша өмір сүрсе, оның жаны өлгеннен кейін, екінші рет патша, бақытты адам болып қайта тууы мүмкін. Ал ол ауыртпалыққа төзбей, будда ережесі бойынша өмір сүрмесе, оның жаны болашақ өмірде, өсімдікке, құрт-құмырсқаға, жылан-шаянға көшуі мүмкін. Сондықтан адам өткінші, жалған өмір сүретін масыл денесін ойламай, мәңгі өмір сүретін жанын және оны құтқарудың қамын ойлауы керек делінген” [13]. Адамның қайта туып жасайтыны оның жаны. “Жан” – көне санскриттік атау, туылған, жасалған деген мағынаны білдіреді. Бұл, міне будданың уағызына дәл келеді. Оның үстіне ерте кезде будда санскрит тілімен жазылып, сол арқылы басқа халықтарға тараған. Будда іліміне жетілмеген және оның уағыздары бойынша өмір сүре алмаған қарапайым халық бұл “дүниенің жалған” екендігіне сене отырып, өз жандарын қайта туғанда құрт-құмырсқа, аң-құс немесе ұшып жүрген шыбын ретінде елестетіп, “шыбын жан” деуі әбден мүмкін. Тілімізде “жаны қиналды”, “өлді” деген мағынаны “шыбыны шырқырады” деп айту дәстүрі бар. *Шыбыны ұшты* – зәре-құты кетті деген мәнде қолданылады. Мысалы: *Сілкініп қаһарлы қыз түрегелді, шаңқ етіп, жатқан елді ду көтерді. Күйшінің шыбыны ұшты қалш-қалш етті, шығарып самайынан шып-шып терді* (І.Ж.). “Ескі наным бойынша, – дейді Ә.Марғұлан, – қазақтар аққу, қарлығаш сияқты құстарға тимеген және оларды өлтіруге тыйым салған. Оларды өлтіру адам өлтірумен тең деп санаған. Олай ететін себебі, діни ұғым бойынша, қайтыс болған адамның аруағы (жаны) ұйықтап жатқанда, адамның түсіне кіріп қана қоймайды, сонымен бірге ол адамның өңінде, яғни ояу кезінде де қарлығаш, аққу сияқты құстардың кейпіне еніп, келіп-кетіп жүреді” [14]. Міне бұл наным-сенімде де жоғарыда айтылған будданың уағыздарының айқын көрінісі бар. Сонымен бірге ол қазақтың дәстүрлі тотемдік нанымдарымен ұштасып кеткен.

### 3.2. Христиан діні

Христиан діні б.э.д. I ғасырдың екінші жартысында Кіші Азияда пайда болды. Ал түркі халықтарына таралған Несторий ағымы V ғасырдың алғашқы жартысында ертедегі Византиядағы православие шіркеуінде пайда болған. Оның негізін салушы Несторий (жыл санаудан кейінгі 380-451 жылдары) еді. Бұл діни ағым қасиетті Құдай Марияны емес, Христосты (айсаны) туды, Христос тек қасиетті рух иесі, “Құдай өкілі” деп уағыздады. Несторийдің пікірінше, қасиетті Мария Құдай туған жоқ, Христосты туды, яғни “Мария құдай тағаланы емес, адам Христосты туды”. Несторий осылайша христиан дінінің дәстүрлі қағидаларына қарсы шығып, “адам-құдай” жайлы мистикалық-христиандық ұғымды сынады. Ал дәстүрлі ұғымда адам мен тәңірі бір жаратылған делінген. Сонымен Несторийдің бұл діни ағымы халық арасында зор дүмпу туғызады да, 431 жылы Эфесс соборында қатты сынға ұшырап, несторийшылдар “дін бұзарлар” деп айыпталып, қатты қуғын-сүргінге ұшырайды. Алдымен Иранға, одан біртіндеп сириялық саудагерлердің, несторианды жақтаушылардың күшімен шығысқа қарай ағылып, Кіші Азияға, Орталық Азияға тарала бастаған.

V ғасырдан түркі топырағына тарала бастаған несторий діни ағымының растығын Орта Азия, Қазақстан және Шыңжаңдағы археологиялық ізденістер нәтижесінде табылған деректер – несторийлық жазулар мен айшықты таңбалары бар құлпытастар дәлелдеді. Мәселен, Тараз қаласын қазғанда VI-VIII “Петр және Гаврилл” деген сириялық жазуы бар қыш кружка табылды [15]. Жетісуда Ақбешім қала жұртынан археологиялық қазба кезінде әуелгі ортағасырлық шіркеу қалдықтары табылған [16]. Жазба тарихтарында да қазақты құраған ру-тайпалардың христиан дініне сенгені туралы деректер бар. Француз тарихшысы Шавнс алғаш христиан дінін қабылдаған түріктер туралы Рим тарихшыларының жазбаларына негізделе отырып, былай дейді: “Рим тарихшысы Симукатаның жазуынша, 591 жылы Шығыс Рим императоры Маврик Парс Шахыға II Хысырау көмекке

әскер шығарып, Түрік қағаны Бахрамға қарсы соғысады. Соғыста қолға түскен түрік тұтқындарын парсылар Константинопольға алып барады. Сонда маңдайларына крест белгісі салынған түрік жасауыларын көріп, Рим императоры қатты таңғалады. Сөйтсе, тұтқындардың айтуынша, олардың жас уақыттарында түрік елінде жұпбалы ауру тарапты. Христиан миссионерлері (дін таратушылары) аурудың алдын алады деп, түрік балаларының маңдайларына крест белгісін салыпты. Содан бастап олар христиан дініне кірген екен” [17].

Қазақ тайпаларының да тарихта христиан дініне сенгені айқын. Парсы тарихшысы Рашид әд-Дин: “Ол кезде олар (керейлер) басқа тайпаларға қарағанда күшті болатын. Ғайсаға табыну – олардың салты, олар Ғайсаның дініне сенетін” [18], – дейді. Бартольд: “Сирия хикаяларында керейлердің христиан дініне кіруі айтылады. Онда керейлер христиан дінін христиан саудагерлері арқылы үйренген делінеді” [19], – деп жазады.

Христиандықтың белгісі крест және көгершін бейнелері екені белгілі. Қазақ ішінде керейлердің тайпалық таңбасы – Х, +, ашамай немесе крест белгісі сол ХІ ғасырға саяды. Бұл олардың христиан дініне кіріп, Ғайсаға шоқынып, крест тағып жүрумен байланысты болуы керек. Мұның тамаша бір айғағы: “Монғолиядағы Ииук-Архан өзенінің бойындағы керейлерден қалған бір құлпытаста бұғы, қабан суретімен бірге ашамай немесе крест белгісі ойылған. Онда және Орхон жазуымен “Марриміз, шадиміз” деген сөздер жазылыпты. “Марр” – христиан дінін үгіттейтін ұстаз (сирия тілінде), “шад” – ел басқарушы (түрікше) деген сөз [20]. Бұдан басқа да сирия жазуында жазылған христиан дінін үгіттеген жазба деректер Орта Азия, Қазақстан даласынан көптеп табылуда. “Кодекс Куманикус” (куман – қыпшақ) ХІІІ ғасырдың екінші жартысында құрастырыла бастап, ХІV ғасырдың басында (1303 жылы) аяқталған кітап. Қолжазба екі бөлімнен тұрады: ) 1) Латынша-парсыша-куманша сөздік, 2) Куманша-немісше-латынша сөздік. Онда сөздердің бірнеше тілдегі мағынасымен қатар, 50-ге тарта жұмбақтар,

діни хикаялар бар. Діни хикаялар христиан аңыздарынан алынып, қыпшақтар арасында христиан дінін уағыздау мақсатын көздеген” [21]. Осы кезде Дешті Қыпшақтың сауда-саттықпен көбірек айналысатын өңірлерінде христиан діні тарай бастаған болатын. Сол кездегі араб саяхатшылары “Қыпшақтар христиан дінінің мінажатын орындайды” деп жазады [22]. Көптеген ғалымдар осы сияқты тілдік, тарихи және археологиялық деректерге сүйеніп, қазақтың этникалық құрамындағы рутайпалардың кейбір бөлімдерінің бір кездерде христиан дінінің ықпалына ұшырағандығын нақты фактілермен дәлелдеген. Қазақтардың ішінде христиан діні де басқа діндер секілді тұрмысқа үйлесіп, араласып кеткен. Мәселен, Ш.Уәлиханов: “Халықтың бірден-бір күнкөріс көзі болып саналатын мал атаулыны адамдар әр түрде қастерлейтін болған: малдың сүйегін басуға болмайды, егер сүт төгілсе, қазақтар оның кесірі тимегін деп, төгілген жерді әбден тазартып, тәу етеді. Желіден аттағанда да, оның киесі бар деп санап, оған тәу етеді, ол үшін оң қолын маңдайына, иегіне, оң иығына, одан соң сол иығына тигізеді” [23], – дейді. Әрекет жүзінде бұлайша тәу ету христиандарға тән дәстүр екені белгілі.

Қазақ даласына ислам дінінің біртіндеп еніп, хан-сұлтандар ішінде орнының бекемделуіне байланысты басқа діндерге сенушілерге ресми шектеу қойыла бастаған. Мәселен, тарихта “Әз Тәуке” деп ат алған Жәңгір ханның баласы Тәуке ханның (1680–1718) жарғы-заңдарының ішінде: “Христиан дініне кірген шоқынғандардың және оның бүкіл туыстарының мал-мүлкі тәркіленеді” [24]. деген арнайы заң тармағы болған. Мал-мүлкін тәркілеу деген сөз өлімге үкім етілгенмен бірдей ауыр жаза деуге болады. Егер қазақтар ішінде сол кезге дейін христиан дініне шоқынушылар болмаса мұндай қатал заң шықпаса еді. Демек, христиан діні қазақтар ішіне таралған екен, олардың өміріне, дүниетанымына, тіліне әсері болуы сөзсіз. Мәселен, отбасы барлардың екісінің бірі қолданатын тіліміздегі “қабырғаммен кеңесейін” дейтін фразеологиялық тіркестің түп төркіні христиандықтардың қасиетті кітабы “Тауаратта” (“Библия”) жатыр. Сол сияқты



“қабырғасы қан жылады” тіркесі де сол негізде қалыптасқан.

*Қабырғаммен кеңесейін* немесе *қабырғаммен тілдесейін* сөзі әдетте “әйеліммен, үй ішіммен ақылдасайын” деген мәнде қолданылады. Бұл жерде демек, “қабырғам” деп “өйелін” айтып отырғаны белгілі. Христианның киелі кітабы “Таураттың” ішіндегі “Жаратылыстың басталуы” атты тарауында Құдай көк пен жерді жаратқан соң оларға қатысты барлық табиғат бөлшектерін толықтай жаратады да, топырақтан адам жасап, оған жан бітіріп, алдымен Адамды – еркекті жаратады. Содан кейін Құдай ие “Адамның жалғыз болғаны жақсы болмас, мен оған өзі сияқты біреуді жасап берейін”, – дейді. Алайда Адамға өзі сияқты ешкім де табылмайды. Сонда Құдай ие адамды терең ұйқыға батырады да, ол ұйықтап жатқан кезде оның бір қабырғасын алып, орнын етімен жауып қояды. Сонан соң Құдай ие жаңағы алынған қабырғадан өйел жасап, оны адамға алып келеді. Сонда адам: “Бұл – менің сүйегімнен шыққан сүйек, етімнен шыққан ет, ол әйел (өйел – көне еврей тілінде “еркек” деген сөзден құралған) деп аталсын. Себебі, ол еркектен алынып жасалған”, – дейді. Сондықтан еркек әке-шешесін тастап, әйеліне қосылады, сөйтіп екеуі бір адам болады” [25]. Демек өйел ердің (Адамның) қабырғасынан жаралған деген христиандардың қасиетті кітабы “Таураттағы” ұғымнан тіліміздегі “әйеліммен кеңесейін, ақылдасайын” дегеннен *қабырғаммен кеңесейін* деген тұрақты тіркес қалыптасқан. Кейін “қабырға” сөзінің “жан”, “ел-жұрт” деген баламасы пайда болып, *қабырғасы қан жылады, қабырғасы сөгілді, қабырғасы қайысты, қабырғадан қан кешті*, т.б. сөздер осы негізде келіп шықты деуге болады.

### 3.3. Ислам діні

Тарихи деректердің дәлелдеуінше, арабтардың Орта Азиядағы көшпелі халықтар арасында исламды таратуға тырысқан алғашқы әрекеттері VIII ғасырда Хашим халифа тұсында (724–743) болған [26]. Қытайдың Таң патшасы

дәуіріндегі (Таң патшалығы 618—907 жылдар) деректердің айтуынша, Орта Азия өңіріне жорық жасап келген араб әскерлері 751 жылы Тараз (Талас) маңында Таң патшалығының қолбасшысы Гау Шан Зымен соғысып, оны жеңіліске ұшыратқан. Мұның өзі қазақ даласына енудің қақпасын ашқан еді [27]. Мұсылмандық табынушылыққа өте-мөте құлай берілгендер Жетісу мен Оңтүстік Қазақстанды 766 жылы жаулап алып, онда саяси билігін жүргізіп тұрған қарлұқтар болды. Олар мұсылман дінін, тіпті, сонау Мехди халиф (775—785) кезінде қабылдады деген пікір бар [28].

X ғасырдың басында ислам дінін қараханидтер әулетінің ру басы Сатук қабылдады, ал оның ұлы Богра-хан Б.Мұса 960 жылы исламды мемлекеттік дін деп жариялады [29]. Тарихи деректер ислам дінінің X ғасырда Оңтүстік Қазақстан жеріне, X ғасырдың аяғында Жетісу өңіріндегі қалаларға тарағандығын айтады. Археологтар тапқан IX—XIII ғасырлардың қазба ескерткіштері осы өлкеде қалалық мұсылмандық мәдениет қалыптасқандығын дәлелдей түседі. Сондай-ақ ислам дінінің XI—XII ғасырларда қыпшақтар арасына да таралғаны жөнінде деректер бар [30]. Жоғарыдағы мәліметтер X—XI ғасырдан бұрын ислам дінінің жалпы қазақ даласына тарала бастағанын көрсетеді.

Дегенмен, ислам дінінің қазақ даласына таралуы тек XII ғасырда өзіндік жемісін беріп, терең тамыр тарта бастады. XII ғасырда Сырдария өңіріндегі Яса (Түркістан) қаласында өмір сүрген әйгілі ғұлама, “Дивани хикметтің” авторы Хожа Ахмет Ясауидің (1103—1166) исламды казак даласындағы көшпенділерге уағыздауы ерекше рөл атқарды. Яссауи ағымындағылардың қазақ арасында исламды уағыздауының табысты болуы ислам дінінің мазмұнын қазақ халқының тарихи әлеуметтік жағдайымен ұштастырып, оған үйлестіргендігінен еді. XII ғасырдың соңы мен XIII ғасырдың басында қазақтардың көбі ислам дініне енді [31]. Қазақ даласына араб мәдениеті тараған соң қазақ халқының рухани өміріне үлкен әсер етті. Араб, парсы сөздері қазақ тіліне енді. Мәселен: *алла, ислам, дін, пайғамбар, иман, намаз, парыз, уәжіп, қазы, имам, шариғат, бейіс, жаһанам, ақырет* деген діни сөздерден

тыс мәдениет, әдебиет, әділет, бақыт, дүние, табиғат, ғылым, кітап, дәстүр, қағида, т.б. Ислам әлеміне тән көптеген сөздер мен ұғымдар кірді. Ислам дінінің қазақ даласына еніп, тез арада жайылуына мынадай себептер деуге болды. Орта Азия мен Қазақстан территориясында тұратын ру-тайпалар бұрыннан келе жағқан және кейіннен кірген тәңірі, зороастризм, шаман, будда, христиан, т.б. мәжаусылік діндер сол кезде пайда болып, қалыптаса бастаған қоғамдық қарым-қатынастардың мұқтажын, талап-тілектерін қанағаттандыра алмады. Ал ислам діні болса, жергілікті болып қалған сол аталған діндерді жатсынбай араласып, олардың ең жақсы жақтарының өз ортасында қолданылуына мүмкіндік берді. Шоқан Уәлиханов: “Қазақтар туралы барлық зерттеушілердің айтуынша да, барлық географиялық нұсқаларда да қазақтар мұсылмандар, бірақ шамандық ырым, сенімді де ұстайды. Олар мұсылман дініне табынумен қоса шамандық нанымдарға да иланады”. Қазақтардың “екі дінге бірдей табынуы осы күнге дейін келіп жалғасты” [32] деп жазады. Демек, халқымыз сенген соңғы дін – ислам дінінің көшпелі қазақ халқына таралу жағдайы Орта Азияның отырықшы қала қыстақтарындағы жағдайдан әлдеқайда өзгеше түс алды. Ислам діні көшпелі қазақ қауымы арасында “ескіні жойып, жаңаны орнату” жолы арқылы емес, ескі мен жаңаны өзара үйлестіріп, жаңғырту жолымен жүрді. Ислам діні көшпелі қазақ қоғамының жағдайына жанаса бейімделіп, олардың бұрынғы шамандық нанымдарымен араласып кетті. Қарапайым қазақ шаруалары өздері тұтынып отырған діннің сан алуан салт-саналарының қайсысы исламнан, қайсысы шамандықтан келгенін айыра алмады. Әйтеуір, осылардың бәріне бірдей сеніп, өздерін “Хақ мұсылман” санады [33]. Шоқан өзінің зерттемесінде бұл жайтты былай баяндайды: “...Шаман діні қазақтарда мұсылман нанымдарымен араласып кеткен. Сөйтіп әбден араласып алып, мұсылман діні деп аталатын бір дін болып шыққан. Бұл діндегілер Мұхаммедті білмей-ақ Аллаға сенген. Сонымен қатар онгондарға сиынып, мұсылман әулиелерінің моласының басына апарып, мал соятын болған. Бақсыға сеніп, Мұхаммед қожаларын

құрметтеген, олар отқа табынған, ал бақсылар онгондармен қатар мұсылман періштелерін шақырып, Алланы дәріптеген. Міне, бұл сияқты қайшылықтар бір-біріне еш кедергілік жасамаған, ал қазақтар осылардың бәріне бірдей сене берген” [34].

“Ислам” арабша – Аллаға берілу, мойын ұсыну деген мәнде, діни сенімнің негізі – оның “бес парызын” мойындау. Атап айтқанда, Алладан басқа Құдай жоқ, бәрін тек Алла біледі. Мұхаммед пайғамбар Алланың елшісі, ол да біреу деп сенумен бірге мұсылмандардың намаз оқу, ораза ұстау, қажыға баруы тиіс. Бұдан басқа қиямет қайымға, ұжмақ пен тозаққа сену, құрбандық шалу, т.б. шарттарды орындауы керек. Бірақ алғашқыда қазақтың байырғы нанымдары исламмен араласып: “жасаған-алла”, “алла-тәңір”, “құдай-аруақ” атаулары қосарланып қолданылған. Кейін келе қазақтың байырғы мифтік кейіпкерлері – “жаратқан”, “жасаған”, “қыдыр”, “көк тәңірі”, “ұмай”, “жер иесі”, “тау иесі”, “от анасы”, “су анасы”, “Орман баба”, “Дихан баба”, “Зеңгі баба”, “Шопан ата”, “Жылқышы ата”, “Ойсыл қаралардың” кейбірі исламға үйлесіп кетіп, кейбірі сұрыпталған [35]. Ш.Уәлиханов былай дейді: “Мұсылман діни молдасы жоқ, сауатсыз халық арасында орын тебе алмады. Сөйтіп, ол бұрынғы шаман дінінің ұғымдарымен астарланған әлсіз құрғақ сөз болып қала берді. Сондықтан да атаулармен сөздер ғана өзгеріп, оның мәні өзгермей қалып отырды. Онгонды – **аруақ**, көк тәңірісін – Алла немесе Құдай, жер рухын – **шайтан**, пері-диюды – **жын** деп атайтын болды. Ал идеясы шаман дінінің идеясы болып қала берді. Бірақ солай бола тұрса да Мұхаммедтің “Құдай – біреу” ұғымымен байланысты шаман дінінің негізі шайқала бастады. Көк тәңірі Алла идеясына қосылып кетті. Ал енді кереметі бар делініп жүрген екінші дәрежелі тәңірлер, әсіресе, суреттері барлары, мәселен, жер құдайының бұты Дзаягачи мүлде ұмытылып кетті. Өйткені ислам дінін енгізерде мұсылмандар бұл бұттарды барынша жек көріп, қудалады. Оның есесіне жанды деп кейіптелмейтін күн, ай, жұлдыздар осы кезге дейін қадірленді. Ал халық арасында оларды құрметтеп сиыну ғұрпы әлі де болса

бар. Шаман дінінің көшпелі тұрмыс қалпымен тығыз байланысқан әдет-ғұрыптар ұғымдары, аңыздары қазақтар арасында бүтіндей толық сақталып келді және бұл Орта Азияның ежелден келе жатқан мұраларын зерттеу үшін бай материал болып табылады” [36], – дейді.

Ислам дінінің тілімізге, салт-дәстүрімізге ықпал етуі бүгінге дейін жалғасып келеді. Тілімізде жиі қолданылатын тұрақты тіркестер баршылық. Мысалы: *құрбандығы болу, ұжмаққа кіру, ұжмақтың төріндей, қыл көпір, тозақ оты, тозақтан құтқарды, азан айту, періштенің құлағына шалсын, құдай қаласа, құдай сақтасын, құдайдық құтты күні, құдай берсе, Алланың өмірі, Алла сақтасын, Алла жазса, Алла жар болса, Алла көрсетпесін, т.б.*

Тілімізде ислам дініне байланысты қалыптасқан тұрақты тіркестер біршама, соның бірі *құрбандығы болу (құрбаны болу)*. Бұл сөз ислам дінінің құрбан айт мейрамымен байланысты болғанымен, оның тегі Мұхаммед пайғамбардың дүниеге келуінен көп бұрынғы ежелгі араб ру-тайпаларының “тәңірге” (аллаға емес) құлшылық ету ғұрпы ретінде пайда болған. Ол кезде арабтар мұндай кәделерді көбінде күзде, жаңа егін жинардың алдында, Меке қаласындағы Қағба төңірегінде құрбандық шалып, басқа да кәделер істеп, құдайлардан (ол кезде табынатын құдай көп болған) малдың төлін көбейтуді, астықтан және жемістен мол өнім беруді, т.б. тілеп сиынатын. Міне, осы әдеттер Мұхаммед пайғамбар ислам дінін, қасеитті Құранды жарыққа шығарғаннан кейін де сақталған. Бірақ оған жаңа исламдық түс берген. Мәселен, бұрын құрбан шалу Меке төңірегінде, Қағба басында ғана өткізілсе, кейін келе мұсылман қауымы өзі тұрған жерінде өткізе беруге болатын болды. Сонымен бірге құрбандық ұжмаққа кіру үшін шалынады. Әрі ұжмаққа тек өзі құрбандыққа шалған малды мініп, “қыл көпірден” өтіп баруға болады делінді. Мұсылман аңызы бойынша, “қыл көпір” (тозақтың үстінен салынған көпір) – әйел шашының талшығынан жіңішке, асты қылып жүзінен өткір және жанып тұрған оттан ыстық жер. Кімде-кім құрбандық шалып, Аллаға құлшылық етіп, парызын өтемесе, мініп өтетін көлігі болмағандықтан, қыл көпірден өте алмай, тозаққа түсіп кетеді делінген. Осы

ұғымдар мен нанымдарға байланысты тілімізде: *ұжмаққа кіру* (қызыққа, бақытқа бату), *ұжмақ төріндей* (өте жайлы орын), *қыл көпір* (қиыншылық), *қылдан тайды* (қате басты, құлады), *тозақ оты* (жамандық), *тозақтан құтқарды* (азап, қиыншылықтан құтқарды), т.б. тұрақты тіркестер қалыптасқан. Бұдан басқа “алла”, “күдай” ұғымдарына байланысты қалыптасқан тұрақты тіркестер де біршама.

Ислам дініндегі құрбандық шалудың алғашқы шығу мәні мен түркі халықтарындағы дәстүрлі “ақсарбас шалу” мазмұндас ғұрыптар саналады. Ертедегі сақтар “күн тәңіріне” арнап жылқы құрбандық шалса, көне түркілер аспандағы “көк тәңірге”, бертіңгі қазақтар “ата-бабалар аруағына” атап құрбандық шалған (ас берген). Қазақ халқының ауылдық жерлерде құрбандық шалу дәстүрін қазірге дейін сақтап жалғастырылуының себебі де дәстүрлі салттың ислам дінімен үндесіп кетуінен болса керек.

### Сілтемелер

1. Қазақ энциклопедиясы, 1973, 481-483-бб.
2. Қазақ ССР тарихы, I т., 1957, 202-б.
3. *Инан*. Шаманизм. Анкара. 1954, 43-бб.
4. *Мыңжани Н.* Ислам дінінің қазақ халқына таралуы// Шынжаң қоғамдық ғылым. 1990. № 1, 1990, 35-б.
5. *Мыңжани Н.* Қазақтың қысқаша тарихы. 1987, 644 б.
6. *Бартольд В.В.* Жетісу тарихының очерктері// Шынжаң қоғамдық ғылымдары, 1984. № 7, 8 (ұйғыр тілінде). 1984, № 7, 8.
7. *Жанболатов*. 1993, 72-76-бб.
8. *Субихай*. Қазақ мәдениетінің тарихы. 1989, 188 б.
9. Сонда, 1989, 189-б.
10. Сонда, 1989, 189-б.
11. *Мыңжани Н.* Қазақтың қысқаша тарихы. 1994, 342-б.
12. *Байпақов К., Нұржанов А.* Ұлы Жібек жолы және Орталық Қазақстан. Алматы, 1992, 30-б.
13. Қазақ энциклопедиясы, 1973, 481, 483-б.
14. *Марғұлан А.* Древняя культура центрального Казахстана. Алма-Ата, 1966, 294-б.

15. *Байпақов К., Нұржанов А.* Ұлы Жібек жолы және Орталық Қазақстан. Алматы, 1992, 35-б.
16. ҚазССР тарихы, 1980, I т., 449-450-бб.
17. *Линган.* Түркі және ұйғыр тарихы туралы мақалалар (қытай тілінде). ҚХР. 1980, 314-б.
18. Рашид әд-Дин, 1-том. Қытайша аудармасы. 1986, 207-б.
19. *Бартольд В.В.* Орта Азияның қысқаша тарихы. Қытайша аудармасы, Үрімші, 1981, 131-б.
20. *Марғұлан Ә.* Таңбалы тас жазуы// Мұра, 1984, № 2, 1984, № 2, 45-б.
21. Ежелгі дәуір өдебиеті 2, Хрестоматия (Құрастырған А.Қыраубаева), Алматы, 1991, 176-б.
22. *Ақатаев С.* Күн мен Көлеңке, Алматы, 1990, 34-б.
23. *Уәлиханов Ш.* Таңдамалы шығармалары, 1985, 156-б.
24. Саясат, 1995, №1, 99-б.
25. Киелі кітап, 1994, 51-б.
26. *Бартольд В.В.* Орта Азия түркілері туралы 12 лекция (қытайша аудармасы). Пекин, 1984, 68-б.
27. *Мыңжани Н.* Ислам дінінің қазақ халқына... 1990, 27-б.
28. *Бартольд В.В.* Очерки истории Семиречья. 4. 1. М., 1963, 39-б.
29. *Байпақов К., Нұржанов А.* Ұлы Жібек жолы және Орталық Қазақстан. Алматы, 1992, 41-б.
30. Сонда, 41-б.
31. *Субихай.* Исламның қазақ арасына таралуы// Әлем діндерін зерттеу журналы, 1986, № 1, 119-б.
32. *Уәлиханов Ш.* Таңдамалы шығармалары, 1985, 156-б.
33. *Мыңжани Н.* Ислам дінінің қазақ халқына таралуы// Шынжаң қроғамдық ғылым. 1990. № 1, 1990, 35-б.
34. *Уәлиханов Ш.* Таңдамалы шығармалары, 1985, 156-б.
35. *Мыңжани Н.* Ислам дінінің қазақ халқына таралуы// Шынжаң қроғамдық ғылым. 1990. № 1, 1990, 35-б.
36. *Уәлиханов Ш.* Таңдамалы шығармалары, 1985, 156-б.

#### 4. КИЕЛІ САНДАР ЖҮЙЕСІНДЕГІ ХАЛЫҚТЫҚ ДҮНИЕТАНЫМ

Тілімізде “үш”, “жеті”, “тоғыз”, “он екі”, “қырық” сан есімдері, әдеттегі сандық, реттік қолданыстармен қатар өздерінің басқа да мәнде кездесетіндігімен өзге сан есімдерден ерекшеленеді. Бұндай жағдай, әсіресе, осы сандардың тұрақты тіркестерде, аңыз-әңгімелерде, жыр-дастандарда, салт-дәстүрлерде және басқа дүниетанымға байланысты қолданыстарынан анық көзге түседі. Сонымен бірге, бұл құбылыстың тарихы да арыда жатқаны байқалады. Әрине, бұның бәрі тегін нәрсе емес, үңіле қарайтын болсақ, онда халқымыздың түрлі дүниетанымдарынан туындаған рухани қазына-байлықтары сақталғанын көреміз. Сондықтан бұл сандарға тек таза сандық тұрғыдан емес, басқаша қорытындыда қарап, зерттеу алып барудың маңызы зор. Осы арқылы біз халқымыздың ертедегі дүниетанымы, тарихы, мәдениетіне қатысты көп мағлұматтар аламыз. Тіліміздегі санға байланысты кейбір тілдік қолданыстардың сыры да ашылады.

Басқа сандарға қарағанда салт-дәстүрімізде, тілімізде көбірек кездесетін киелілік қасиеті бар сандар қатарына “жеті”, “тоғыз”, “қырық” сандарын жатқызуға болады. “Жеті” және соған тетелес басқа киелі сандардың тіл-тілде атқаратын семантикалық, стилистикалық функциясын зерттей келіп, академик І. Кеңесбаев былай деп жазады: “Түрік халықтарында “жеті” саны айырықша орын теуіп, идеологияның бір саласы – тілге терең тамырын жіберген, көп халықтарда “жетінің” арнаулы “киелі” қасиеті болған... “үш”, “тоғыз”, “қырық” сандары да жеті тәрізді тілде “киелі функцияда” қолданылған.



Сонымен қатар бұл сөздер бір тілдің екінші тілмен байланысын, біріне-бірі әсер етіп, өзара ұласып жатқандығын да аңғартады [1], – дейді. Бұл сандар туралы киелілік ұғым халқымызда ғана емес, бүкіл түркі тектес халықтар, одан ары Алтай текті моңғол, маньчжур халықтарында да кездеседі. Олардың да тілінде, салт-дәстүрлерінде кеңінен орын тапқан. Қолданысы жағында аздап айырмашылықтар сақталғанымен, түп негізін, өзегін қуып келгенде бір тектен тарайтын халықтардың ортақ мәдениетінен тарайтындығын байқауға болады. Әрине, мүлдем ұқсап кетпесе де “жеті”, “тоғызға” байланысты танымдық жақтағы ұқсастық қытай, араб, жапон, үнді сияқты шығыс халықтары мәдениетінде де кездеседі. Осы халықтарда да бұл сандар ерекше киелі сан болып есептелінеді. Бізше бұл ортақтықтың кейбірі, тарихтағы көршілік қарым-қатынастар, барыс-келістер барысында пайда болған мәдени тұрғыдағы ауыс-түйістен туындаса, кейбірі кездейсоқтық, яғни ортақ дүниені әркім өзінше десе де бірдей танығандықтан пайда болған деуге болады. Жалпы сандарға белгілі қасиет беру, оны киелі санау дәстүрі көптеген халықтарда тым арыдан келе жатқан құбылыс саналады.

Ежелгі Грецияның әйгілі философы, математик Пифагор (б.э.д. 580-500 жылдар шамасы) кезінде математика мен философияны жетік меңгеріп, өзіндік мектебін қалыптастырған ғалым. Ол ғылымда кейбір қате тұжырымдар тудырғанымен, ол тапқан ондаған геометрия мен арифметикалық математика ғылымында қазірге дейін өз күшін жойған жоқ.

Математикалық заңдылықтар мен философиялық қағидалардың арасында тығыз байланыстар болатындығы шындық. Пифагор осы байланыстарға қарап “сан – бүкіл дүниенің негізі” деген қорытындыға дейін келген. Әуелде “музыкадағы гармонияны сан билейді” десе, кейінгі кезде “дүниедегі гармонияның, яғни үйлесімділіктің бәрін сан билейді, дүниенің құрылысы мен құбылысын, даму

жолдарын білу үшін соларды билейтін сандарды білу керек” дейтін болған.

Кейін келе Пифагор мен оның шәкірттері сандарға әр түрлі “қасиеттерді” теліген. Мәселен, олар: 1 – ақыл, 2 – пікір, 3 – ерлік, 4 – әділеттік, 5 – неке, яғни үйлену, 6 – жетілгендік, яғни сұлулық, 7 – денсаулық, 8 – өлімнің немесе құрып бітудің ишараты, 9 – тұрақтықтың белгісі, 10 – дүние системасының негізі, 13 – қырсық, 36 – бүкіл әлем, 666 – хайуан, т.б. деген пікірлер айтқан.

Мәселен, 7-ні не үшін денсаулық дегенді түсіндіргенде, олар: адамның басында жеті “терезе” – екі көз, екі құлақ, екі танау және ауыз бар, денсаулық осы жеті қуысқа байланысты деген. Сол сияқты 18,27,36,45 т.с.с. сандар 9-ға бөліненді, бұлардың цифрларының қосындысы үнемі 9-ға тең болып келеді:  $1+8 = 9$ ,  $2+7 = 9$ ,  $3+6 = 9$ ,  $4+5 = 9$  т.с.с. Сондықтан тоғыз тұрақтылықты билейді деген [2]. Әрине, бұлардың көбі шындыққа жанаспайтын, тек адамдардың қиялынан туған дүниетанымдар екені белгілі. Алайда ертедегі адамдардың осындай дүниетанымдары кейін келе көптеген салт-дәстүрлер, наным-сенімдердің қалыптасуына негіз болған. Мұның сарқыны қазірге дейін жеткен. Мәселен, еврейлерде 13 саны “М” әрпімен белгіленген. Көне еврей тілінде “М” әрпімен “Мем”, – “өлім” деген сөз басылатын болған. Лондонның көп көшелерінен №13 үйді, ал кинотеатрларынан 13 қатар, не 13-орынды таба алмайсыз. Сол сияқты қытайларда да 4 және 7 сандарын жақсы көрмейді. Бұл да олардың өзінің тілдік, танымдық ерекшелігінен келген. Себебі, 4-тің қытайшасы “сы” дыбысталуы бойынша “сы” – “өлім” дегенге жақын. Ал 7 болса адам қайтыс болған соң “жетісін”, “үш жетісін”, “жеті жетісін” беру деген ұғымға жақын. Қытайларға 8 ең жақсы сан болып есептеледі, оның себебі 8-дің қытай тіліндегі дыбысталуы “ба” мен “байу” дегендегі “фа” бір-біріне жақын. Бұлардың бәрі дыбыстық жақтан ұқсас сөздердің ерекшеліктеріне негізделіп, сөздің адамға әсер ететіндігіне, сөз магиясына

сенуден қалыптасқан, т.б. Дүниеде көптеген халықтар ертеден-ақ кейбір сандарға ерекше мән беріп, оның өзінің дүниетанымымен бірлесіп, оған өзінше мағына үстеген. Түркі халықтары жүйеден қазақ халқының салт-дәстүрлері мен тілінде ерекше қолданысқа ие, “жеті”, “тоғыз”, “қырық” сандары да дәл сондай белгілі дүниетаным, наным-сенімдер негізінде қалыптасып, тіліміздегі бір бөлім тұрақты тіркестері мен салт-дәстүріміздің қалыптасуына ұйытқы, негіз болған. Мәселен, “жетіге” байланысты тілімізде: *жеті ата, жеті қазына, жеті жарғы, жеті жұрт, жетісін беру, жеті жұртқа әйгілі, жеті жау, жеті жасынан*, т.б. тұрақты тіркестер болса, “тоғызға” байланысты: *тоғыз айып, тоғыз сый, тоғыз саққа жүгірту, тоғыз жолдың торабы, тоғыз қатынның толғағы қатар келу; тоғыз қабат торқадан тоқты шақтың терісі артық, тойған үйге тоғыз бар, тоғыз құмалақ*, т.б. тұрақты тіркестер бар. “Қырыққа” байланысты: *қырық жамау, қырық жсілік болу, қырық кемпірдің қылауынан; қырық кісі бір жақ, қыңыр кісі бір жақ; қырық қазанның құлағын тістеген; қырық құбылды, қырық құрау, қырық пышақ болды, қырықтың бірі қыдыр, қырықтың қылауынан, қырқын беру, қырқынан шығару* т.б. тұрақты тіркестер мен салт-дәстүрлер қалыптасқан.

#### 4.1. “Жеті” саны

“Жеті” саны өзінің әдеттегі сандық, реттік сипатымен жалпы адамзат үшін бірдей болғанымен, түркі халықтары, оның ішінде қазақ халқы ұғымында басқаша да түрлі мәнде қолданылатындығы белгілі. Мәселен, ол мекендік мағына жағынан “сатылық” сипаты, сандық мағына салыстырмалы дәрежедегі “көптікті” білдіреді.

Сонымен қатар “жеті” саны халқымыздың дүниетанымында ерекше орны бар сандар категориясына жатады. Бұл оның әрбір ұлтқа тән жалпылама қасиеті. Оны ауыз әдебиетінің әр үлгілері мен салаларынан, ұлттық салт-

дәстүрлерімізден, жөн-жосындарынан емшілік, т.б. тыныс-тіршілігінің әр қырларынан көруге болады. “Жеті” санының ғасырлардан сақталып келе жатқан ерекше бір қасиеті — оның киелілік мағынасы. Мәселен, ауыз әдебиетімізде: *жеті басты дәу, жеті басты айдаһар, жеті басты жылан, жеті басты жалмауыз, жеті сарай, жеті қабат аспан үсті, жеті қабат жер асты, жеті қабат темір үй, жеті ағайынды жігіт, жеті ұл, жеті қыз, жеті күн, жеті түн*, т.б. осы сияқты “жеті —мен” байланысты болып келетін түрлі мифологиялық кейіпкерлер, ғажайып мекен-жайлар, мезгіл өлшемдері және ұқсас ұғымдар мен құбылыстар молынан кездеседі.

Адамның дүниеге “келуі” мен “кетуіне” байланысты халқымыз көптеген салттар мен ырымдарды қалыптастырғаны белгілі. Байқасақ, осылардың көбі “жеті” санының киелі мағынасына қатысты болып келеді екен. Мұндай салттар ислам дінінде жоқ. Бала дүниеге келіп, жеті күннен кейін ат қояды. Бесікке бөлеп, ырымдап бесік той істейді, баланы бесікке бөлеген соң, оның ішіне жеті түрлі зат қояды, “сәби келешекте өз ұлымыз болсын” деп, көрпе, жабу, тон, шапан, “тез, әрі мықты болып өссін” деп жүген, “батыр, ер болсын” деп кебенек пен камшы қоятын болған. Әрине, “Әр елдің салты басқа, иттері қара қасқа” дегендей, дәстүрі ұқсас болса да, бесікке қоятын заттардың бірдей болмауы әбден мүмкін. Бірақ қалай болған жағдайда да қоятын заттың саны жетеу болуы міндетті. Мұнан басқа бесіктің арқалық ағашын жеті жерінен отпен қарып қою (отпен аластағандық болар — *Қ.Ғ.*) салты бар. Адам қайтыс болғанда, сүйектің аяқ жағына оны шығарғанға дейін жеті шам (шырақ) жағып қояды, жеті күн өткен соң жетісін береді. “Ерте заманда қазақтар сүйек қойылған үйдің босағасына ала жіппен жетектеп жеті немесе тоғыз жылқы, не басқа мал әкеліп, ырымын істеп болған соң, мола басына апарып құрбандыққа сойған...” [3].

Халқымыздың ертедегі дүниетанымында да “жетінің” орны бөлек болған. Мәселен, ер жігіттің басына, өмір

тіршілігіне қажетті жеті түрлі асыл заты болуы керек деп түсіндіреді. Олар: жүйрік ат, қыран бүркіт, құмай тазы, берен (кейде қара тұра) мылтық, қанды ауыз қақпан, майланған ау-жылым, өткір кездік. Бірақ “жеті қазына” ұғымы осымен шектелмейді. Оны халық: ер жігіттің атта – қаны, қыранда – қуаты, тазыда – берік сенімі, мылтықта – оты, қақпанда – серті, ау-жылымда – әдіс-айласы, кездікте – сұсы болады деп тарқатады [4]. Халқымыз “жұт жеті ағайынды” дей келіп оларға: құрғақшылық, мал жұтау, өрт, сел, зілзала (жер сілкіну), оба, соғысты жатқызады. “Жеті ғалам”: күн шығыс, күн батыс, түстік, аспан – жоғары ғалам, жер үсті – орта ғалам, жер асты – төменгі ғалам. “Жеті қат жер”: тұңғыық, жылан, су, қосбалық, қара тас, көк өгіз, жер. “Жеті шіріп (әулие)”: Мекке шәріп, Мәдине шәріп, Бұқар шәріп, Шам шәріп, Қатым шәріп, Құдас (Мысыр) шәріп, Нәлем (Құран) шәріп. “Жеті жоқ”: жерде өлшеуіш жоқ, аспанда тіреуіш жоқ, таста тамыр жоқ, тасбақада талақ жоқ, Аллада бауыр жоқ, құста сүт жоқ, жылқыда өт жоқ. “Жеті жетім”: тыңдамаған жыр жетім, басшысыз қалған ел жетім, аққу-қазсыз көл жетім, жерінен айырылған ер жетім, замандасы қалмаған бәрінен де сол жетім. “Су жеті аунаса арам болмайды” деген наным-сенімдер тағы бар. Әз Тәуке тұсында халқымыздың заңы “Жеті жарғы” атанған. Халық ішінде ресми заңдастырылмаған заң болса да, елдің жол-жосындарына айналып кеткен салттар қанша. Мәселен, “Жеті атасын білмеген жетесіз”, “Жеті атасын білмеген жетімдіктің белгісі” деп, балаға жеті атасын жаттаттыру, “жеті атадан аспай үйленбеу керек, соның өзінде де аралықты жеті өзен бөліп тұратын болсын” деген талаптар бар.

Халық емшілері кейде ауру адамға жеті түрлі заттан дәрі жасап, емдеген. Олар кейбір дәріні жеті рет қайнатып немесе жеті күн шылап қойып барып ішкенде ауруға шипа болады деп, түсіндіреді. Бұлардан басқа: садақаны жеті тиын етіп беру, аруақтарды еске алғанда жеті шелпек

пісіру, ұлыстың ұлы күні Наурыз көжесіне жеті түрлі дәм салады, т.б. салттар да бар.

“Жетінің” “сатылық” және салыстырмалы дәрежедегі “көптік” мағыналарына байланысты тілімізде көптеген тұрақты тіркестер, мақал-мәтелдер қалыптасқан. Мәселен, *жеті жұрт* (көп ел), *жеті жау* (ата жау, ежелгі жау), *жеті жұртқа әйгілі* (көп халыққа әйгілі, бүкіл елге белгілі), *жеті дария жері* (алыс, қиыр шет), *жеті қараңғы түн* (тастай қараңғы түн, түн ортасы), *жеті атасынан қара көк* (арғы атасынан бері қара көк), *жеті жасынан* (бала кезінен), *жерден жеті қоян тапқандай* (мол табысқа кенелгендей), *жеті өлшеп, бір кесу* (ойланып жұмыс істеу), т.б. Жоғарыда көрсетілген дәлел-фактілерден “жеті” санының қазақ халқының тіршілік-өмірінен ерекше орын алып, санасына терең ұялағанын көреміз. Осы жерде “Жеті саны неге киелі сипатқа ие болған, ол қалай қалыптасқан?” деген заңды сұрақтар туады.

Қазақ ұғымында “жеті” санының киелі сипатқа ие екендігін ерте байқаған және оның себебін түсіндіруге тырысқан ғалымдар да болған. Олардың көбісі қазақ ұғымындағы “жетінің ” киелі мән алу себебін өзге халықтар мәдениетінен іздейді, атап айтсақ, араб-парсы мәдениетінің әсерінен деп қарау орын алған. Әрине, бұл пікірдің өзіндік негізі де бар шығар, бірақ “жеті” санының киелі мәнде жұмсалуды дүниедегі көптеген халықтарға тән құбылыс. Әрине, ол ислам дінінде де киелі сан болып есептелінеді. Ислам дінінің қасиетті кітабы “Құранда”: “Жер бетіндегі нәрсенің бәрін Құдай сендер үшін жаратты. Оған жеті қат аспанды үлестіреді” [5], — деген сөз бар. Демек, “аспан — жеті қабат” деген ұғым ислам дінінде де бар. Сол Құранда Мұхаммед пайғамбар жыл санауымыздың 621-ші жылы 7-ші айдың 27 күні түнде елшімен бірге жеті қабат аспанды аралайды. Соңынан ол осы түнді ислам дінінің Мереке күні — Мирад (аспанға шығу түні) деп белгілейді. Ислам дінінің қасиетті мекені Меккеге барғанда, ел сағат тіліне қарсы бағыт жүріп, Сафа

тауынан Маруа тауына жеті барып, жеті келеді, содан соң Минаға барып, бір тас дiңгекке жеті тас лактырады.

Христиан дiнiнде де “Христос жетiншi күнi аспанға ұшып барып жетiншi күнi қайта дүниеге келедi (туады)” деген уағыз бар. Үндi мәдениетiнде де “жетi” киелi сипат алған сандар қатарына жатады. “Жетi жан”, “жетi мүше” ұғымын көне үндiлер таратқан (адамның жетi жерiнде жаны болады деу). Будда дiнiнiң ертедегi әдебиет нұсқаларында “жетiге” байланысты құбылыстар көп кезiгуде. Бұл туралы француз ғалымы Леви Брюлер “Алғашқы адамдардың ойлауы” деген еңбегiнде былай дейдi: “Бiз сонау ертедегi үндi мәдениетiнiң қиял-ғажайып ертегiлерiнен жетi ана, жетi мухит, жетi рихи, жетi адитя, жетi данава, күннiң жетi мiнiс аты – осы бiр сырлы санның басқа да бiрқыдыру қоспаларын жолықтырдық” [6]. Парсы мәдениетiнен түркi халықтары қабылдаған “жетiлiк-апта” деген календарьлық ұғым ертеден берi жалғасып келедi.

Шындығында жетi күндi бiр апта деп белгiлеудi вавилондықтар тапқан. Жұлдызшы-астрономдар бiр аптадағы жетi күннiң әр күнiн сол кезде киелi санап, жетi аспан шырағының (Күн, Ай, Меркурий, Шолпан, Марс, Юпитер, Сатурн) санына сәйкес етiп, апта күндерiн белгiлеген және “аптадағы әрбiр күндi аспан тәңiрлерi басқарады” деген ұғым қалыптастырған. Олардың осы сөзi дүние жүзiне тарап, жетiлiк апта календарьлық мәдениетi қалыптасқан. Жетiлiк апта мәдениетi, жалпы Шығыс халықтарының, олардың iшiнде парсылардың әсерiмен 11-12 ғасырларда Орта Азия мен Қазақстан жерлерiнде де тараған. Парсылардың дүниетанымында әлемде жетi аспан шырағы, жетi теңiз, жердiң жетi қабаты, жетi қабат аспан әлемi бар делiнедi.

Қытай мәдениетiнде де “жетi” саны – киелi сан. Мәселен, қытайлар – адамдар қайтыс боғаннан соң 7-шi, 21-шi күнi, 49-күндерi оған арналған аза бiлдiру салтын өткiзедi. Бұл күндерi олар “жетiсi”, “үш жетiсi”, “жетi жетiсi”, “жетi айы” деп атап “аруақтар күндерi” деп

есептейді. Басқаларға сыйлық ұсынғанда жеті саны қатысты зат беруге болмайды [7].

Жапондықтар да “жеті санын” киелі санайды, олардың ұғымынша “жеті” саны адамға жақсылық әкеледі. Осы сияқты “жетінің” киелі ұғымы немесе басқа да жоғарыдағылардай мағыналық көріністері орыс, корей, моңғол, т.б. халықтарда да бар екендігін көріп отырмыз. Демек “жетінің” киелі мән алуы түркі халықтарына ғана тән болып қана қоймастан, дүниедегі көптеген басқа халықтарға да тән құбылыс саналады.

Әрине, бұлардың бәрі кездейсоқ ортақ дүниетаным емес. Кейбіреулері сөзсіз ғасырлар бойы үзілмей келе жатқан мәдени қарым-қатынас, діни байланыстардың нәтижесінде пайда болған ауыс-түйістер. Дүниеде көптеген халықтардың ұлттық мәдениеттерінің өзара ауыс-түйісі, бір-біріне ықпал етіп, баюы діннің таралуына тікелей қатысты деуге болады.

Жеті санының әлемдік мәдениетте өшпестей орын теуіп, кең жайылуының түп-тамыры, басталуы сонау біздің эрамыздан төрт мың жыл бұрын қос өзеннің бойында тұрған халықтар, атап айтсақ, көне шумер халықтарында жатыр. Тарихшылар “көне шумер дәуірі” деп атайтын бұл кезеңде осы жерде жасайтын халықтардың мәдениеті біршама дамыған болатын. Көне шумер дәуірі халықтары көптеген ұсақ рулар мен территориялық бөлшектерден құралып, әрқайсысы өз алдына жекелеген құдайларына табынған. Кейін келе біздің эрамыздан үш мың жыл бұрынғы дәуірге келгенде, олардың бұрынғы жекелеген, өз алдына табынатын құдайлары бірігіп, шоғырланып, бәріне ортақ халықтық құдайға айналған. Олардың ішінен жеті құдай – Ану (шошқа), Эа (арыстан), Энгиль (өгіз), Иннина (қой), Набу (ешкі), Ранар (мысық), Иркала (қоян) құдайларының орны ерекше болған. Сондықтан оларды “жеті ұлы құдай” деп атаған. Кейін Семит халықтары дәуірлеп, тарихта “Семит дәуірі” деген кезең басталғанда



шумер халқының құдай аттары Семиттер тарапынан өзгертіледі. Яғни Эштар, Син, Шамаш, Нергал, Набу, Мардук, Намгар деп аталған. Саны ұқсас – жетеу.

Вавилон дәуіріне келгенде, мәдениет пен ғылымның дамуына байланысты жоғарыдағы шумер, семит халықтары табынған жеті құдай түгелдей планетарлық құдайлар Күн, Ай, Марс, Меркурий, Юпитер, Шолпан, Сатурн болып өзгерген. Вавилон жұлдызшылары апта күндерін аспан әлеміндегі планеталар (вавилондықтар Күн мен Айды да планета деп есептеген) меңгеріп басқарады, яғни әрбір күннің тағдырына осы құдайлар жауап береді деп түсінген. Сонымен бірге Вавилон жұлдызшылары өмірде кездесетін әрбір түсті әрбір планеталық құдайларға бағыштаған. Ол жеті түсі – сары, ақ, қызыл, көк, жасыл, қара, ауыспалы түс болған. М.: Марс – қызыл планета, сондықтан ол төгілетін қанды білдіреді. Соғыс соған байланысты. Сатурн – ызбарлы, сазарған сары планета, ол күйзеліске, сары уайымға ұшыратады, т.б. [8]. Бұдан басқа олар және планеталық құдайларды алхимиямен де ұштастырып, әрбір күнге жеті металдың: алтын, күміс, темір, сынап, калайы, мыс, қорғасынның бірі үстемдік етеді, олар аспан әлемімен құпия байланыста деген.

Вавилонның планеталық құдайларын гректер Аполлон, Артемида, Арес, Кронос, Зевс, Гермес, Афродита деп атаған. Жеті құдайдың “қасиетіне” сәйкес грек ғалымдары дүниеде болатын дыбыстарды жетіге бөлген. Сол сияқты бастағы жеті тесікті – екі көз, екі құлақ, екі танау, ауыз тесіктері де құдайларға төн еткен. Алақандағы, саусақтағы сызықтарды жеті топқа бөлген. Солар арқылы адамның болашақ өмірінің қандай болатындығын білуге болады деген. Арабтарға да көне дәуірдегі грек мәдениеті әсер еткен. Олар әрбір планетаны адамның жұлдызы деп есептеген. Адамның жұлдызы адамға әсер етеді, басқарады деп қарап, адам өмірін жеті жұлдызға (Шамсі, Қамар, Маррих, Ғұтрат, Мүштіри, Зухра, Зухал) тәуелді еткен.

Қазақ халқының дүниетанымында аспандағы әрбір

жұлдыз жердегі адамдардың жаны. Аспаннан бір жұлдыз ағып түссе, жерде бір адам өледі деген түсінік бар. Қазақтарда құдайдың саны жеті емес, тек “бір тәңірі” ғана. “Тәңірі” деп ең баста тек Күнді ғана атаса, кейін келе тәңір ұғымы дерексізденіп, көктегі “жасаған” ұғымына айналған. Бертінге дейін басқа діндердің құдайларымен “көк тәңірді” қатар атап келгені белгілі. Сондықтан көктегі әрбір жұлдыз (тек жеті жұлдыз ғана емес) жердегі әрбір адамның жаны дейтін ұғым “көк тәңірі” болған Күннің астында, өзін күннен тудым” деп есептейтін ертедегі ғұндар мен түркілердің өз тумасы болуы әбден мүмкін. Күн туғанда көшпелілер үшін тіршілік басталады. Күн батқанда олар да ұйқыға кетеді, яғни өледі. Олардың жаны аспандағы өлген Күн Айдың маңайына сансыздаған жұлдыздар түрінде топтасады. Жұлдызы қанша жарық болса жазы да сондай ұзақ, мал-басы аман болады. Тілімізде “жұлдызы жарқын” деген сөз бен “жаны жарқын” деген сөздер мәндес сөздер. “Жаны жарқын” сөзі “жұлдызы жарқын” деген сөзден келген.

Тарихта үнді, парсы, ислам, қытай, т.б. мәдениеттерінің түркі халықтарының мәдениетіне әр түрлі жолмен ілгерінді-кейінді ықпал етіп келгені шындық. Бірақ мұның бәрі түркі халықтары, оның ішінде қазақ халқының санасында “жеті” санына қатысты киелі ұғымның қалыптасуына ең негізгі себеп болды деуге болмайды. Бұл дәстүр, біздің ойымызша, тым арыдан келе жатқан көне түркі мәдениетінің өзіне байланысты. Ал жеті туралы басқа халықтардың мәдениеті халқымыз ұғымындағы “жетіні” тіпті киеліндіре түскен деуге келеді. Жазба деректер мен ауызекі тілде сақталған мағлұматтар, міне осыны дәлелдейді. Қытайдың “Сүй патшалығы тарихында” ертедегі түріктердің жерлеу дәстүріне байланысты мынадай мағлұматтарды кездестіреміз: “Түріктер жерлеу салтына қатты мән береді. Олардың жерлеу салты үш сатыға бөлінеді: алдымен мәйітті киіз үйге қояды, өлген адамның туыс-туғандары қой (асы

үшін), жылқы (мініс үшін) сойып, мәйіт қойылған киіз үйдің алдына ас береді. Онан соң атқа мініп, үйді *жеті айналады*. Мәйіт қойылған үйді бір рет айналып, есік алдына келгенде пышақпен беттерін тіліп, қанды жастарын ағыза, дауыстап жылайды. Осы ырымды жеті рет қайталағаннан кейін аяқтасады. Сонан кейінгі бір сәтті күнде өлген адамды және оның тіршілігінде қолданған заттарын бірге өртеп, күлін жинап, уақыты келгенде көмеді. Әдетте, көктем, жаз мезгілдері өлгендерді шөп сарғайып, ағаш жапырақтары түскен кезде көмеді, ал күзде өлгендерді жазға салам, шөп жетіліп, ағаш әбден көгергенде көмеді. Сүйек күлін жерлеу салты төтенше салтанатты болады. Онда ас беру, беттерін тіліп қанатудан тыс, бағана орнатып, мүрде жасайды. Бағананың басына өлген адамның суретін және оның соғыс қимылдарының суретін салып қояды. Сүйек күлін тас табытқа салғаннан кейін оның өлтірген жауының саны қанша болса, қабір үстіне сонша тас үйеді де, үстіне белгі ретінде бір тас орнатады, оның басына ырымдап қойдың, жылқының бас сүйегін іліп қояды” [9]. Қазақ тілінде “бетін жырту”, біреудің “бетің тілінгір”, “көзіңнен қанды жас аққыр” деп қарғау сөздер, біреуді өлтірем, жоқ қылам дегенді “күлінді көкке ұшырамын”, “күл қылып жіберемін” деп айтатын әдет бар. Демек, жазба дерек пен тіл арқылы жеткен дерек екеуі тоғысып, қабысып жатқан сияқты.

Бұдан “Сүй патшалығы кітабындағы” жерлеу дәстүрі жазылған түркі тайпалар, басқа емес, қазақ халқының арғы тегі болып келетін ру-тайпалардан екендігін көреміз. Сайып келгенде, осы жерлеу дәстүрінде атқа мініп, мәйіт қойылған киіз үйді жеті рет айналу, бір айналып есік алдына келіп, бетін тіліп, көзінен қанды жас ағызып, дауыс салып, аза білдіру басқа діндердің әсерінсіз сол кезде-ақ қалыптасып болған. Таза түркілік көшпенділерге тән әдет-ғұрыптар болмақ. Біздің жорамалымызша, осы салт қағазға түсуден әлдеқашан бұрын, ертеден-ақ келе жатқан салт екендігі айқын. Өйткені қандай салт болмасын ол қысқа

уақыт ішінде қалыптасып, сіңіп кетпейді, оған белгілі уақыт керек. 8 ғасырдың ескерткіші саналатын “Күлтегін” жырындағы кейбір сандық цифрларды “жетінің” киелі мәніне сәйкестіріп қарау керек сияқты. Онда: “Әкем Елтеріс қағанды, шешем Елбілге катынды тәңірі төбесіне ұстап, жоғары көтерген екен. Әкем қағанға *он жеті* ер еріпті. Шетте жортып жүр дегенді естіп, қаладағылар ерлепті, таудағылар індепті, жиылып *жетпіс* ер болыпты. Тәңірі қуат берген соң әкем қағанның әскері бөрідей боқты, ілгері-кейін аттанып жинапты, көтеріпті қолы жеті жүз ер болыпты... “әкем *қырық жеті* рет аттанды”, “Күлтегін қой жылы, *он жетінші күні* өлді, тоғызыншы айдың *жиырма жетісінде* жерледік, мазарын, ою-өрнегін, жазба тасын бешін жылы *жетінші айдың жиырма жетісінде* тегіс аяқтадық. Күлтегін өлгенде *қырық жеті* жаста еді”. “Әкем *қырық жеті* рет аттанды” [10]. Байқасақ, ескерткіштегі адам жасы, оқиғалардың жыл көрсеткіштері көбінде “жетіге” байланысты болып тұр. Дәл осындай құбылыс басқа да көне түркі ескерткіштерінде кездеседі. Франциялық түркітанушы Луи Базен: “Ертедегі түркі халықтарының жас жөніндегі ұйымы” деген еңбегінде көне түркілердің адам жасы мен басқа жыл көрсеткіштерін жазу, есептеу дәстүрінің ерекше екендігін айта келіп, “... олардың жазып қалдырғаны тарих емес, қайта дәстүрлі мораль, жеке саясаттың тағылымы, олардың ұғымында осылай істеу үрім-бұтақты құтқара алады. Олардың көңіл бөлетіні уақыт көрсеткіші ғана емес, оқиғаның ішкі сезімдік жөне саяси байланысы, олар мораль дәстүрін жалғастырушылар әрі саясатшылар...” дейді және осы айтқандарын басқалай нақты деректермен дәлелдейді. Бұл сөздер жоғарыдағы ой-пікірімізді толықтыра түседі. Реті келгенде айта кететін жай, Күлтегін қой жылының 17-күні (731-ші жылы 2-ай, 27-күні, көктем мезгілі) қайтыс болады. Оны 7-ші айдың 27 күні (731 жылы 11 айдың 1-күні, күз мезгілінде) жерлейеді. Бұл жоғарыдағы қытай жазба дерегіндегі айтылған “Көктем, жаз мезгілдері шөп

сарғайып, ағаш жапырақтары түскен кезде (күзде – Қ.Ғ.) көмеді” дейтін жерлеу дәстүрімен сәйкес келіп тұр. Жоғарыдағы жазба деректердегілерді қорытындыласақ: түркілерде 6-8 ғасырлардың өзінде, тіпті одан да бұрын да “жеті” саны киелі қасиетімен сипат алып, оған қатысты салт-дәстүр қалыптастырып үлгерген.

М.Томанов: “Түркі тілдеріндегі сан есім сөздер о баста ескі үнді, қытай тілдерінен ауысқан” дейтін жорамал айқын тілдік зерттеулерге құрылмай, ескі дәуірдегі мәдениет үндестігін (айталық, қазіргі өзбектер құрамындағы парсылар мен үнділер) немесе сол ежелгі дәуірдегі саяси және өскери байланыстар тарихын ескеруден ғана туса керек, өйтпесе ескі түркі тілінде сандар жүйесін білдіретін сөздер мен қазіргі сондай сөздерді салыстыра зерттеу олардың жат тілдік ортада емес, түркілік топырақта қалыптасқандығын дәлелдейді”. “Сан есімдердің көпшілігі (түбірлер) өздерінің қалыптасу негізі жағынан басқа сөз таптарымен (есімдер, етістіктер) тығыз байланысты болып келеді. Бір кезде зат және қимыл-өрекеттер білдірген сөздердің кейбірі адам баласының, айналымдағы дүние жайлы ұйымдарының дифференциялануына, адам ойының интеллектуалдық өсуіне байланысты сан, зат пен құбылыстың сандық мөлшерін, шамасын білдіре бастауы әсте жат құбылыс емес, тілдегі белгілі бір ұғымдар жүйесін білдіретіні сөздердің барлығы бірдей тұтасымен басқа, жат тілдерден ауыса бермейді... “Алты”, “жеті” сан есімдерінің арғы негізі “ал” және “же” байырғы етістіктер болуы керек, “жеті” сөзі “жейтін”, “ұстайтын” саусақ мағынасында жұмсалса керек. Қолданылу процесінде зат атаулы оның орналасу ретін білдіретін сөз есебінде қалыптасуы мүмкін, оған мынадай қосымша жағдай тағы бар: алтыншы саусақ қашан да екінші қолдың біріншісі де, жетінші саусақ (қазақша, сүк қол) тамақ жеуге, ұстауға ең ыңғайлы, икемдісі, сол саусақтың қазақ тіліндегі екінші аты да сол икемділігі қызметіне қарай қойылса керек” дейді [11]. Бұл айтқандар қазақ тіліндегі сан есімдер,

әсіресе соның ішінде “жеті” санының ең алғашқы келіп шыққанын таза тілдік этимологиялық тұрғыдан анықтай түседі.

Аспан денелерін (күн, ай, жұлдыз) тәңірі санау, оған табыну дәстүрі көптеген халықтарға тән өте ертеден қалыптасқан құбылыс. Қазақ ұлтын құруға атсалысқан ертедегі түркі ру-тайпалары да дәл сондай күйді бастан кешкендігін жазба деректер мен бізге ауызша жеткен мәліметтер анықтап отыр. Көктегі тәңірі деп күнге, айға, жұлдызға табыну, оны киелі санау дәстүрі сонау шумерлер мен сақтар, хұндар заманынан басталып (одан бәлкім бұрын да болар), бүгінге дейін өзге діни наным-сенімдермен бірге жалғасып келеді. Бірақ қайсы дәуірде де болсын “тәңірлік” дін (ұғым) басты орында, ал қалған діндердің ықпалы қосымша болған деуге болады. Аспан әлемінің кейбір құбылыстарын, онда тұрған жұлдыздардың қозғалуы, орны, саны, пішіні, т.б. ерекшеліктерін және осыған байланысты табиғаттың басқа да өзгерістерін дүниедегі кейбір халықтар (вавилон, грек) сияқты ертедегі түркі ру-тайпалары мен олардың арғы аталары да білуге тырысқан. Сонымен бірге ондай құбылыстар туралы өзіндік ұғымдар қалыптастырған. ІІ ғасырдың туындысы М.Қашғаридің “Түркі тілдері сөздігінде” Бақырсоқым, Арантүз, Жетіген, Қарақұс секілді жұлдыздардың аттары кездеседі [12]. Жеті қарақшы, Темірқазық, Есекқырған, Үркер, Тоқты, Торпақ, Таразы, Сарышаян, Егіздер, Арыстан, Мерген, Ешкімүйіз, Сыңар мүйіз, Жылан, Жылан бөктерген, Бүркіт, т.б. түркілік атаулар да ертеден бар. Өте ертеден қалған астрономиялық жазба мағлұматтар қазірше жоқтың қасы болғанымен, ауызша жеткен тіл фактілері де жеткілікті. Ата-бабаларымыз жұлдыз аттарын тегіннен тегін қоя салмаған. Оларға үңіле қарап бақсақ, әр жұлдыздың табиғаты мен ерекшеліктеріне талдау жасап, олар туралы өз ұғымын қалыптастырған. Мәселен, шөміш төрізді жеті жарық жұлдызды гректер “Үлкен аю” деп атаса, ата-бабаларымыз “Жеті қарақшы” деп атаған. “Үлкен

аюға” жақынырақ орналасқан екінші бір шөміш сияқты шок жұлдызды гректер “Кіші аю” деп атаса, ата-бабаларымыз оның тәуліктің кез келген уақытында орнынан тағжылмайтынын байқап, оны аспанға қағылған “Темірқазық” деп атаған. Ал осы Темірқазық шок жұлдызының қалған жұлдыздарын “Жеті қарақшыда” тұрған аттың мойнына салынған арқан (шылбыр) деп бейнелеген. Бір тәулік ішінде ат Темірқазықты айналып шығады. Сөйтіп, аттың қазықты айналуына қарай уақыт мөлшерін біліп отырған. Қарап отырсақ, ата-бабаларымыз өзінің көшпелі шаруашылық тірлігін аспан әлеміне көшіріп апарғандай немесе барып жаз жайлап келгендей өте жақсы білген. Көшпелі өмір ұғымын көк аспан әлеміне телуі көрініп тұр.

Аспан әлемі – күн, ай, жұлдыздар – жер бетіндегі барлық адамзат үшін ортақ болғандықтан, адамдар жер шарының қай бөлігінде жасалмасын бұл құбылыстар туралы ортақ ұғым мен түсініктер қалыптастыруы әбден заңды. Басқа халықтарда бар түсінік-таным біздің де халқымызда да бар. Қазақ халқы аспандағы әрбір жұлдыз – жердегі әрбәр адамның жаны, адамның тағдырына әсер етеді деп сенеді. Ш.Уәлиханов: “Моңғолдар мен шаман ырымы бойынша, жұлдыздарға арнап садақа береді және олар да қазақтар сияқты жұлдыздар адамның бақытты, дәулетті, малды болуына әсер етеді деп оған маңыз береді” дейді [13]. Жалпы күн, ай, жұлдыздарға табыну, оларды киелі санау туралы халқымыз ішінде қазірге дейін сақталған салт-дәстүрлер, аңыз-әңгімелер, наным-сенімдер баршылық. Тіліміздегі: “жұлдызы жоғары” (бақытты), “жұлдызы жанған”, “жұлдызы оңынан туған” (жолы болған, бағы жанған), “жұлдызы қарсы” (жаман қарсы, өш), т.б. тұрақты тіркестері жұлдызға табынуға байланысты келіп шыққан. “Жеті қарақшы” жұлдызы туралы халықтық танымда қызықты жайттар бар. Халық аңызында: “Солтүстік аспандағы ұйысқан “Жеті қарақшы”, “Топ жұлдызы” Темірқазыққа арқандалған “Ақбозат” пен

“Көкбозатты” ұрлап мінбекші, бұлар күндізгі кезде ұрлық істеп, түнде сол қылмысын мойындаған, өлген соң жеті жұлдызға айналған” делінеді. Халық ішіндегі және бір аңызда былай деліненді: “Ертеде Қыран атты жігіт пен Үлпілдек атты қыз көңіл қосып, жігіт қызды алып келе жатқанда жеті қарақшы қызды алып қашып, ешкім жете алмасын деп аспаннан орын тепкен екен. Содан “Жеті қарақшы” аталыпты-мыс”. Осы аңыздар туралы Ш.Уәлиханов: “Бұл ерте заманнан келе жатқан аңыз болуға тиіс, өйткені моңғолдар “Большая медведицаны” (“Жеті қарақшыны”) “жеті қария жұлдызы” деп атайды, олар осы жұлдыздардың құрметіне садақа ретінде қымыз, сүт, мал беретін болған. Н.Базылов “Жұлдыздарға арнап садақа беру, сыйыну туралы” қолжазбасында “Жеті қарақшы” жұлдызының маңыздылығы туралы қысқаша бір аңыз бар дейді, ол аңыздың қазақ ішіндегі аңызбен ұқсастығы жоқ па екен?” дейді. Біздің пайымдауымызша, онда ұқсастық бар: ертедегі түркі ру-тайпалары да Жеті қарақшы жұлдызына моңғолдар сияқты табынған. Оны киелі деп санаған. Тіліміздегі қарақшы сөзінің “ұры”, “тонаушы” мағыналарын анықтай түскен жөн. Ол сөз ертеде “тонаушы” емес “қарауыл”, “қараушы”, “күзетші”, “бақташы” мағынасында айтылған деп жобаласақ, жоғарыдағы ой-пікірді айқындай түсетін сияқты. Халқымыз өреге жайып қойған құрт, ірімшікті қарға сияқты құстардың алып кетпеуінен қорғау үшін, жалған адам бейнесін жасап, өренің өзіне іліп қоятын болған да, мұны “қарақшы” деп атаған. Мұндай “қарақшыны” әдетте, қора маңына да малды ит-құстан қорғау үшін пайдаланады. Тілімізде “Сені күзетуге қойдық па?” дегенді “Сені қарақшылыққа қойдық па?” деп те айтады. Осыған қарағанда “Жеті қарақшы” сөзін “Жеті қараушы, жеті сақтаушы, жеті күзетші” деп түсіну керек. Әдетте, “Жеті қарақшы” жұлдызының “ұрылығы” туралы сөз тек аңыз ретінде ғана айтылады. Ата-бабаларымыз жұлдызды тәңір деп сиынып, оны киелі санап табынып келіп “ұры”,



“тонаушы” (қарақшы) деуі еш қисынға келмейді. Онын үстіне халқымыз “Жеті қарақшы” жұлдызына көзсіздікпен табына салмаған, оны “жеті сақтаушы, күзетуші” ретінде қастерлеп, дәріптеп өткен. Өйткені ол кең байтақ Сахарада адасқанға құбылма (компос) болған. Ата-бабаларымыз оған қарап көшіп-қону, жайылым бағытын болжай білген. Ел жадында сақтаған “Жеті қарақшыны таныған жеті түнде адаспас” деген сөз осының айғағы болса керек. Халқымыз “Жеті қарақшы” – аспан сағаты деп те айтады. Себебі ата-бабаларымыз оған қарап түнгі уақыттарын мөлшерлеген, ауа райын болжаған. Көшпелі халық үшін, әрине, бұдан артық қасиетті аспан шырағы бола ма? Оның үстіне ертедегі адамадар аспан денелерінің белгілі бір сан мөлшерінде өзара ұйысып, топтасуында, тылсымдық қасиет бар деп түсінген және оған сиынған, құдірет тұтқан.

Демек, қазақ халқының дүниетанымында да “жеті” санының киелі сипат алуы ертеде “Жеті қарақшы” жұлдызына оны киелі санауына тікелей қатысты деуге болады. Жоғарыда айтылған қатысты дәлелдер мен ой-пікірлер де осыны растайтын сияқты.

#### 4.2. “Тоғыз” саны

Халқымыздың ұғымында тоғыз саны да өзінің сандық, реттік мәнімен қатар қасиетті сан болып есептелінеді. Бұл дәстүр сонау көне түркі, тіпті, одан да бұрын қалыптасқан. Тіліміздегі салт-дәстүр, дүниетанымдарда жиі кездесетін фактілер, көне жазба деректер мұны айқын дәлелдейді. Атап айтсақ, тоғыз саны да жеті санына ұқсас, көбінесе салыстырмалы түрдегі көптік, тұрақтылық, киелілік мәнімен өзге сан есімдерден ерекшеленіп, рухани мәдениетіміздің әр қырынан көрініс тапқан. Мәселен, тілімізде тоғыз саны ұйтқы болып келетін тұрақты тіркестер, мақал-мәтелдер біршама: *тоғыз жолдың торабы* – көптеген жолдардың түйіскен, тоғысқан жері; *тоғыз саққа жүгірту* – сөзбұйдаға салу, әр түрлі айту, өтірік айту; *тоғыз*

қатынның толғағы қатар келу – бар жұмыс қатар келу, жұмыс басты болу, қарбалас болу; *тоғыз қабат торқа* – қат-қабат асыл киім; *тоғыз тұрып, тоқсан толғанды* (тоғыз толғанып, тоқсан ойланды) – жан-жақты қарастырды, көп ойланды; *тоғыз қырлы, тоқсан сырлы* – өте тапқыр, өнерлі, ақылды кісі; *тоғыз тондыққа келтіріп ішті* – көп мөлшерде ішті; *тоғыз қабат торқадан, тоқты шақтың терісі артық; тоғыз қыз ұзатқан құриды, тоғыз ұл үйлендірген байиды; тойған үйге тоғыз бар; білгенің бір тоғыз, білмегенің тоқсан тоғыз*, т.б.

Тіліміздегі жер-су, адам аттарының бірқатары тоғызбен байланысты болып келеді: *тоғызбұлақ, тоғызкұдық, тоғызүй, тоғызой, тоғызак, тоғызсу, тоғызтарау, тоғызбай, тоғызқан*, т.б.

Халқымыздың кейбір салт-дәстүрлері тоғызға байланысты болып келеді, мәселен, халқымыздың бертіңге дейінгі айып тарту мен сый тарту дәстүрі “тоғыз-тоғыздан” болып келген. Сондай-ақ “айып тоғыз” бен “сый тоғыз” өз ішінен – *бас тоғыз, екінші тоғыз, үш тоғыз, кілем тоғыз, ішік тоғыз*, т.б. болып әрқайсысының өзіндік өлшемі болған және бұл халықтың сыйлау, жазалау заңының басты бір өлшемі ретінде қолданылған. Мәселен, Тәуке ханның заң-жарғысы бойынша “төрелер мен молдаларды өлтіргендер жеті кісінің құнын төлейді. Төрелер мен молдаларға қол көтергендер 27 қой (үш тоғыз), оларды ренжіткен тоғыз қой айып төлейді” [14], – делінген.

Қазақтың ұлттық музыка аспабы домбыра тоғыз пернелі болып келеді. Әрине, мұнда да белгілі негіз бар. Этнограф-ғалым Ақселеу Сейдімбеков күйдің тәңірлік наным-сеніммен байланысты жақтары бар екенін айтады және байырғы грек тарихшысы Квинт Курций Руф және басқа зерттеушілердің еңбектерін негізге алып, түркілерде қағандық тұсында ұлыстың ұлы күні бүкіл қағанаттың үміт-тілегін тәңірге жеткізген “тоғыз күй” тарту дәстүрі болғанын және мұның нышанын бүгінгі қазақ халқының

күйшілік өнерінен де байқауға болатынын ескертеді. Бұған дәлел ретінде “тоғыз тарау” атты тізбекті атайды [15].

Халықтың көне ойындарының бірі – тоғыз құмалақ та бірталай түркі, моңғол тектес халықтарына ортақ, арыдан келе жатқан ойын түрі. Атап айтсақ, бұл ойын қазақ халқында ғана емес, қырғыз, қарақалпақ, тува, алтай халықтарында да ойналады.

Киім, құрал-саймандардың да аты тоғызбен байланысты болып келеді. Мәселен, *тоғыз көзді кіреуке* – эпостық жырларда кездесетін батырлар киімінің бір түрі. *Тоғыз шашақты найза, тоғыз шашақты ту*, т.б.

Ауыз өдебиетімізде: *тоғыз ұл, тоғыз қыз, тоғыз басты айдаһар, тоғыз көзді дәу, тоғыз қабат жер асты зынданы*, т.б. толып жатқан кейіпкерлер мен мекен-жайларда тоғыз саны қасиетті “жеті” санымен аралас алма-кезек көп қолданылатыны белгілі.

Тоғыз санының киелілік мәні ертедегі түркі, алтай текті халықтарда ертеден келе жатқан дәстүр деуге болады. Ежелгі ру-тайпа аттары мен кейбір жазба ескерткіштер мұның айғағы. Мәселен, ертедегі түркі тектес ру-тайпалардың аттары көбінесе тоғызбен байланысты болып келеді: тоғыз оғыз, тоғыз татар, тоғыз телі, түрік, тоғыз хүйгу (үйғыр), тоғыз таңбалы найман, т.б. қытайдың “Жаңа таңнама”, “Көне таңнама” және “Таң патшалығының маңызды естеліктері” атты жылынамаларда (Таң патшалығы 618-907 жылдар аралығында түркі ру-тайпалардың өз ішінен ішкі тоғыз ру және сыртқы тоғыз ру (тоғыз оғыз деп те аталады) болып бөлінетіндігін жазады. Мұны “тоғыз оғыз бектері, халқы, бұл сөзімді мұқият тыңда, терең ұқ...” [16], – деген көне түркі ескерткіште “тоғыз оғыз” сөзі тіпті де толықтырып тұрғандай. Бұдан басқа ескерткіште – “*тоғыз* Ерсенте дейін жауладым, Тибетке сәл жетпедім...” деген сөз бар. Мұндағы “Тоғыз Ерсен” де белгілі ру-тайпа аты болса керек. Сонымен бірге ескерткіште: “Күлтегін Аз қарагерін мініп, шабуылға ұмтылып, бір ерін шанышты, *Тоғыз* ерін

қуып, тоқымға басты”. “Күлтегін өгсіз ағын мініп *тоғыз* ерін шанышты” [17] деген сөздер бар. “Оғызнама” жырында “Оғыз қағанның аты мұз таудың ішіне қашып кетті... *тоғыз* күннен соң айғыр атты алып келеді”, — дейді. Осында қолданылып отырған “тоғыздар” нақтылы сандық мәндегі “тоғыз” деген ұғымды бермесе керек.

Түркі халықтарының ішінде якуттарда тоғыз атаға дейін қыз алыспау дәстүрі бар. Ғалым Ә.Нұрмағамбетов “Тоғыз ақ” деген жер атының төркінін зерттей келе: “Сырт қарағанда, сан есім — “тоғызбен” байланысы бар тәрізді. Онымен байланыстыруға тиянақты тілдік дерек ұшыраспады. Алайда түркі халықтары үшін “тоғыз” саны киелі сан екенін салтымыздағы “бас тоғыз”, “үш тоғыз”, т.б. сыйлық немесе айып өлшемі, тоғыз құмалақ ойыны аңғартады. Бұл ойын қырғыз, қарақалпақ, қазақ, тува, алтай халықтары арасында жиі кездеседі.

Қырғыз тілі дерегінен “тоғузақ” сөзінің мынандай мағынасына тап боламыз: “Өз баласын ата-анасы түрлі пәлелерден, бұзылудан аулақ болсын деген оймен сатып алатын дәстүр бар. Төлеміне тоғыз түрлі зат береді де, баланың атын “Тоғузақ” немесе “Сатыпалды” қояды. Осы дәстүр ерте кездерде түркі халықтарында, оның ішінде қазақтарда да болуы ғажап емес. Өте көне кезде осындай дәстүрмен есім алған адам белгілі бір өзен бойында не басқа жерде өмір өткізіп, оның аты жер-суға көшуі де ықтимал. Ерте заманда мұндай жағдайдың болғандығы тек аңыз ғана емес, тарих мәліметтерінен де белгілі. “Тоғузақ” атауының төркінін тек осылайша жорамалдауға негіз болып отыр” [18].

Тоғыз санының жалпы түркі — алтай тектес халықтарында белгілі мәнде киелі саналатындығын төмендегі жазба деректер анықтай түседі. 8-9 ғасырлардың жазба мұрасы саналатын Тибет жазуындағы ескерткіште “уогчурлардың батысында тибетше *тоғыз түрік* деп аталатын ұйғыр түрік тұрады. Оларды яғлықтар деп те атайды, қақпаларына *тоғыз ту* қадайды” [19], — делінген.

Сол сияқты түркілердің 11 ғасырда өткен әйгілі ғалымы М.Қашғари өз еңбегінде “тұғ” (ту, байрақ) деген сөзге мынадай деп түсініктеме береді: “тұғ – ту, байрақ. Тоғыз тұғлуғ хан (тоғыз тулы хан немесе қаған). Қағанның қол астында аймақтары қанша көбейіп, міртебесі қанша өссе де, туы тоғыздан аспайды. Оның себебі: тоғыз санының қасиетті болуында. Ханның туы көк түсті жібек бұлдан жасалады. Бұл да қасиетті түс есептелінеді” [20]. Түркі ру-тайпаларының аты ғана емес (тоғыз оғыз, тоғыз түрік, тоғыз татар) тайпалықтың белгісі саналатын туының өзі тоғыз санымен қатысты болып келуі бұл санның олардың санасында соншалықты маңызды орын ұстайтынын аңғартса керек.

Алтай текті моңғол, маньчжур халықтарында тоғыз киелі сан болған. Мәселен, Шыңғыс хан әлем тоғыз бөлектен құралады деп, туын тоғыз шашақты етіп жасап, қол астына тоғыз атойшыл қолбасы ұстаған. Сонымен бірге ханға берілетін тарту саны тоғыз деп бекіткен. Моңғолдың әйгілі “Құпия шежіресінде” мұндай салт-дәстүрлер көптеп кездеседі. Шыңғыс ханның заңы бойынша, *дарган* – (тархан) (мансап аты) болған адам кейбір ерекше құқықтарға ие болумен қатар егер қылмыс істеп кінәлі болса, тоғызға дейін кешірім етіліп, тоғыздан кейін кінәсы сұралатын және бұл жеңілдік тарханның тоғыз ұрпағына дейін сақталған. Әбілғазы өзінің әйгілі “Түрік шежіресінде”: “Моңғол сөзі “мұң” және “ол” деген сөздерден шыққан, жұрттың тілі келмегендіктен, келе-келе мұңғұл деп кеткен. “Мұңның” мағынасы қайғы екенін барша түрік біледі, ал “олдың” мағынасы да қайғыға жақын түнерген деген мәнге келеді. Сонда моңғол дегеніміз “түнерген”, “қайғылы” деген болады. Бұл тайпадан тоғыз кісі патшалық қылды. Алғашқысы – Моңғол хан, соңғысы – Ел хан. Шарафутдин Иезди өзінің “Зафарнама” деген кітабының кіріспесінде “Түрік халқында не нәрсе болса да, тоғызға апаратын өдет бар, Құдай тағала одан артық жаратпаған, бұл өдет моңғолдың

“тоғыз ханынан алынған” деп жазғанын айтады [21]. Әрине, бұл жерде айтылған Шарафудин Иездидің түркілер моңғолдан алған деген болжамында ешқандай негіз жоқ екені белгілі. Дегенмен, бұл тоғыздың қасиетті мәні алтай тектес — түркі, моңғол халықтарында ортақ құбылыс болғанын аңғартады.

Алтай текті маньчжурларда да тоғыз саны қасиетті саналған. Мәселен, ертеде маньчжурдың әйел бақсылары бас киіміне тоғыз тал құс қауырсынын қадаса, олардың дүниенің жаралуы туралы айтылатын аңыздарында аспандағы күннің саны тоғыз делінеді [22]. Алтай тектес тұңғыс тілі тобына жататын эвенки, елуннун халықтарында да тоғыз саны киелі саналады. Бұл дәстүр оладың дүниетаным, салт-дәстүрлерінде ауыз әдебиет үлгілерінде өзіндік із қалдырған [23].

Демек, жоғарыдағы деректер өте ертеден тоғыз санының жалпы алтай текті халықтарға ортақ қасиетті сан болғандығын дәлелдейді.

Дегенмен тоғыз саны тек алтай тектес халықтарда ғана емес, мәселен, ертеректе арабтар тоғыз санын киелі деп санаған. Дүниеден озған адамдар үшін тоғыз күннен соң тоғызын беріп, еске түсіретін болған. Сол сияқты бұл салт славян халықтарында да бар. Орыстар қайтыс болған адамға тоғызын береді. Парсыларда да тоғыз қасиетті сандар қатарына жатады. Қытайларда да тоғызға байланысты қалыптасқан тілдік, дүниетанымдық нәрселер өте көп ұшырайды. Осылардың ішінен біз өзімізге таныс, оның үстіне жазба дерегі біршама ұзақ әрі мол қытайлардың тоғызға байланысты тілдік, танымдық деректері мен түсініктеріне тоқталып өтпекпіз. Мысалы, тұрақты тіркестерде кездеседі:

“Жиу чуан жы шиа” — тіке аудармасы “тоғыз қабат су асты”, беретін мағынасы: “ол дүние, бақыт дүние, ақыретте”.

“Жиу шы жы чоу” — тіке аудармасы “тоғыз атадан келе жатқан кек”, беретін мағынасы: — “кешпес кек, жеті

атасынан келе жатқан кек, бабаларынан мирас қалған өштік”.

“Жиу сы ій шың” – тіке аудармасы “тоғыз өліп, бір тірілу”, беретін мағынасы: “талай өлімнен қалу”, сан ажалдан сау құтылу, өліп қала жаздау”.

“Жиу тйан шйан нүй” – тіке аудармасы “тоғыз қабат аспандағы пері”, беретін мағынасы: “аспан перизаты, әлем аруы, хас сұлу, сұлу, перизат, ару”.

“Жиу хиуа йүн вай” – тіке аудармасы “тоғыз қабат бұлттың, аспанның ар жағы”, мағынасы: “жердің түбі, алты қабат аспанның ар жағы, аспанның арғы шеті, жердің шеті, көз жетпейтін, ой жетпейтін жер”.

“Жиу жиң хуаң жи” – тіке аудармасы “тоғыз жындық (жың – өлшем бірлігі) сары тауық”, мағынасы: “етті тауық, сойыс тауық, семіз тауық”.

“Жиу гүй ій” – тіке аудармасы “екі тоғыз бір болады”, беретін мағынасы: “ат айналып, қазығын табады, ақыры айналып келеді, түбінде келеді” [24], т.б.

Бұдан басқа қытайлардың ертедегі жыл қайыру дәстүрінде (бір жылды төрт маусымға айырып, әр маусымды “Чүн жиу” – көктем тоғыз, “Шия жиу” – жаз тоғыз, “Чиу жиу” – күз тоғыз, “Дүн жиу” – қыс тоғыз деп бөлу дәстүрі бар. Осындай негізден қытай тілінде “тоғыз аяқталғанда қыс та бітеді” дегендей тұрақты тіркестер қалыптасқан. Оның мәні: дәстүрлі есеп бойынша, қыстың басталған күнінен бастап әр тоғыз күн “бір тоғыз” делініп, осылайша “екі тоғыз”, “үш тоғыз” ... тоғыз тоғызға барғанда, қыс аяқталып, күн жылына бастайды дегендік. Бұл дәстүр түркі халықтары, оның ішінде қазақтардағы “жас тоқсан”, “жаз тоқсан”, “терме тоқсан”, “қыс тоқсан” дегенге мәні, аталуы ұқсас.

Қазақтар есептегенде “жас тоқсан” деп аталатын бірінші тоқсанға – көктем айларын, “жаз тоқсанға” – жаз айларын, “терме тоқсанға” – күз айларын, “қыс тоқсанға” – қыс айларын жатқызған. Малшылар жаз жайлауға, қыс қыстауға, көктем көктеуге, күзде күзеуге күзекке

көшіп отырады. Әрине, өр мезгілдің басталуы мен аяқталуында қазақтар мен қытайларда сәйкес келе бермейтін тұстар да бар. Бірақ әр маусымды үш ай – 90 күн деп, оны төрт мезгілмен көбейтіп, жылдың 360 күнін шығарып отырғандығы екі халықта да бар. Бұл айналып келгенде, олардың ортақ дүниетанымы негізінде қалыптасқан ұқсастықтар.

Қытай деректеріне қарағанда, тоғыз саны б.э.д. 5-10 ғасырларда қасиетті саналып қолданысқа түскен. Мәселен, б.э.д. 3-ғасырға дейінгі үш мың жылдық тарих жазылған қытайдың әйгілі “Тарихнамасында”, оның ішіндегі “Бес ақсақалдың тарихы” тарауында: “...Бүкіл елде жаман іс істеушілер болмады. Уәзірлер ішінде тек Иү өте үлкен қызмет көрсетіп, *тоғыз үлкен тауды жарып, тоғыз көлді дарияға біріктіреді*. Тоғыз дарияны ағынына салды, тоғыз аймақтың суын тізгіндеп топырақты сақтап қалды... елдегі халықтар ақсақал Иүдің сауаптық істеріне риза болды. Сонымен бірге Иү *тоғыз пернелі мұқамды ойлап тапты*. Бұл мұқамда саз шалғанда, ғажап жануарлар жетіп келетін. Құстары қанаттарын желпіп биге басатын...” делінген. Бұл дәуір кем дегенде біздің жыл санауымыздан неше он ғасыр бұрын деуге болады. Бұдан басқа біздің эрамыздан бұрын 6-ғасырда жасаған Сүнзы, Конфуций ілімдерінің ішінде тоғыз санымен байланысты айтылатын уағыздар кездеседі. Тек ол ғана емес, сонымен бірге сол дәуірге тән және одан кейінгі дәуірлерде де жалғасқан тоғызға байланысты танымдық дәстүрлер мен салттар біршама. Мәселен, “тоғыз қабілет”. Бұл Конфуцийдің “Ақыл сөз” деген кітабындағы ұғым (Конфуций б.э.д. 551-479). Конфуций нағыз ер жігітке төмендегідей тоғыз нәрсе, қасиет болуы керек дейді: 1. Көрегендік, 2. Қағылездік, 3. Мейірбандық, 4. Инабаттылық, 5. Сөзінде тұрушылық, 6. Жұмысқа шөгелдік, 7. Білмегенін сұрай алатын жігер. 8. Өзін-өзі ұстай білетін ұстамдылық, 9. Байлық көрсе, басы айналып кетпейтін төзім.

Бұдан басқа Конфуций жасаған және одан кейінгі



дәуірлерде қытайларға мемлекетті тоғыз аймаққа бөліп басқару дәстүрлі болған, оны “Жифу” – тоғыздық басқару түзімі деп атаған. Сол сияқты патша әкімдерді де өз ішінен тоғыз дәрежеге бөліп, бұл дәстүрді “Жиу пин” “тоғыздық дәреже” деп атаған. Бұдан басқа ежелгі қытайларда аспан тоғыз қабат, жер де тоғыз қабат болады деген ұғым болған. Демек, “тоғыз” саны жалпы шығыс халықтарында, оның ішінде қытайларда да тым арыдан келе жатқан ерекше дүниетанымдық “киелі” сан деуге болады.

Түркі халықтарында болсын, басқа халықтарда болсын тоғыз саны неліктен жоғарыдағыдай мәндерде қолданылатын дүниетанымдық сан болады? Оның киелі мәні қалай қалыптасты? деген заңды сұрақ туады. Бұған қазірше мынадай екі түрлі жауап беруге болатын сияқты.

Біріншіден, тілімізде “сегіз қиыр шар тарап” (күллі әлем, дүниенің әр бұрышы), “Сегіз қырлы, бір сырлы” (бәрі бойында бар, өнерлі) деген тұрақты тіркестер бар. Осы сөздің төркініне үнілсек, “тоғыздың” шешуін тапқандаймыз. Жоғарыда “қырық” саны туралы тоқталғанымызда күнге табынатын көне түркілердің, ғұндардың күн айналымына негізделіп, әлемді уақыт, кеңістік, бағыт тұрғысынан қарап, әлемнің төрт бұрышты көлбеу (горизонтальды) моделін жасағандығын айтып дәлелдеген болатынбыз. Сегіз шартарап, сегіз қыр бұрыш деген ұғымдар да әрине, осы негізде пайда болған, ертеден келе жатқан сол тектес дүниетанымдық нәрселер. Атап айтсақ, бұл белгілі бір орталықта, яғни аспан ортасында (орта кеңістікте) тұрып, күнге бетін бере, оның қозғалысына қарап күншығыс, оңтүстік шығыс, оңтүстік батыс, оңтүстік күнбатыс, батыс солтүстік, солтүстік шығыс, деген сегіз бағыттан келген. Жалпы сегіз бағыт қосылуынан әлемді тоғыз санына балау, тоғыз бөлектен құралған деп түсіну қалыптасқан. Сондықтан да тоғыз саны дүниетанымдық ерекше сан болып, киелі мән алған. Бұл айтқанымызды көне қытайдағы аспанды тоғызға бөліп қарау дәстүрі анықтай түседі. Мәселен, олар аспанды мынадай деп тоғызға бөліп

қараған: 1. Аспан ортасы – ортаңғы аспан; 2. Шығыстағы – көк аспан; 3. Шығыс оңтүстіктегі – ашық аспан; 4. Оңтүстіктегі – алау түсті аспан; 5. Батыс оңтүстіктегі – нарт қызыл аспан; 6. Батыстағы – ақ аспан; 7. Батыс солтүстіктегі – сұрғылт аспан; 8. Солтүстіктегі – кара аспан; 9. Солтүстік шығыстағы – құбылмалы аспан [25]; Демек, қытайларда күннің кеңістікті айналуына, аспанның реңтүсіне қарап, аспанды тоғыз түске бөліп, осы негізде аспан астындағы жерді де тоғыз бөлектен құралады деп түсінген, әр бағытқа сәйкес рең, түстер берген. Бұл дәстүр ғұндардың, көне түркілердің дүниені төртке бөліп, оған рең, түс үстеген дәстүріне сайма-сай келмесе де негізінен үйлеседі. Төменде қырық туралы жазғанымызда бұл туралы арнайы тоқталамыз (салыстырыңыз).

Екіншіден, көне түркілер әлем – от, ауа, су, топырақ тәрізді төрт нәрседен құралған деп қараған. Шығыс римнің жиһангез тарихшысы Хорхуласты өзінің “Тарих” атты еңбегінде “Түркілер отқа табынады, ауаны, суды, топырақты құрмет тұтады” деп жазып кеткен [26]. Мұны біз халқымыздың отты, суды, жерді құрмет тұтатын кейінгі салт-дәстүрлерінен де байқаймыз. Әрине бұл дәстүрлі фетишизмнің де әсері. Будда дінінде де әлем топырақ, су, от, жел, ауа – осы төрт нәрседен құралған деген уағыз бар. Бұл көне түркілердің дүниетанымымен сайма-сай. Көне түркілердің дүниені төрт нәрседен – топырақ, су, от, ауа деге қарапайым материалистік идеясы, олардың “дүниенің төрт бұрышы мен бір орталығы бар” дегендей дүниетанымына сәйкестірілген де киелі дүниетанымдық сан тоғызды жарыққа шығарған. Атап айтсақ: бірі орталық (сырлы дүние), яғни “жер кіндігі – “көктөбе”; одан кейін ретімен ауа, жел – шығыс (көк түс); от – оңтүстік (қызыл түс); су – батыс (ақ түс); топырақ – солтүстік (кара түс).

Демек, “жер кіндігі – көктөбе” (оны ежелгі сақтар “хатқа хара”, орыстар “мировая гора”, моңғолдар “субер” деп атаған) мен шығыс, батыс, оңтүстік, солтүстік –

төрт құбыла осыған сәйкес әрбір бөлшекке сай “әлемнің төрт негізінен” – топырақ, су, от, ауа осындай бір-біріне сәйкес тоғыз нәрседен әлем құралған деген қарапайым дүниетаным негіз болған.

Қорыта келгенде, қайсы халық болмасын әсіресе түркі халықтарында тоғыз саны жоғарыдағыдай екі негіздің бірінен жарыққа шыққан деп жорамалдауға әбден болады. Әрі бұл құбылыс жалпы шығыс халықтарының көбінде болып, олардың тілінде, салт-дәстүрлерінде өзіндік мәнде орын теуіп, із қалдырған.

### 4.3. “Қырық” саны

Тіліміздегі көптеген тұрақты тіркестерге ұйытқы болып тұратын, сонымен бірге салт-дәстүрлерімізде мызғымастай орын тепкен киелі саналатын сандардың және бірі – “қырық”.

Қырық санының киелі болып қалыптасуына о баста төрт санына байланысты дүниетанымның әсері болған. Сондықтан “төрт” пен “қырықты” бір тақырып аясына алып, осыларға қатысты танымдық, тілдік құбылыстардың өзара байланысын ертедегі ата-бабалар –хұндар, түркілер және басқа қазақтың ұлт болып қалыптасуына атсалысқан ру-тайпалардың сол кездегі дүниетанымдарынан, наным-сенімдерінен іздейміз.

“Төрт” саны туралы жалпылама ұғым басқа сандық ұғымдарға қарағанда алтай тілі жүйесіндегі халықтарда өте ертеден қалыптасқанға ұқсайды. М.Томанов: “Тіліміздегі сан, санақ мөлшері жайлы ұғымдарды білдіретін сөздер бірнеше түрлі және олардың құрамы жағынан да әр түрлі. Сөз таптарының ішінде бір-бірінен алшақ, бір-біріне сай түспей жататыны да осы сан есімдер. Рамстедт алтай тілдеріне ортақ сан есім деп тек қана “төрт” сөзін көрсетеді” [27], – дейді. “Төрт” сөзінің мұндай ұқсап кетуі, кең жайылуы кездейсоқ құбылыс емес. Бұл осы сөздің бір кезде ортақ танымнан туған,

өте байырғы көне сөз екендігін дәлелдейді. Расында, “төрт” — күн айналымындағы “төрт” бағыт ұғымы бойынша халқымыздың санасында да өте ертеден қалыптасқан, ерекше орны бар, дүниетанымдық сан. Мұндай деректерді біз ауыз әдебиетінен ғана емес, жазба мұралардан, деректерден анық байқай аламыз. Мәселен, “Тоғыз оғыз бектері, халқы, бұл сөзімді мұқият тыңда, терең ұқ, ілгері — күн шығыста, оң жақта — күн ортасында (оңтүстік), кейін — күн батысында, сол жақта — түн ортасында (солтүстік), оның ішіндегі халықтың бәрі маған қарайды, халықты осынша көп еттім”. “Биікте көк төңірі, төменде қара жер жаралғанда, екеуінің арасында адам баласы жаралған. Адам баласы үстіне ата-тегім Бумын қаған, Істеми қаған отырған. Отырып түркі халқының ел-жұртын қалыптастырған, иелік еткен. Төрт бұрыштың бәрі дұшпан екен, сарбаздарымен аттанып, төрт бұрыштағы халықты көп алған, бәрін бейбіт еткен, бастыны еңкейткен, тізеліні бүктірген”. “... және бұдан соң Оғұз қаған төрт тарапқа жарлық жүргізді”, “жердің төрт бұрышының қағаны болсам керек-ті” [28]. Міне, бұл үзінділер 8-9-ғасырлардың мұрасы саналатын “Күлтегін жыры” мен “Оғызнама жырындағы” сөздер. Әрине, ата-бабаларымыздың дүние төрт бұрыш деген түсінігі осы кездерде ғана қалыптаспаған, бұдан көп ілгері, яғни біздің жыл санаудан бұрын мәлім болған хун тайпаларында қалыптасқанын қытай жазбаларынан көреміз. “Тарихнаманың” “ғұндар тарауында: “Жоу-му-уаң жоу патшасы хуан-рундар хұндардың арғы аталары үстінен соғыс жүргізіп, олардан төрт ақ бөрі, төрт марал олжа алып келеді”, — деп жазылған.

Қытай деректерінде: “Ғұндар өз қосындарын төрт түрлі түстегі атқа мінгізіп, төртке бөлініп, қарсы жақты қоршауға алғанда төрт бағыттан: шығыс жағынан — көк аттылар, батыс жағынан — ақ боз аттылар, түстік жағынан — торы аттылар, терістік жағынан — қара аттылар шабуылға өтеді екен” [29], — деп жазылған. Жоғарыда

келтірілген деректен соң айта кетуге тиісті маңызды бір жай: Сол кездің өзінде дүние төрт бұрыш деген күндік төрттік бағдар ұғыммен қоса әрбір бұрыштың (бағыттың) соған сәйкес символдық рең-түсі де болған. Атап айтқанда, шығыс — көк түс, оңтүстік — қызыл түс, батыс — ақ түс, солтүстік — кара түс деген күн айналымына негізделген таным. Көрсетілген дерек, міне, осыны дәлелдейді. Мұнда шығыстан шабуылға өтетіндер көк аттылар, түстіктен тор аттылар (қызыл түсті ат — торы ат делінген), батыстан — ақ боз аттылар, теріс тік кара аттылар болып келеді. Біздіңше, бұл “күн” ғұн ұрпақтарының “күн тәңірімен” бірге болсаң, жауды жеңеміз деген сенімі болса керек. Осында төрт бұрыш бағыт та бар және төрт бағытқа тән рең түс те бар. Бұдан басқа аталған еңбекте ғұндардың арғы аталары рұндар өз ішінен бөлініп, ақ рұң, қызыл рұң болып аталғаны туралы дерек те кездеседі [30]. Демек, бұл күннің әр түсқа келгендегі аспаннның рең түсіне қатысты туған деуге болады. Ғұндар мен көне түркі ру-тайпаларынан мүмкін одан да бұрын қалыптасқан, күн айналымына негізделіп жасалған дүние төрт бұрыш деген таным және әрбір бұрыштық бағыттың рең-түс символикасы, дәстүр болып бертінге дейін жалғасқан. Қазақ даласында құрылған хандықтардың ат қоюына мұның айқын көрінісі бар. “Тарихшылардың айтуына қарағанда, Көк Орда о баста Қазақстанның шығыс аймағы Алакөл мен Ертіс бойларында болды да, кейін Сырдария жағасындағы Сығанақ қаласына ауысады, ал Ақ Орда Көк Орданың батысында, яғни Жайықтың арғы бетіндегі Сарай қаласының маңында болады. Сөйтіп, өз кезінде Ақ Орда кейін — Алтын Орда Жошы ұлысының оң қанатындағы Хан әулетінің батыс орталығы, ал Көк Орда осы ұлыстың сол қанатындағы Шығыс орталығы болып есептелінеді.

Бұл арада ақ түстің “батыс”, көк түстің “шығыс” мағынасындағы геосимволикалық қызметі айқын көрініп отыр [31]. Жоғарыдағыдай дәстүр қазақтың ру-тайпалық атауларында да жақсы сақталған. Қазақ шежіресіндегі осы

қаңлыларды қара қаңлы, сары қаңлы, ақ қаңлы, қызыл қаңлы деп төрт топқа бөліп қарау дәстүрі бар. Байқап отырсаңыз, қаңлылардың осылайша бөлінуінің себебі, әрине, олардың түр-түсіне байланысты емес. Бұл жерде, әдетте айтылып жүрген сары қаңлы – Келдібектің бірінші әйелі Сары бәйбішеден туған да, екінші әйелі – Хан қызынан қара қаңлы туған екен деген жобалардан гөрі олардың бір орталыққа сәйкес батыс, шығыс, оңтүстік, солтүстік аймақтарды мекен етуіне байланысты аталған деген тұжырым дәлірек сияқты [32]. Найман, үйсін секілді қазақ рулары да өз ішінен ақ, қара, қызыл, сары деп бөлінетінін білеміз. Бұдан басқа төрелер шежіресінде: төрелер “Арқар” ұранды болып төрт туға бөлінеді. Әбілпейіз қызыл тулы, Абылай Әбілмансұр жасыл тулы, Саняз ақ тулы, Жолбарысхан шыбар тулы...” делінген [33]. “Төрт төңірек” дегендер наймандар шежіресінде: “бірінші төңірек – тобықты елі, екінші төңірек – ергенекті елі, үшінші төңірек – Байжігіт, төртінші төңірек – ақ найман” деп тарқатқан [34]. Қытай деректеріне негізделгенде жалпы сонау көне түркілерден бастап өзі билеген жерді төрт кіші қағанатқа бөліп басқару түзімі болған [35]. Осы дәстүрлер кейін неге ру-тайпалар құрылымында, олардың парықталуында, басқаруында дәстүр жалғасын тапқан деуге болады.

Тіліміздегі “төртпен” байланысты жасалған тұрақты тіркестер жоғарыда айтылған танымдардан туды деуге болады. Мәселен, төрткүл дүние – жер жүзі, бар әлем; төртеу түгел болса, төбедегі келеді, алтау ала болса ауыздағы кетеді – бірлік болса, бәріне қол жетеді, ал берекесіз болса, бәрінен айырылады; “*төрт көз түгел – бәрі бас қосқан; төңіректің төрт бұрышы – жер жүзі; дүниенің төрт бұрышынан – барлық жерден; төрт көзбен күту – асыға күту (жан-жағына көз салу); екі көзі төрт болу – зарығу, күту; төрт жақ болу – берекесіз, ынтымақсыз болу; төрт түлігі сай – ештеңеден кем емес, бәрі бар; төрт арыстың баласы – бүкіл ел, күллі*

халық; *төрт құбыласы түгел* – бәріне қолы жеткен, кемдігі жоқ; *төрт тұрманы түгел сай* – жау-жабдығы, керек-жарағы түгел сай. Бұдан тыс негізінен төрт түлік малмен қатысты болып келетін тұрақты тіркестер де бар: *төрт аяғынан тік тұрады* – қалпына, орнына келеді, ісі жанданады; *төрт аяғы тең теңселген жорға* – жақсы жорғалайтын ат туралы айтады; 2) төгіле жырлайтын ақын туралы айтылады. *Төрт аяқты екенсің* – (қарғыс): қу, зымиян, әккі; *төрт аяғынан ақсады* – бар ауыртпашылық түсіп қатты қиналды, тұралап қалды, т.б. Бұлар жоғарыдағыдай дүниетанымдар негізінде емес, теңеу, ұқсату жолымен жасалған тұрақты тіркестерге жатады.

Төрт санымен келетін тіркестер о баста ғұндардың, көне түркілердің ежелгі дүниетанымынан туындаған, соның бізге жеткен ауызекі деректері екен; біз түркі халықтары санасындағы қырықты да, оған байланысты басқа құбылыстарды да, осы дүниетанымының жалғасы деп қараймыз. Ауыз әдебиеті, тұрмыс-салт тұрақты тіркестерде кездесетін “қырық” нақтылы сандық, реттік мәнде емес, басқаша – кейде мезгіл, мекеннің ең жоғары шегін, мөлшерін білдірсе, кейде санның ең көбін білдіреді. Сонымен бірге ол халық санасында киелі мән алған. Мәселен, қазақ халқының ауыз әдебиетінде *ханның қырық уәзірі, ханның қырық қызы, қырық батыры, қырық ұлы, қырық қарақшы, қырық қарыс сақалы бар адам, қырық құлаш қылыш, қырық көз терең зындан, қырық күн, қырық түн, қырық жылдық* (күндік) жол, т.б. осы сияқты қырықпен байланысты болып келетін түрлі мифологиялық кейіпкерлер, ғажайып мекен-жайлар, мезгілдік ұғымдар мен уақыт өлшемдер, құбылыстар мен құралдар және осыған ұқсас ұғымдар өте көп кездеседі. 8-ғасырда хатқа түскенімен, одан көп замандар бұрынғы ежелгі түркілер тудырған аңыз-әңгіме, мифтік сюжеттегі шығарма – “Оғызнама” жырында да “қырық” сондай мағынада кездеседі. Оғыз қаған туылып, “қырық күннен соң үлкен болды, жүрді, ойнады” делінген. Ал Оғыз қаған әйелі

босанып, дүниеге үш үл әкелген кезде халқына үлкен той жасайды, тойға арнап *қырық орындық, қырық стол* жаптырды” және жорық кезінде “*қырық күннен соң* Мұздай деген таудың түбіне келді” делінеді. Жыр соңында “Оғыз қаған үлкен ордада отырады, тағы жарлық беріп, оң жағына қырық құлаш ағаш тіктірді (дінгех не бағана орнатты – Қ.Ғ.). Оның басына бір алтын тауық қойды, түбіне бір ақ қойды байлайды. Сол жағына *қырық құлаш* ағашты тіктірді. Оның басына бір күміс тауық қойды, түбіне бір қара қойды байлады. Оң жаққа бұзоқтар отырды, сол жаққа үш оқтар отырды, *қырық күн, қырық түн* ішті, қуанышқа бөленді” [36].

Халқымыздың бірқатар салт-дәстүрлері мен ырымдары қырықпен байланысты болып келеді. Мәселен, “қырқынан шығару”. Халқымызда нәресте дүниеге келіп, қырық күн өткен соң қырқынан шықты деп, ырымын істеп, кішігірім той өткізеді. Баланың қарын шашын да қырқынан шығарған соң алады. Қырқынан шықты деп қырық жерден су әкеліп (қырық ожау не қырық қасық) баланы жуындырады. Қалжаға сойылған малдың мойын сүйегін буындап алып тастамай, тұтас күйінде қырық күнге дейін керегенің басына іліп қояды, бұл қырық күнге дейін баланың мойны бекісін деген ырымнан шыққан. Қырқынан шыққан кезде “мойны қатты, қырқынан шықты” деп орнынан алады. Сәбидің өміріне қауіпті күндер өтті деп туылған кезде кигізілген ит жейде қырқы өткен соң шешіп алынады. Бала шомылған легеннің түбіне қырық құмалақ тас, сақина, жүзік сияқты заттар салады, т.б. Бұлардың бәрі нәрестенің өмірге келуіне байланысты жасалатын салттар мен ырымдар. Бұдан басқа сүйегі сынған немесе басқадай дертке шалдыққан, шала туған балаларға ырымдап, қырық үйден ас-су әкеліп береді. Қырық жасты – адам өміріндегі бір белең, қауіпті кез деп те түсіндіреді. Адам қайтыс болса, қырық күннен соң қырқын береді. Нағашы мен жиен арасында “қырық серкеш” деген көде болады, т.б. Тілімізде “қырық” ұйытқы



болып келетін көптеген мақал-мәтелдер мен тұрақты тіркестер қалыптасқан. М.Қашғаридың сөздігінде: *Қырық жылға дейін бай мен кедей теңесер, Тұзақтан қорыққан құс қырық жыл ағаш бұтағына қонбайды* деген мақалдар кезігеді. Қазіргі тілімізде: *жақсы атаның аруағы қырық жыл сүйрейді, қырық жыл қырғын болса да, ажалы жоқ өлмейді, қызға қырық жігіт сөйлеседі, бірі алады, қыз қырық жанды келеді, қырық қабатталып отырады* (қырыстанып-құрыстанып отырады). *Қырық қазанның құлағын тістеді* (қыдырымпаз кісі туралы айтылады). *Қырық кемпірдің қылауынан жиылған қырық ру* (әр түрлі), *қырық жілік болғыр* (қарғыс, сойылғыр деген мағынада); *Қырық жамау* – 1) тозығы жеткен, ескі бұйым туралы айтылады, 2) назалы, ренішті; *қырық құбылды*, – сөзінде тұрмады, сан алуан күйге түсті; *қырық құрау құрақ* – 1) тозығы жеткен, ескі жамау-жасқау, 2) бір тектес емес; *қырық пышақ болады* (таласып-тармасты) араздасты, жанжалдасты, соғысты; *қырық пышақ қылды* (біреуді біреуге айдап салды, араздастырды) *қырық саққа жүгіртті* (сан түрлі құбылтты); *қырық сідік* (ойнастан туған бала, шата туған); *қырық тесік* (сау тамтығы жоқ, әбден тозған); *қырық жыл жатқан қылыштың қынабындай*, (құны жоқ), *қырықтың қылауынан* (өзгеше жаратылған, көп асылдың сынығы); *қырық кісі бір жақ, қыз балаға қырық жерден тыйым*, т.б.

Жоғарыда көрсетілген фактілер “қырықтың” қазақ ұғымында жай ғана емес, белгілі дүниетанымдық, сонымен қоса киелі мәні де бар мәдени құбылыс екенін дәлелдесе керек. Олай болса мұның себебі не? Қырық қалайша киелі мәні бар сан болып қалыптасқан? Біз о баста дүниетанымдық мәні бар “төрт” пен “қырық” сандарын бір зерттеу шеңбері ішіне қоямыз, себебі “қырықтың” өлгіндей мәнде қалыптасуы “төрттің” қалыптасуына тікелей байланысты деген едік. Соның шешуі енді келгендей. Қазіргі кезде мезгіл-мекеннің болсын, санның болсын ең шегі, ең көптік мөлшері “қырық” емес екенін

оқымаған бала да біледі. Алайда тілде, салтта сақталып отырған кейбір дәстүрлер мен танымдық құбылыстар – неше мыңдаған, жүздеген жылдардың жемісі, көбінің тарихы өте арыдан басталады. Сондықтан біз мұндай құбылыстарды сол кездегі адамдардың дүниетанымы, сан санау қабілеті, тіл ерекшелігіне байланысты сәйкестіре, бірлестіре зерттеуіміз қажет.

М.Томанов: “Қырық сан есімнің этимологиясы да айқын емес. Алайда түркі халықтарында, солардың бірі қазақ халқында қырық сөзі діни тотемдік ұғымдармен байланысты айтылатыны белгілі. Өлген кісінің артынан қырық күннен соң еске түсіру – “қырқын беру” немесе фольклорлық нұсқаларда кездесетін “қырық күн, қырық түн” тәрізді қолданыстар сондай ұғымнан туса керек. Академик Гордлевский қырық және төрт сөздерінің арасында ешқандай ұқсастық жоқ екенін айта келіп, қырық о баста жалпы көп, мөлшерсіз көп ұғымын берген болу керек. Қырық сөзінің соңғы “қ” элементі сондай көптік ұғымының көрсеткіші болуы мүмкін деген жорамал жасайды” [37]. Бұл жерде Томанов өзінің акад. Гордлевскийдің көзқарасына қосылатынын, не қосылмайтындығын ашып айтпаған.

Біздіңше, Гордлевскийдің шешуі дұрыс емес секілді. Себебі, бұл жерде ғалым қырықтың о баста жалпы көп, мөлшерсіз көп ұғымын беруі төртпен қатыссыз, қайта “қырық” дегендегі сөздің соңғы дыбысы “қ” көптік мағына беріп отырған болар дейді. Мәселені бұлай шешуге ешқандай негіз жоқ.

Алғашқы арифметикалық есептерді шығаруына септігін тигізген он саусақ және басқа заттар екені анықталған. Халқымызда саны аз, санаулы, мардымсыз деудің орнына, “саусақпен санарлықтай” деу, істің жөнін жетік білемін деудің орнына “бес қолымдай білемін”, “бес саусақтай білемін”, “он саусағындай біледі” деп айтатын әдет бар. Міне, бұлардың бәрі сол ертедегі саусақпен сан санаудың тілде қалған ізі болса керек. Ертедегі ата-бабаларымыз

басқа халықтарға ұқсас ең алдымен бір қолындағы бес саусақты санап шығарып, одан соң, оған екінші қолындағы бес саусақты қосып санап саусақ саны – онды (10) тапқан. Он бір мезет санаудың ең жоғарғы шегі болған. Ертеректе түркі тілдерінде “мүш” – он деген ұғымды білдірген. Түркі тілдерінде “атмүш” (алпыс) – алты он, “йәтмүш” (жетпіс) – жеті он. “Мүшел жыл” дегендегі “мүшел” – “муш + ил” (жыл) – он жыл деген сөз. Мүшел кейінгі кезде ғана басқа мәдениеттің әсерінен он екі болған, бұл жоғарыда айтылғанды тіпті де анықтай түседі. О.Сүлейменов “АЗИЯ” кітабында осыдан 6000 жыл бұрынғы шумер тіліндегі 10 (у, он) мен кейінгі ата түркі заманындағы 10 (ун,он) сандарының атылуы сәйкес келетінін келтірген [38]. “Түркі тілдерінде, сол сияқты алтай тілдерінің бірсыпырасында-ақ “он” сөзі осыған жақын дыбыстық формада кездеседі. Мұндай кең жайылу, сіңіру сөздің байырғылығының дәлелі болса керек. “Түркі тілдерінің барлығында дерлік жиырмадан бастап ондықтарды білдіретін сөздердің біразы тарихи тұрғыдан құранды болып келеді, жиырма, алпыс, жетпіс, сексен, тоқсан сөздері сондай. Бұдан мынадай қорытынды шығаруға болады: бірліктерді білдіретін сөздер әр түрлі сөз таптарынан бөлініп қалыптасқаннан кейін барып ондық атаулары шыққан” [39]. Демек, “он” 10 бір кезде мезгіл-мекеннің ең жоғары шегін, санның ең көбін білдіретін сан болған. Алайда бұл өте ертеде болғанға ұқсайды. Ал оннан кейін түркі халықтарында мезгіл-мекеннің шегі, санның ең көбі “қырық” болып қалыптасқан халық санасында бертінге дейін жалғасқан деуге болады. Бұл түркі халықтарының дүние төрт бұрыш дейтін төрттік дүниетанымымен және сол кезде санаудың ең жоғары шегі болған саусақ саны – “онымен” байланысты. 30-ды “үш он”, 40-ты “төрт он” деу Алтай-Сібір өңірлерінде сақталған, мәселен, түркі халықтарының бірі болып саналатын шорлар қырықты төрт он дейді [40]. Дүниені төрт бұрыш деп таныған

көне түркілердің түсінігінше, бір бұрыш немесе бір бағыттағы адам саны, мал саны, дұшпан саны, жер мен уақыттың шегі, нәрсенің ең жоғары мөлшері екі қолдың саусақ саны – 10-ға тең. Ал төрт бұрыштағы немесе төрт бағыттағы күн айналымы бағыты бойынша шығыс, түстік, батыс, терістіктегі жалпы санауға мөлшерлеуге болатын жан, мал, жер мезгілдің ең жоғарғы шегі шығыс + түстік + батыс + терістік немесе 10+10+10+10 төрт он – 40 қырық болуға тиіс. Міне, бұл ата-бабаларымыздың өзі тапқан ертедегі дүниетанымдарының бірі. Демек, “қырық” сөзінің о баста реттік немесе нақты сандық мән алмай, санның ең көбін, мезгіл-мекеннің ең жоғары шегін білдіретін дүниетанымдық мән алуы осындай танымнан туындаған.

### Сілтемелер

1. *Кеңесбаев І.* “Жеті”, “Үш”, “Тоғыз”, “Қырық”-пен байланысты ұғымдар// ҚазССР ҒА Хабарлары, Филол. сериясы, 1946. 14-б.
2. *Ысқақов М.* Ғылым және соқыр сенімдер. Алматы, 1965 68-69-бб.
3. *Мыңжани Н.* Қазақтың қысқаша тарихы. Үрімші, 1987. 676-б.
4. Қайдаров Ә. Этнолингвистика// “Білім және еңбек”, 1985. № 10, 20-21-бб.
5. Құран кәрім. Алматы, 1991. 6-б.
6. *Леви Брюль.* Ертедегі сана. Шану, 1985. 176-201-бб.
7. *Чын Жанмын.* Тіл, мәдениет және қоғамды жаңа қырынан зерттеу. Шанхай, 1989. 87-б.
8. *Исқақов М.* Халық календары. Алматы, 1980. 130-б.
9. Сүйнама. Түріктер баяны. 84-бөлім.
10. Ежелгі дәуір әдебиеті (Құрастырушы А.Қыраубаева). Алматы, 1991. 10-25-бб.
11. *Томанов М.* Қазақ тілінің грамматикасы. Алматы, 1988. 202-б.

12. *Қашғари М.* Түбі бір түркі тілі. Алматы, 1993. 13-17-бб.
13. *Уәлиханов Ш.* Аталған еңбек, 180-б.
14. “Саясат” журналы. 1995. №1. 98-б.
15. *Таракты Ақселеу.* Күй шежіресі. Алматы, 1992. 33-34-бб.
16. Ежелгі дәуір әдебиеті (Құрастырған А.Қыраубаева). Алматы, 1991. 6-б.
17. Сонда. 23-24-бб.
18. *Нұрмағамбетов Ә.* Бес жүз бес сөз. Алматы, 1994. 53-б.
19. *Құрбан Уәли.* Біздің тарихи жазуларымыз. Үрімші, 1986. 188-б.
20. *Қашғари М.* Түркий тиллар диуани. Үрімші, 1984. 3-т. 175-б.
21. *Әбілғазы.* “Түрік шежіресі”. 1992, 15-б.
22. Ауыз әдебиеті және Шаман мәдениеті. Көкхот, 1990. 276-б.
23. Сонда. 326-б.
24. Қазіргі заман қытай тілі сөздігі. Пекин, “Шану”, 1984. 606-б.
25. *Сыхай* (Сөз теңізі). Шаңхай. 1985. 68-69-бб.
26. *Шуе Зонжың.* Түркілер тарихи. Пекин, 1994. 740-б.
27. *Томанов М.* Қазақ тілінің тарихи грамматикасы, Алматы, 1988, 200 б..
28. Ежелгі дәуір әдебиеті. Алматы, 1991. 6, 10, 71-бб.
29. “Тарихнама”. “Ғұндар шежіресі”
30. Сонда.
31. *Султанов А.Т.* О терминах Ак Орда, Көк Орда и Иуз Орда// Известия АН Каз ССР. Серия общ. наук, 1972, Вып. 3. С. 71-74.
32. *Қайдаров Ә.* және басқалар. Түр-түстердің тілдегі көріністері, Алматы, 1992. 112-113-бб.
33. Қазақ шежірелері. 1990. 416-б.
34. Аталған еңбек. 461-б.
35. *Шуе Зонжың.* Аталған еңбек. 74-б.
36. Ежелгі дәуір әдебиеті. 68-76-бб.

37. *Томанов М.* Қазақ тілінің тарихи грамматикасы. Алматы, 1988, 203-б.
38. *Сүлейменов О.* АЗиЯ. Алматы, 1992. 229-б.
39. *Томанов М.* Қазақ тілінің тарихи грамматикасы. Алматы, 1988.
40. *Ана тілі.* 1993.

## ҚОСЫМША

Ағашқа өлем байлап, өулиеге табыну  
Адам тігіне аспандағы бұлт үйіріледі (оқу арқылы жаңбыр  
жаудырады)  
Азан айтып қойған аты  
Ай карады  
Ай - күні батты  
Ай мүйізді  
Ай тұяқ  
Ай тұяқ шалды  
Айдай ару  
Айдай сұлу  
Айдың аманында  
Ай-күні болды  
Айлас қатын мұндас  
Айы батты  
Айы оңынан туды  
Айы толды  
Ақ бата  
Ақ бата беру  
Ақ батадан аттау  
Ақ жол  
Ақ жол елі  
Ақ жолтай болды  
Ақ қойымның асығы болсаң ақ сөйле  
Ақ неке  
Ақ орда  
Ақ сайтаны ұстады  
Ақ сарбас  
Ақ сарбас айтты  
Ақ сарбасы болу  
Ақ сөйле  
Ақ сүті ұрсын  
Ақ сүтін аспанға (көкке) сауу  
Ақ таяққа сүйеніп егілу  
Ақ таяққа сүйеніп қалу  
Ақ түйенің қарны жарылды  
Ақ тілеу  
Аққа Құдай жақ  
Ала арқан керді  
Ала арқан кесісті  
Ала жібін аттамады

Албасты басты  
Албастысы ұстады  
Алла жазсын  
Алла жар болды  
Алла нәсіп етті  
Алла сақтады  
Алла тұзын көтерді  
Алладан қайтсын  
Алпыс екі айлалы  
Алпыс екі тамыры босады  
Аман-есен қол аяғыңды бауырыңа алдың ба?  
Аналық ақ шашын омырауына жаю  
Ант атқан  
Ант берді  
Ант бұзды  
Ант су ішті  
Ант сүйек  
Ант ұрды  
Арасынан қара мысық өтті  
Артынан топырақ шашу  
Аруағы (жыны) ұстады  
Аруағы артық  
Аруағы аспандады  
Аруағы басты  
Аруағы қозды  
Аруағы көтерді  
Аруағы риза болсын  
Аруағын аяққа басты  
Аруағына сиынды  
Аруақ атасу  
Аруақ атты  
Аруақ демеді  
Аруақ қолшады  
Аруақ қонған  
Аруақ шақырды  
Аруаққа шет болма  
Аруақтанып кетті  
Аруақты жігіт  
Арыстан жүректі  
Арыстандай айбатты  
Ас ауыз тигізді  
Ас ауыз тиді  
Ас беру



Аспан серісі  
Аспаннан түскен төрт кітаптай  
Асығы алшы түспеді  
Асығы алшысынан түсті (түсіп отыр, тұрды, келді)  
Атау-керенді ішкір!  
Аузы дуалады  
Аузына түкіріп қойғандай  
Аузынан ақ ит кіріп, қара (көк) ит шықты  
Ауыз жаласты  
Әзәзіл аздырды  
Әзәзілдің тіліне еру  
Әзірейіл періште  
Әліптің аяғын бағу  
Әулие қолдады  
Әулиеге ат айтты  
Әулиеге түнеді  
Әурейі ұшу  
Баба түкті Шашты Әзіз  
Бағы (бақыты) ашылды  
Бағы байлану  
Бағы жанбады  
Бағы жанды  
Бағы қайтты  
Бағы кесілді  
Бағың ашылмағыр  
Байғазы берді  
Байлар көбейсін  
Бақ кетті  
Бақ қонды  
Бақ құсы қолына қонды  
Бақ құсы ұшты  
Бақ құсым  
Бақсы ойнағы  
Бақыт оты жанды  
Бал ашты  
Бал басы  
Бал жаласып кетті  
Баланың тұсауын кесті  
Бас тоғыз  
Басын айналдырды  
Басынан күн, аяғынан ай тудырды/ оңынан ай, солынан күн тудырды  
Бата алды

Бата берді  
Бата бұзды  
Бауы берік болсын  
Бауыздау құда  
Бөдік айтты  
Бөле қуды  
Бөлеге қалды  
Бөледен қалас бол  
Бей уақыт  
Бей уақыт түн жамылып тілеу  
Бейішке кіргендей  
Бейішке кірді  
Бет алдынан жарылқасын  
Бет жырытты  
Бетін айдай қылды  
Бетін күнге берді  
Бетің тілінгір  
Бетін шиедей қылды  
Бетіне күйе жақты  
Бозқасқа айту  
Бозқасқа шалу  
Бозқасқаның қанымен анттасу  
Бой тұмар  
Босаға аттады  
Босаға аттар  
Босағаға ақтық байла  
Босағаң берік болсын  
Босағасын паналады  
Босағасын шапты  
Бүге-шігесін айыру  
Бүйрегі бүлік ете түсті  
Бүйрегі бұрды  
Бүйрек бұрды жасады  
Білгені бір тоғыз, білмегені тоқсан тоғыз  
Ғайып ерен  
Ғайып ерен, қырық шілтен  
Дәм атсын  
Дәм айдады (бұйырды, жазды, тартты)  
Дәм-тұзы ұрсын  
Дәм-тұз айдады  
Дәмдес болды  
Дәм-тұзы жарасты  
Дәм-тұзына тапсырдым

Дөм-тұзын аттады  
Дәмі таусылды  
Дәулет құсы  
Дем берді  
Дем қонды  
Дем салды  
Дем ұрды  
Дуа қонды  
Дуа қылды  
Дуалы ауыз  
Дуасы дарымады  
Дуасы тиді  
Дуасыз ауыз  
Дұға оқыды (айтты, қылды)  
Дұғаға кіргізді  
Дүние жалған  
Дүниенің төрт бұрышы  
Дін аман  
Дін күтті  
Діннен азды  
Діні қатты  
Дінін бұзды  
Дінін сатты  
Екі басты самұрық құс  
Екі дүние  
Екі иығына екі үкі, басына бір үкі тағып  
Екі көзі төрт болды  
Екі оттың арасында қалды  
Ешкімнің ала жібін аттамады  
Жағына жылан жұмыртақаласын  
Жады бас кісі  
Жады тас  
Жадылап тастады (кетті)  
Жайдың атқан тасындай  
Жай оғындай жайратты  
Жай соққандай (түскендей)  
Жалаң төс  
Жалаң төс, жүнді балақ  
Жалғыз қазық жолықсын  
Жаман көзден аулақ (жырақ) етсін  
Жан алқымға келді  
Жан баурады  
Жан берді

Жан жүгірді  
Жан кетті  
Жан кірді  
Жан қуды  
Жан пида  
Жан таласу  
Жан ұяда болса  
Жанды ұрлады  
Жаннан кетті (безді, күдер үзді)  
Жаннан түнілді  
Жаны ұшып кетті  
Жаны шыға жаздады  
Жаны шықты  
Жанын шүбірекке түйді  
Жаныңа жамандық бермесін  
Жаратқан жаппар құдай  
Жаратқан жар болсын  
Жаратқан ие  
Жаратқан құдай  
Жаратқан төңір  
Жаратқанға (жасағанға) жалбарынды  
Жау бүйрек  
Жауырынға қарады  
Жауырыннан жел өтті  
Жел берді  
Жел (желік) бітті  
Жел тиді  
Желігі басылмады  
Жер ана  
Жер ие  
Жер жүту  
Жерік болу  
Жеті ата  
Жеті ата жау  
Жеті атасына бітпеген  
Жеті атасынан қара көк  
Жеті басты дәу  
Жеті басты айдаһар  
Жеті басты жалмауыз  
Жеті бүзірік  
Жеті дуан ел  
Жеті дүспан  
Жеті жарғы

Жеті жасынан  
Жеті жұрт  
Жеті жұртқа өйгілі  
Жеті жетім  
Жеті күн, жеті түн  
Жеті қабат жер асты  
Жеті қазына  
Жеті қараңғы түн  
Жеті нан құдайы  
Жеті өлшеп, бір кесу  
Жеті тиын садақа  
Жеті тиын нәзір  
Жетісін берді  
Жеті тылсым  
Жеті шәріп  
Жолы байланды  
Жолы болмады  
Жолы қырсықты  
Жолын кесті  
Жолы оң болды  
Жүп шырақ жағу ("жүп шырақ жағам дегені аспаннан соғы  
сенгені от. Оттай иеге арналған тілек")  
Жұлдызға қарады  
Жұлдыздың оны  
Жұлдызы жанды (жарқырады)  
Жұлдызы жарасқан  
Жұлдызы жарқын  
Жұлдызы жоғары  
Жұлдызы қарсы  
Жұлдызы оңынан (солынан) туды  
Жұлдызы сөнді (ұшты)  
Жұлдызы теріс  
Жұлдызы теріс келді (туды)  
Жұлдызы туған  
Жұлдызы түзелді  
Жұлдызы ыстық  
Жүзі қара  
Жүрек жұтқан жүрегінің түгі бар  
Жылан жүрісті  
Жылан қарағы жоқ  
Жылан қараң майы жоқ  
Жыландай тарау  
Жыланы қайтпай отыр

Жыланы қайтты  
Жын ойнағы  
Жын соққыр (қакқыр, тигір, ұрғыр)  
Жын соқты  
Жын(ын) шақырды  
Жыны буган бақсыдай  
Жыны қозды (ұстады, түсті, құрысты)  
Жынын келтірді  
Жынын (сайтанын) қағып алайын  
Жынын (сайтанын) қақты  
Жынын құсты  
Жынын шашты  
Жынына тиді  
Жынынан айрылған (жынын алдырған) бақсыдай  
Жынымен сөйледі  
Жыртысын жыртты  
Жібі босады  
Жібі түзу  
Зікір айтты (салды)  
Ит басына іркіт төгілді  
Ит жанды  
Ит көйлек киген  
Ит көйлекті бұрын тоздырған  
Ит мініп, ирек қамшыла  
Ит тілеуін тіледі  
Ит-құс жолдас болды  
Иттің иесі болса, бөрінің (түлкі) тәнірісі бар  
Көміл пірі жар болды  
Көміл сенді (нанды)  
Көріне ұшырады  
Кетік аяқ сындыру  
Кетік шөміш сындыру (ұлыстың ұлы күні елдің бәрі жүп шырақ жағып, кетік аяқ шөміш сындыратын ырым болған)  
Кеудеге құран ұру  
Кеудесіне (көңіліне) шайтан кірді (ұялады)  
Киелі ата  
Киесі ату  
Киесіне ұшырау  
Көз байлады  
Көз тиді  
Көзінің сұғы өтті  
Көзіңнен қанды жас ақсын  
Көзіңнің оң қырын сал

Көк бөрі  
Көк еркесі  
Көк жұлын  
Көк қасқа  
Көк қасқа айтты  
Көк қасқа айтысып баталасу  
Көк көріне ұшыра  
Көк серек  
Көк соққан  
Көк төңірі  
Көк шешек келгір  
Көкке бақтыкөл иесі қамбар  
Көңілін аққа жорыды  
Көңіліне сайтан кіру  
Көңілін сайтан жаулау  
Көріпкел  
Көсегең көгерсін  
Күл шашты  
Күл шыңқыр  
Күл шыққан адамдай  
Күлі сөнді  
Күліңді суырамын  
Күлің шашылмасын, түңлігің ашылмасын  
Күн байыды  
Күні бітті  
Күн жайлатты  
Күн көрді  
Күн көрсетпеді  
Күн туды  
Күні шықты  
Күннің сөті  
Күнше бат  
Күні батты  
Күні жоқ  
Күні көкте жүзсін  
Күні қарады  
Күні қараң  
Күні өтті (солды)  
Күні толды (жетті)  
Күнін жоқтады  
Күнө арқалады  
Күнәға батты  
Күнәсін кешті

Күнәсін өтеді  
Қабағы тартты  
Қабырғадағы канат  
Қабырғадан қан аққан, толарсаққа мұз қатқан  
Қабырғадан қан кешті  
Қабырғалы қалың ел  
Қабырғаны қаусатты  
Қабырғасы қаңырады (сәгілді)  
Қабырғасы қатқан жоқ (қатпаған)  
Қабырғасы майысты  
Қабырғасымен кеңесті (ақылдасты)  
Қабырғасын күйретті  
Қабырғасына батты  
Қабырғасына қолы батпады  
Қабірден тас алып, төбеге қойып ант ету  
Қабірден тас алып, төбеге қойып моланы айналу  
("Кеңгірбай кабірінен тас алып, бөрі де төбелеріне қойып,  
ант етіп, моланы айналды").  
Қабір тасын төбеге тік көтеріп тұрып серт беру  
Қағынды келгір  
Қадір тұтты  
Қадір түнге жолығар  
Қадір түні  
Қадір түніндей күтті  
Қадірі өтті  
Қазан ұрды (соқты)  
Қазанның құлағын қағып қойған ат  
Қазаның қақ айрылғыр  
Қазаның қақ бөлінгір  
Қайыр берді  
Қайырлы болсын  
Қайырлы сапар  
Қайырлы таң  
Қанға қолын малу  
Қанжыға майлы болсын  
Қанжығаң қан болсын  
Қара байлады  
Қара жеген байлады  
Қара жүрек  
Қара киді  
Қара көңіл  
Қара құмғаннан өту  
Қара қылды қақ жарған  
Қара талақ келгір



Қара шашы жайылсын  
Қара шықты  
Қаралы ат  
Қаралы күн  
Қараны сындыру  
Қарға адым  
Қарға бойлы  
Қарға жүнді қаттас, үйрек жүнді оттас  
Қарға тамырлы  
Қарғам  
Қарын шашы алынбаған  
Қасқыр жүректі  
Қолтыққа су (дем) бүрікті  
Қолына бақыт құсын қондырды  
Қолына қарға тышты  
Қолынан жібек баулы сұңқар ұшты  
Қорықтық құйды  
Қоянның тобығын жұтқан жүйрік  
Құбылаға қарап күн өткізді  
Құдай айдады  
Құдай атқан  
Құдай атымен ант ішті  
Құдай берді  
Құдай жарылқалды  
Құдай тас төбеден ұрсын  
Құдайдың құтты күні  
Құдайы қонақ  
Құлағын шулатты  
Құлшылық қылды  
Құмалақ ашты (салды, тартты)  
Құмалақ құру  
Құмалақ ойнау  
Құмалақ түсу  
Құрбан айт  
Құрбан шалды  
Құрбаны болды  
Құсың қайырлы болсын  
Құт қонды  
Құты қашты  
Қыдыр дарыған (қызыр дарысын)  
Қыдыр қолдады  
Қыз қылығы қырық есекке жүк  
Қызда қырық есекке жүк болатын айла бар  
Қыл көпір

Қыл үстінде тұру  
Қырқар көбейсін  
Қырсық басты  
Қырсық жабысу  
Қырсық ілікті  
Қырсық шалды (тиді)  
Қырық бір шөптің басы болсаң, ақ басты қара қойдың  
қумалағы болсаң  
Қырық жеті (қалың мал)  
Қырық жыл жатқан қылыштың, қынабындай құны жоқ  
Қырық жыл қырғын болса да, ажалы жоқ өлмейді  
Қырық қазанның құлағын тістеген  
Қырық кісі бір жақ, қыңыр кісі бір жақ  
Қырықтың бірі қыдыр  
Қырықтың қылауынан  
Лағынет айтты (жаудырды, оқыды)  
Лағынет тисін  
Мал сілекей алды  
Мал сілекей қалды  
Маңдайға жазды  
Маңдайға жазғанды көру  
Маңдайы ашық  
Маңдайы ашылды  
Маңдайы жарқын  
Маңдайы жарылған  
Маңдайынан жарылқасын  
Маңдайының бағы бар  
Мойнына арқан салды  
Мойнына белбеуін салып тігеді  
Мойнына бұршақ салды (салып тігеді)  
Мойынға шылбыр салып тілек тілеу  
Мірдің оғындай  
Нәубет келді  
Неке суын ішті  
Некесін бұзды  
Несібесі суалды  
Несібесіне берген (жазған)  
Ниеті ақ  
Ниеті қара  
О дүниеге кетті  
О дүниеге сапар шекті  
Обал болды  
Обалы жоқ  
Обалы жібермегір

Обалы мойнында  
Оқ тістесті  
Оң батасын алда  
Он екі құрсау тез айыр  
Он екі саққа  
Он екі тұтам  
Он екіде бір гүлі ашылмаған  
Он екіде бір нұсқа жоқ  
Оң жағына қондырды  
Оң жағыңмен (ағыңмен) тұрған екенсің  
Оң жақ  
Оң жақтан айы, сол жақтан күні туды  
Оң жақтың қызығын көрді  
Оң жол  
Оң қабағы тарту  
Оң қабағын берді  
Оң қарады  
Оң карамады  
Оң көзі  
Оң көзі тарту  
Оң көзімен қарады  
Оң қолы болды  
Оңға баспады  
Ордалы жылан  
От ана, май ана жарылқа  
От аттайын  
От басы  
От берді  
От соққан  
От соқсын  
Отқа күймеді  
Отқа құяр  
Отқа табынды  
Отқа шақыру  
Отын өшірді  
Отына күйді  
Өзімен кетсін  
Өкпесін ала жүгірді  
Өкпесін аузына тістеп айтысты  
Өкпесін қолына алып жетті  
Өліара  
Өлі аруақ  
Өлі-тірісін берді  
Өркенің өссін

Пайғамбар жасына келген кісі  
Пайғамбар жасында  
Пәле жабысу  
Пәле жауғызды  
Пәле қону  
Пәле шақырды  
Пәлеге жолықты  
Пәледен машайық қашқан  
Пәледен сақтады  
Пейілі ақ  
Пері соққан (тиген)  
Періштенің құлағына шалынсын  
Пешенеден көрді  
Пешенесіне жазбаған  
Пір тұтты  
Пірге арқа берді  
Пірге қол берді  
Пірдің сөзін тұтынды  
Пірі қолдады  
Пірлерге сынды  
Ризық асты  
Сайтан азғырды  
Сайтан арбады  
Сайтан тиді  
Сайтан түртті  
Сайтан ұялады  
Сайтанның тіліне ерді  
Салқыны тиді  
Сауысқандай сақ  
Сәрсенбінің сәтінде  
Соңынан күл шашты  
Сор айдады  
Сор түрітті  
Сөзі мірдің оғындай  
Су иесі Сүлеймен  
Судың да сұрауы бар  
Суы катты  
Суын тапты  
Сүйек жақын болды  
Сүйек жаңғыртты  
Сүйек қас  
Сүйекке таңба болды  
Сусамыр болғыр  
Сүт көп, көмір аз

Сүтін ақтады  
Сүттей жарық  
Табаныңнан тартылғыр  
Таны атты  
Тасы өрге домалады  
Тауы қайтты (шағылды)  
Төңір ақысы  
Төңір алсын  
Төңір атсын  
Төңір жазды  
Төңір жарылқасын  
Төңір жолы  
Төңір серісі  
Төңір тас төбеңнен ұрсын!  
Төңір тілеуің берсін  
Төңірге аян  
Төңірден тап  
Теріс азу  
Теріс айналды  
Теріс бата  
Теріс жол  
Теріс қабак білдірді  
Теріс көзбен қарады  
Теріс көрді  
Теріс сермеді  
Тоғыз айып  
Тоғыз айып тартты  
Тоғыз жолдың торабы  
Тоғыз қатынның толғағы қатар келді  
Тоғыз көзді кіреуке  
Тоғыз құмалақ  
Тоғыз оғыз  
Тоғыз сакқа жүгіртті  
Тоғыз таңбалы  
Тоғыз тарту (сый)  
Тоғыз татар  
Тоғыз тулы  
Тоғыз тұрып, тоқсан толғанды  
Тоғызын тондыққа келтіріп ішті  
Тозақ отына күйді  
Тозаққа түсті  
Тозақтан құтқарды  
Тозақтың оты  
Тойған үйге тоғыз бар

Топан су  
Топырағы ауыр  
Топырағы жеңіл  
Төбеңді көрмегір  
Төрт құбыла  
Туған айдай  
Тұз татты  
Тұзын ақтады  
Тұзын көтерді  
Тұзын татты  
Тұзына тышты  
Тұсау кесер  
Тұсауын кесті  
Түндікті оңынан ашты  
Түтін басы  
Түтіні бір жерден шықты  
Түтіні тұзу екен  
Түтіні тұзу шықты  
Түтінін түтетті  
Тықыр таянды  
Тырнағын жалады  
Тізесін құшақтап қалды  
Тіл-аузым тасқа  
Тіл байланды / тілі байланды  
Тіл тиді  
Тіл-аузын буды (байлады)  
Тілі буылды  
Тілі мірдің оғындай  
Тілі шешілді  
Тілінді тәңір кессін  
Тіліңе теріскен (шиқан, күйдіргі) шықсын  
Үш тоғыз  
Үрейі ұшты  
Шашын жайды  
Шашың жайылғыр  
Шешек шыққыр (келгір)  
Шөбің жапырылмасын  
Шөп басын сындырды  
Шүлен етті  
Шүлен таратты  
Шыбын жан  
Шыбын жаны мұрнының ұшына келді  
Шыбыны ұшты  
Шыбыны шырқырады

## МАЗМҰНЫ

<b>1. Этнолингвистика және діни лексиканың зерттелуі</b> .....	3
1.1. Этнолингвистиканың зерттелуі .....	3
1.2. Діни лексиканы этнолингвистикалық түрғыдан зерттеудің ерекшелігі .....	8
1.3. Діни лексиканың этнолингвистикалық аспектілері .....	10
1.4. Діни наным-сенімнің қоғамдық рөлі және оның ерекшелігі .....	12
<b>2. Ертедегі діни наным-сенімдер және оның тілдегі көрінісі</b> .....	16
2.1. Тотемизм .....	16
2.1.1. Құс тотемдері .....	20
2.1.2. Аң тотемдері .....	30
2.2. Фетишизм .....	38
2.2.1. Күнге табыну .....	38
2.2.2. Айға табыну .....	43
2.2.3. Жұлдызға табыну .....	52
2.2.4. Отқа табыну .....	60
2.3. Анимизм .....	69
2.3.1. Манихеизм және шамандық .....	71
2.3.2. Магия .....	76
2.3.3. Бақсы-балгерлік .....	84
<b>3. Халықтық дәстүрлі діндер және оның тілдегі көрінісі</b> .....	94
3.1. Будда діні .....	94
3.2. Христиан діні .....	100
3.3. Ислам діні .....	103
<b>4. Киелі сандар жүйесіндегі халықтық дүниетаным</b> .....	110
4.1. “Жеті” саны .....	113
4.2. “Тоғыз” саны .....	127
4.3. “Қырық” саны .....	137
<b>Қосымша</b> .....	149

**“Арыс” қорының президенті  
Ғарифолла ӘНЕС**

**Қайрат ҒАБИТХАНҰЛЫ**

**ҚАЗАҚ МИФОЛОГИЯСЫНЫҢ  
ТІЛДЕГІ КӨРІНІСІ**

Редакторы Ш.Жамықаева  
Тех. редакторы Ә.Момынова  
Суретші С.Ақылов

**ИБ № 80**

Терімге 03.02.2006 жіберілді. Басуға 05.03.2006.  
қол қойылды. Пішімі 84х108 1/32. Офсеттік қағаз.  
Шартты баспа табағы 10,5. Есепті баспа табағы 11,0.  
Таралымы 1000. Тапсырыс

050010, Алматы  
Құрманғазы, 29  
“Арыс” баспасы  
тел./факс: 616 628, 616 692  
E-mail: aris@nursat.kz



### **Ардақты Алаш азаматтары!**

*Бұл кітапты сатып алып, «АРЫС» қорының ісі оңға басуына үлес қосқан Сізге мың да бір рақмет! Репрессияға ұшыраған Қазақстан зиялыларының мұрасын зерттейтін «АРЫС» қоры жазықсыз жазаланып, аттары аталмай, көпшілік жадынан өше бастаған біртуар азаматтарымыздың мұрасын жинап, еңбектерін жарыққа шығарады; ескерткіш, мүсіндерін жасап, музейлерін жабдықтайды; арыстарымыздың өмірі мен творчествосын насихаттаушыларға жәрдем беріп, мерейтойларын өткізуге атсалысады; ардақтыларынан ажырап қалған шаңырақтарға қайырымдылық көмек көрсетеді.*

*Қор жанындағы «АРЫС» баспасы  
Сіздің түрлі мәдени тапсырыстарыңызды  
тез әрі сапалы орындап береді*

*050010, г. Алматы  
ул. Курмангазы, 29 (уг. ул. А.Пушкина),  
каб. 418-421  
тел./факс: 616 628, 616 692  
E-mail: aris@nursat.kz*



**АРЫС**



Қайрат ҒАБИТХАНҰЛЫ

ҚАЗАҚ МИФОЛОГИЯСЫНЫҢ  
ТІЛДЕГІ КӨРІНІСІ

